Широкое распространение электронных услуг способствует минимизации прямых контактов населения и чиновников, ведет к снижению коррупции, упрощению административных процедур и экономии времени. На современном этапе идет переосмысление парадигмы государственного управления, что вызвано глобальными социальными реформами, осуществляемыми в разных странах. Процессы трансформации привели к переходу цивилизации на постиндустриальные рельсы. Общество становится все более информационно открытым, при этом происходит принципиальное обновление понимания роли государственного управления, его социальной обусловленности, масштабности и эффективности.

На современном этапе развития административной системы сильная централизация исполнительной власти начала играть в определенной степени роль сдерживающего фактора в последующем развитии страны. Если сильная централизация исполнительной власти, имевшая место в первые годы независимости Казахстана, была оправданной, то в среднесрочной перспективе излишняя централизация исполнительной власти, по всей видимости, будет сдерживать развитие страны, создавая опасность стратегического отставания.

Этот факт говорит в пользу необходимости дальнейшего постепенного перехода к передовым реформам, которые закономерно закрепляют успех основных реформ. Тем самым, проведенные основные реформы фактически сформировали ряд благоприятных условий для дальнейшего развития административной системы.

Вместе с тем следует заметить, что в процессе реформирования возникают проблемные узлы, образованные теми или иными системными сбоями, способные существенно влиять не только на качество процесса реформирования, но даже на его цели. Так, например, распределение функций между областным, районным (городским) и сельским уровнями власти на сегодняшний день предоставлено областному уровню и зачастую принимает централизованную схему управления. То есть переданные из центра полномочия остались на областном уровне, что не в полной мере соответствует идеологии проводимых реформ.

Поэтому, исходя из необходимости дальнейшего повышения эффективности государственного управления, приоритетными становятся вопросы более четкого разграничения функций между всеми уровнями власти, дальнейшего переноса центра проведения реформ на нижние уровни местного государственного управления.

Следует подчеркнуть, что основные реформы, проведенные в республике, еще не закончены полностью и требуют логического продолжения. Тем не менее, учитывая достаточную свободу для маневра дальнейшего реформирования, можно отметить, что Казахстан в определенной степени уже готов к осуществлению передовых реформ.

Процесс реформирования государственной службы «включен» в контекст административной реформы. В этой связи 13 января 2007 года был принят Указ Президента Республики Казахстан № 273, который конкретизировал цели,

принципы и приоритетные направления модернизации системы государственного управления [6].

Решение важных задач, поставленных в последнем Послании главы государства народу Казахстана «Новое десятилетие – новый экономический подъем – новые возможности Казахстана» требует модернизации всей системы государственной службы, что обусловлено предложенной 10-летней программой развития Казахстана в самый сложный момент передела глобального экономического и политического влияния и смены исторических эпох [7].

Как известно, казахстанская модель государственной службы построена на принципах меритократии (личных заслуг), которая в свою очередь базируется на приеме на государственную службу из следующих сегментов: конкурсный отбор; казахстанский патриотизм; разделения должностей на политические и административные; на равной оплате труда за выполнение равнозначной работы; стимулировании профессионального роста; соблюдения этических норм.

В своем последнем Послании народу Казахстана в 2014 году под названием «Казахстанский путь – 2050: Единая цель, единые интересы, единое будущее», глава государства призвал давать больше самостоятельности органам управления на местах и усилить ответственность государственных служащих за результаты подотчетности перед населением. Он еще раз подчеркнул необходимость внедрения принципа меритократии в кадровую политику государственных предприятий, национальных компаний и бюджетных организаций.

Как отметил Н.А. Назарбаева “Это требует полной концентрации сил и внимания. Каждое министерство и ведомство, акимат должен знать кадры должны соответствовать этому. Должны работать люди соответствующие, понимающие и поддерживающие кадровую политику, потому что другого у нас выхода нет. Мы вместе с Советским союзом отстали от Запада на 50 лет. Мы все это знаем. И если мы не хотим быть на задворках в мировой экономике, мы должны это сделать. Мы должны перепрыгнуть этот барьер, и я абсолютно верю в это. Казахстан готов к решению этих задач”[8].

Таким образом, реформирование государственной службы в Казахстане как важнейшего института государственности страны, является вопросом большой политической значимости. Без создания эффективной и профессиональной кадровой службы политическая система страны не может быть устойчивой, стабильной и готовой ответить на самые последние вызовы и требования современного мира.

Список литературы

- 1 Назарбаев Н.А. Модернизация государственного управления на принципах корпоративного управления, транспарентности и подотчетности обществу будущее // Казахстанская правда. - 2006. - 2 сентября.
- 2 Назарбаев Н.А. Послание Президента народу Казахстана «Новый Казахстан в новом мире» // Казахстанская правда. 2007. - 28 февраля.
- 3 Об утверждении реестра государственных услуг, оказываемых физическим и юридическим лицам./ Постановление Правительства от 30.06.2007. - № 561: [электронный ресурс] – Режим доступа – URL: <http://www.pavlodar.com/zakon/?dok=03740&ogl=all> - (дата обращения 11.01.2014).
- 4 [Электр. ресурс] – Режим доступа URL: <http://zakon.kz/our/news.asp?id=30085537> - (дата обращения 31.07.2012).
- 5 Нурмагамбетов А.А., Алияров Е.К. Проблема формирования электронного правительства (зарубежный опыт и Казахстан) // Аналитик. - 2005. - № 2 (26). - С.35.
- 6 Указ Президента Республики Казахстан, № 273 // Казахстанская правда. - 2007. -14 января. -С. 1.
- 7 Назарбаев Н.А. Новое десятилетие – новый экономический подъем – новые возможности Казахстана: Послание Президента народу Казахстана // Казахстанская правда. - 2010. - 30 января.
- 8 Назарбаев Н.А. Послание народу Казахстана – 2014. «Казахстанский путь – 2050: Единая цель, единые интересы, единое будущее // Казахстанская правда. - 2014. - 18 января.-С.1.

Әділханұлы Н., Мулюкова Н.А.

Қазақстан Президентінің халыққа жолдауы шеңберінде мемлекеттік қызметі реформалау

Бұл мақалада Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі жүйесінің реформалау және оны әлемдегі замануи талаптарына сәйкес келуінің жолдары қарастырылған. Авторлар Қазақстанның мемлекеттілігінің қалыптасуына әсер ететін әкімшілік саласындағы қайта құрастыру мен даму мәселелері ерекше көңіл бөлген.

Adilkhanuly N., Mulyukova N.A.

Civil service reform in the context of the Kazakhstan President's addresses to the nation

This article examines the compliance of reforming the civil service system of the Republic of Kazakhstan with modern international standards and requirements. The authors paid special attention to the processes of development and improvement of administrative spheres as an important direction of strengthening the country's statehood.

ПЕДАГОГИКА ӘДІСНАМАСЫНЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Мақалада педагогика мен философияның өзара байланысы, педагогиканың философиялық негіздері және әдіснамасы қарастырылады. Сонымен қатар неомарксизм, экзистенциализм, феноменология, структурализм, прагматизм, герменевтика, аналитикалық философия, персонализм, постмодернизм, философиялық антропология ұғымдарына сипаттама беріледі.

Тірек сөздер: әдіснама, философиялық негіздер, педагогикалық ойлар, философиялық антропология, педагогиканың философиялық бағдарлары, педагогика мен философияның өзара байланысы

Ғылымда әдіснама (кең мағынада) деп шындық болмысты құрудың ұстанымдарын танып білудің формалары мен тәсілдері туралы ілімді айтады. Кез келген ғылымның әдіснамасы реттеушілік және нормативтік қызмет атқарады. Реттеуші қызмет зерттеу әрекетін ұйымдастыруға мүмкіндік береді, ал нормативтік қызмет ол әрекетті нормаға келтіреді. Тұтас алғанда, әдіснамалық құрылымдар таным үдерісінің іргетасы, әрі өте күрделі көпдеңгейлі, зерттеушілік бастамалардың бірізділігін, қарқынын анықтайды, зерттеу барысында алынған білімдерді түсіндірудің көкжиегін белгілейді.

Педагогикадағы кез келген әдіснамалық құрылғы оның философиялық негіздері болып табылады. Философия сонымен адам болмысының мәселелерін кең арнада қарастыра отырып, педагогикаға бағдар болып табылады. Қазіргі философия біркелкі емес, онда түрлі және бәсекелес ағымдар, бағыттар, мектептер, ілімдер бар. Білім берудің жаңа парадигмасының пайда болуы мәдени-өркениеттің дамуының негізгі көрінісі болып табылады. Білім берудің жаңа парадигмасын практикада жүзеге асыру үшін педагогтің кәсіби-зерттеушілік мәдениетін қалыптастыру қажет. Педагогтің кәсіби-зерттеушілік мәдениетін және инновациялық құзыреттілігін қалыптастыру: әлемдік бәсекеге қабілетті білім беруді жүзеге асыратын жаңа парадигманың қоғамды дамытудағы үлесі, жалпы орта білім беретін және жоғары мектептердегі инновациялық реформаларды жүзеге асыру, білім беру саласындағы инновациялық өзгерістер, оқу-тәрбие үрдісіне жаңа ақпараттық, коммуникациялық технологияларды кеңінен пайдалану және т.б. Педагогтің зерттеушілік әлеуетін қалыптастыру білім беру теориясын түсінуге мүмкіндік беретін философиялық және білім беру практикасында өзінің идеясын жүзеге асыруға көмектесетін практикалық бағыттылығы бар әдіснамалық білімдер жиынтығын құрайды [1].

Педагогика және философия. Философиямен байланыс – педагогикалық ойлардың дамуының бұлтартпас шарты. Философиялық білімдер педагогикалық зерттеуді әдіснамалық қамтамасыз етудің құрамына кіреді. Олар теориялық зерттеу – тәжірибемен тікелей, педагогикалық болмыспен – жанама, ал философиямен тікелей байланыста болатындықтан, педагогикалық теорияны құру үшін керек. Бірақ философия мен педагогиканың арақатынасы мәселесінде бәрі анық десек, дұрыс болмаған болар еді. Соңғы жиырма жылдықта біздің санамызда көлемді ұғыммен аталатын құндылықтар жүйесін құрайтын дүниетанымдық пайымдау өзгерді. Бір-ақ нәрсе қалды – педагогикадағы философиялық тұжырымдардың орнына келген екі тарихи шартты көзқарастар қалды [2, с.49-50].

Біріншіден, бұған, педагогиканы «қолданбалы философияға» жатқызуға ұмтылатындар енеді. *Екіншіден*, керісінше, философиядан педагогиканы бөліп қарастыруды ұсынатындар жатады.

Бұл екі көзқарасты да тарихи тұрғыдан түсіндіруге болады. Педагогика басқа ғылымдар сияқты, ерте кезден философиялық жүйенің бір бөлігі болып келді. Оның ғылым ретінде философиядан “бөлектенуі” басқа ғылымдармен қатарлас болды. Бірінші көзқарасты білдірушілер пікірінше, педагогиканы білімнің практикалық қолданбалы саласы ғана деп білуін философиялық ғылымдар – этика, логика, эстетика тәрбиенің мақсаттарын жалпылама қарастырудан деп түсіндірді. Екінші бағытты қолдаушылар педагогикада философиядан бас тартуға әрекеттенуде. Олар ХІХ ғ. аяғында, бірінші үрдіс өз күшінде тұрғанда әрекеттенді. Бұл екі бағыт бүгін де педагогикада қатар өмір сүруде.

Бұл мәнді сұрақтарға көзқарастағы айырмашылықтар педагогикалық зерттеулердің барысына, нәтижелеріне және бағасына мәнді әсер ететіндіктен, бұл екі бағыттың көріністерін тәптіштеп қарастыру керек.

Педагогиканың философиямен байланысы. Қазіргі күні философияның педагогикада әдіснамалық қызмет атқаратыны күдік тудырмайды, алайда, осы заманғы жағдайда педагогиканың пәнаралық байланысы жанаша даму үстінде. Бұл үрдістің ХХ ғ. ортасында басталуы ойлау қызметінің бөліп қарауға, оқытуға және дамытуға мүмкін ортақ үлгісі болатындығын Мәскеу әдіснамалық үйірмесі жұмысының нәтижелері дәлелдеді. Осы көзқарасқа сәйкес әдіснама қызметі ойлау және ойлау қызметі рәсімдерін ұйымдастырумен байланысты туындайды.

Педагогика ғылымын дамытудағы басты (беталыс) үдеріс – объективті түрде жаңа педагогикалық білімді іздеу. Философияда да мұндай үдеріс бар және оның мәнісі – осы білімді және оның басқа ғылыми білімдер арасындағы орнын іздеу болып табылады. Осылайша, философия ғылымда бар әдістер «жұмыс істемегенде», әдіснама ретінде қажет болмақ. Философия ғылымды іздену бағытымен қамтамасыз етеді, өзіндік әдіснамасын жасауға көмектеседі. Осымен философияның

міндеті аяқталады. Нақтылы ғылыми зерттеулермен ол айналыспайды. Бұл философия ілімінің өз сипатына байланысты.

Педагогикадағы пайда болған жаңа әдіснамалық бағдарлар ғылыми танылған соң педагогтардың танымдық және тәжірибелік қызметінің логикасына әсер етеді, яғни әзірге қайта қарауға жатпайтын шүбәсіз білімге айналады. Екінші мыңжылдықтың соңындағы оқиғалар дәл қазір осындай сәт туғанын көрсетеді [2, с. 50-51].

Философтар ғылымның әдіснамасының іргелі мәселелерін және жеке ғылым салаларының әдіснамалық пайымдауларын зерттеуде: *диалектиканың, логиканың және таным теориясының бірлігі* (М.Ж.Әбділдин, Б.М.Кедров, П.В. Копнин және басқалар); *материалистік диалектиканың категориялар жүйесін* (А.Н. Нысанбаев, А.П. Шептулин, Ф.И. Георгиев, А.Е. Фурман және басқалар); *қарама-қайшылықтың бірлігі мен күресі заңы* (С.П. Дудель, В.П.Тугаринов, Ф.Ф. Вяккерров және т.б.); *тарихилық пен логикалықтың өзара қарым-қатынасы* (А.Г.Спиркин, М.Н. Алексеев, С. Добриянов); *теориялық жүйені құру ұстанымдары* (А.И. Ракитов, П.В.Йолон, В.Н.Голованов, М.Ш.Хасанов); *жаратылыстану ғылымы саласындағы диалектиканың мәселелері* (М.С.Сабитов, В.А.Фох, М.Э.Омельяновский, А.Д.Александров, П.К. Анохин, Н.П. Дубинин және басқалар), *қоғамдық ғылымдардағы диалектикалық мәселелер* (П.Н.Федосеев, Ф.В.Константинов, А.М. Румянцев және т. б.). Бұл талдаудан жеке ғылымдардың әдіснамалық мәселелері мен танымның жалпы әдіснамасының жасалуының өзара шартты байланысты екендігі көрініп-ақ тұр. Сонымен, *ғылым әдіснамасы* – ғылыми білімнің құрылымын, негіздеу және даму әдістерін, ғылыми танымның әдістері мен құралдарын зерттейтін ғылымтанудың бөлімі.

XX ғасырда философия ғылымы танымды мәдени-әлеуметтік феномен ретінде қарастырады. Оның негізгі мақсатына ғылыми білімді қалыптастыру әдісінің тарихи өзгерісі, ғылыми білімді қалыптастыру жолдары мен осы үрдіске мәдени әлеуметтік факторлардың әсерлері қандай екенін зерттеу кіреді. Ғалымдар В.С. Степин, В.Г. Горохов, М.А.Розов өздерінің “Ғылым мен техника философиясы” атты оқу құралында ғылыми танымның ерекшеліктерін, оның қазіргі өркениеттегі алатын орны, ғылыми революциялар мен ғылыми өнертапқыштың келу кезендерін сипаттайды (1996 ж).

Педагогиканың әлем назарындағы философиялық бағдарлары: *Неомарксизм, Экзистенциализм, Феноменология, Структурализм, Прагматизм, Герменевтика, Аналитикалық философия, Персонализм, Постмодернизм, Философиялық антропология* [3 - 4] (Қараңыз: Кесте 1).

Кесте 1 - Педагогиканың философиялық бағдарлары

№ п/п	Философиялық бағдар	Мазмұны
1	2	3
1	Жаңа марксизм (В.И. Ленин, Н.К. Крупская, А.В.Луначарский, П.П. Блонский, С.Т. Шацкий, А.С. Макаренко)	<p>Философиялық ағым ретінде марксизм, яғни Карл Маркстің ілімі XX ғасырдың әлеуметтік және экономикалық ойының тағдырына мәнді әсер етті. Неомарксизм – адам мен қоғамның болмысының заңдылықтарын жете білуге ұмтылған, Маркс ұсынған әлеуметтік және экономикалық құбылыстарды түсіндіру моделіне сүйенген ерекше ілім. Неомарксизмді Маркстің құрылымдарына сүйенбей түсіну мүмкін емес. Маркс дүниетанудың діни және метафизикалық үлгілерін, ондағы адам орнын елес және аңыз деп білді. Маркс шындық болмысты тек материалистік тұрғыдан қарастырды. Маркстің әлеуметтік-педагогикалық көзқарасында өндіріс күштері өндірістік қатынастардан озып дамиды деген тұжырым жатты. Бұл қайшылықты тек революциялық жолмен шешуге болады деп түсінді. Адамзаттың экономикалық тарихы – өндіріс тәсілінің ауысуы – тарихты материалистік тұрғыдан түсіндіру құралы болды. Адамзат әлеуметтік антогонистік қайшылықтарға негізделгенін азиаттық, антиктік, феодалдық, буржуазиялық өндіріс тәсілдерін бастан кешірді. Марксизм буржуазиялық қоғамды пролетариат қозғалысы жояды деген пікірін ұсынды. Таптық жіктеуден арылған коммунистік идеология мемлекет өмірінің барлық саясатын анықтады. Марксизмді В.И.Ленин дамытып, Совет Одағында марксизм-ленинизм ғылыми-зерттеу ізденістерінің негізі қаланды. Материалистік диалектика, таным теориясы, диалектикалық логика, ғылым әдіснамасы мәселелерін зерттеуде Э.В.Ильенков, М.М.Розенталь, П.В.Копнин және адамтануда – Б.Г.Ананьев, Д.Н.Узнадзе, А.Н.Леонтьев, А.Р.Лурье, С.Л.Рубинштейн және басқалар іргелі және өзіндік нәтижелерге қол жеткізді.</p> <p>Марксизмнің теориялық көздері: немістік философия, ағылшындық саяси экономия, француздық утопиялық социализм еді. Марксизм өзара байланысты үш құрамдас бөліктен тұрады: диалектикалық және тарихи материализм, саяси экономия және ғылыми коммунизм.</p> <p>В.И.Лениннің марксистік философияға қосқан үлесі – оның негізі болып табылатын таным теориясын, шындық туралы ілімін, диалектиканың заңдары мен категорияларын түсінуді тереңдетуі. Ол материалистік диалектиканы қоғам дамуының</p>

1 Кестенің жалғасы

1	2	3
		<p>мәселелеріне қолданудың классикалық үлгісін берді. XX ғасырда жаңа марксистік көзқарастар педагогика ғылымының ізденістеріне өзінің дүниетанымдық және әдіснамалық бірегейлігімен әсер етті. Батыста сыни педагогиканы дамытты. Кеңес одағында педагогика XX ғасырдың 80-жылдары марксистік ілімге құрылды, коммунистік тәрбиені негіздеді.</p>
2	Экзистенциализм	<p>Экзистенциализм – нақты болмыстағы жекетұлғалық адам тірлігіне негізделген философиялық ілім. Ойлаудың бұл тәсілі Декарт философиясына һәм барлық рационалды жүйелерге қарсы, бұл адам философиясының ақыл мен идея философиясына деген тойтарысы. Сартрдың әйгілі тұжырымын еске түсірсек, «тірлік ету мәннен бұрын пайда болады». Адам өз-өзінен не жасаса, сол болғаны. Басқаша айтқанда, бар болу дегеніңіз-өз-өзіңе еркін міндет жүктеу арқылы өзінді таңдау. Бұл еріктіліктен бас тарту мүмкін емес, себебі бұл толық еркіндік, адам тек еркіндік үшін жаралған. Міне, осыдан оның метофизикалық жан түршігуі ол өзінің жоқтан пайда болғанын сезінумен қатар мағынаға жетудегі таңдау көмескілігін де сезінеді.</p> <p>Тарихи тұрғыдан келсек, экзистенциализм ұғымын Хайдеггер өзінің 1927ж. «Болмыс пен уақыт» деген жұмысында ұсынған. Оны Яспер «Тірлік ету философиясы» деген шығармасында (1938) қолдаған. Бұл ағымның Франциядағы өкілдері ретінде Марсель, Мерло-Понти және әсіресе Сартрды атауға болады. Әдетте, Э. философиясын екі бағытқа бөледі. Христиандық Э.(Ясперс,Марсель) және атеистік Э.(Сартр,Камю).</p>
3	Феноменология	<p>Феноменология – 20 ғасыр философиясының ықпалды бағыты. Ф.-ның тура мағынасы құбылыстарды суреттеу немесе зерттеу. Ф. классикалық бағытқа айналуы Э.Гуссерльдің есіміне байланысты. Ф. ұстанымдары бойынша, әлем дегеніміз-әлемнің санада құбылуы. Зерттеушінің назары әлемге емес, әлемдегі заттарға емес, соларды ұғынудағы сананың әрекетіне аударылуға тиіс. Әлемнің санада құбылуы феномен деп аталады. Болмыс оның санадағы құбылуы ретінде алынғанда ғана біз нағыз танымға таза ақиқатқа жетеміз. Сананың басты сипаты ретінде Ф. интенция саналады. Интенция дегеніміз- сананың затқа бағытталуы. Егер жоғарыда санадан тыс болмыс жоқ десек, іс жүзінде таза сананың болуы да мүмкін емес.</p>

1 Кестенің жалғасы

1	2	3
		<p>Сана тек бір нәрсе жөніндегі сана ретінде тірлік етеді. Заттың санада берілуі емес, сананың затты қабылдау нұсқасы қымбат. Міне, осыны түсінгенде ғана ф-лық редукция жасалады. Ондай жағдайда өзге әлемнің бәрі жақшаға шығарылып, зерттеуші оның санадағы бейнесімен ғана қалады. Осы бейнені зерделеу барысы интенционалдық талдау деп аталады. Мұндай талдаудың негізінде, бір жағынан, белгілі мағнасы бар сананың объектісі бөлінсе, екінші жағынан, құбылудың өзгермелі тәсілі, сананың өзгермелі нұсқалары дараланады. Бұл бір-бірімен тәуелді құбылыстарды Гуссерль ноэзис және ноэма деп атайды. Ноэзис - сананың интенционалды нұсқасы, ноэма – санаға өзгеріс енгізетін оның нақты мағынасы. Сөйтіп, феноменологиялық редукция арқылы сананың ноэтикалық және ноэматикалық құрылымын суреттеуге болады.</p>
4	Структу- рализм	<p>Структурализм (лат. structure – құрылым, байланыс, рет) – 20 ғ. 20ж. бастап гуманитарлық білімдер (лингвистика, әдебиеттану, тарих, этнография және т.б.) саласында қалыптасып келе жетқан бағыт. Бұл бағыттың ерекшелігі оның құрылымдық тәсілді, модельдеуді, семиотика элементтерін пайдалануында жатыр. С.-нің зерттеу нысанасы – белгілер жүйесінен құрастырылған мәдениет (тіл, ғылым, өнер, мифология, салт-дәстүр, мода, жарнама, және т.б.). Бұл бағыттың С. деп аталу себебі де оның мәдениеттің түрлі салаларындағы құрылымдарды тауып, суреттеу мақсатымен тікелей байланысты. С. өзінің даму барысында бірнеше эволюциялық сатылардан өтті: біріншіден, құрылымдық лингвистикада С.-нің өзіндік тәсілі пайда болады: екіншіден, философиялық С. дүниеге келді: үшіншіден, С. постструктурализм мен мәтін семиотикасына ыдырап кетті.. 50-60 жж. әсіресе Францияда шарықтап шықты. С. сол кезеңнің өктем интеллектуалдық парадигмасына айналды. К. Леви-Строс француз С.-нің негізін қалаушы болып есептеледі. Өйткені ол тілдің жүйелік талқыламасын өзінің антропологиялық ізденістерінде алғашқылардың бірі болып қолданды.</p>
5	Прагма тизм (Чарлз Пирс, Уильям Джеймс, Джон Дьюи)	<p>Прагматизм философиялық бағыт ретінде Америкада пайда болды. Адам әрекетін философиялық түсінудің негізінде шындық болмысты, ойлау типін басқаша пайымдарын ұсынды. Адам әрекеті өзін қамтамасыз ететін ойлау құрылымдары, сана тетіктері тұрғысынан зерделенуі керек деп тапты. Пирс дедукция мен индукцияны пайдалану үлгілерін зерделеді. Ол негіздеудің абдукция сияқты тәсілін</p>

1 Кестенің жалғасы

1	2	3
		<p>ұсынды. Оның ойынша индукция мен дедукция абдукция арқылы бірігеді. У.Джеймс біздің әрқайсысымыздың өз философиямыз бар деді. Джеймс танымның басты тұрғысы тәжірибе деп санады. У.Джеймстің «мұғаліммен психология туралы әңгімелер» атты кітабы әлі күнге дейін өзекті еңбек. Белгілі американдық ойшыл Джон Дьюи өмір бойы психологиямен, білім беру философиясымен, педагогикамен айналысты. Ол мектепті өмірдің ерекше формасы деп атады. Мектептің негізгі міндеті – өмірлік жағдаяттарды шешу дағдыларын қалыптастыру деп түсінді. Д.Дьюи мен Джеймс үшін философияның негізгі ұғымы – тәжірибе. Білім берудегі прагматизмнің негізгі тезисі: «Мектеп – өмір құралы». Негізгі ұғымдары – «тәжірибе, іс». Білім адам қабілеттерін дамытуға қызмет көрсетеді, практикалық әрекет барысында алынған білім адамға пайдалы деп қорытады. Мектеп балаға білім беріп қана қоймай, оны қоғамдағы өмірге даярлауы керек. Прагматизмнің маңызды қағидасы – әрбір адамның табиғи, генетикалық оқшаулығында деген идея. Бұл идея педагогикада педоцентризм ілімін негіздеуге мүмкіндік берді.</p>
6	Герменевтика	<p>Герменевтика (грек. Hermeneutike – түсіндіру өнері) – алғашқы мазмұнында көрнекіліктен немесе көпмаңыздылықтан түсініксіз мәтіндерді түсіндіру өнері және ілімі. Г. ежелгі антиктік дәуірде көне ақындардың (ең алдымен – Гомердің) шығармаларындағы рәміздерді, таңбаларды, құпиялап айтуларды түсіндіру тәсілі ретінде қалыптасқан. Қазіргі мәдениеттануда Г. «тұлғаны түсінуші тәжірибемен» (Г.Гадамер) байланыстырады. Гадамер бойынша, тарихи құрылымдар мен мәдени деректерді түсіндіру тіл мүмкіндіктеріне негізделген. Табиғи тіл өз мағыналарымен ойын жағдайында болады. Г. міндеті – өзімен өзі тұтас мәтінді дәл жеткізу.</p>
7	Аналитикалық философия (Б.Рассел, Л.Витгенштейн, Г.Фреге және т.б.)	<p>Кез келген философиялық ілімнің екі құрамдас бөлігі бар. Біріншісінде – әлем, ондағы адам орны, адамзат тарихымен даму бағыты мен мазмұны, ізгілік, жақсылық, жамандық, өмірдің мәні, адам болмысындағы әдеміліктің рөлі және т.б. дүниетанымдық түсініктер. Екіншісінде – өз ойларының шындық екендігін келтіретін ойшылдың</p>

1 Кестенің жалғасы

1	2	3
		<p>дәлелдері, пікірлері, пайымдаулары (талдау философиясы). Сонымен талдау философиясы пайда болды. Бұл философиялық бағыттың негізіне талдау әдістерін басым қарастыру тән. Талдауды ойша да жасауға болады. Философия үшін бұл кең таралған әдіс. Талдау – философтардың белгілі бір типіне жататын әрекет. Аналитикалық философия өкілдері философиялық таным алдындағы міндеттерді қайта қарастырады. Оның қысқаша қағидалары:</p> <p>философ дүниетанымдық сызбалар жасамауы керек, оның ісі – нақты мәселелерді талдау;</p> <p>философтың артықшылығы – тиімді дәлелдемелерге сүйену, ішкі күйзелістерге, сезімдік күйлерге жүгіну, философиялық ойлауды әдеби құралдар әлсеретеді; дәлдік және анықтық – философиялық ойлау стилі; философиялық тіл болмысты да, ойды да сәйкес бейнелейді;</p> <p>логикалық талдау қажет, логикалық талдау – философиялық ойлаудың ажырамас бөлігі;</p> <p>философия түрлі ғылымдардың мәліметтерін пайдалану керек;</p> <p>философ нақты ғылыммен айналысатын ғалым емес; философ ұғымдардың, категориялардың табиғатын анықтауы керек.</p> <p>Философ кәдуілгі идеяларды сыни тұрғыдан зерттейді және пайымдайды. Психолог баланың тілді меңгеру үдерісін зерттесе, философ «сөздерге мән не береді?» деп сұрайды. Аналитикалық философия – философиялық ойлау стилі, қолданылатын терминологияның дәлдігін бәрінен де жоғары қоятын ілім. Педагогикадағы ойлаудың дәлдігі, ұғымдық-категориялық аппараттың игерілгендігі қажет болғандықтан аналитикалық философияны зерделеу өте маңызды. Педагогикадағы эмпирикалық-аналитикалық бағыт теориялық педагогиканы педагогикалық білім құрылымы, педагогикалық теория мәртебесі және т.б. зерделеуге итермеледі. Эмприкалық-аналитикалық педагогика ғылымы білімінің ғылымилығы талабын орындауға көмегін тигізді.</p>
8	Персонализм	Персонализм – мәдениеттің басты құндылығы мен шындығы адам болып табылады деген түсінікті басшылыққа алатын 20 ғ. философиялық-

1 Кестенің жалғасы

1	2	3
		<p>мәдениеттанушылық бағыт. П. тұлғаны абсолют ретінде түсінеді. Бұл түсінік тұлғаның еркіндігі идеясына жетелейді. П. тұрғыдағы тұлға үш негізгі белгімен сипатталады: экстериоризация (адамның өзін сыртқы ортада жүзеге асыруы), интериоризация (адамның жан-дүниесіне үңілуі, оның рухани әлемі) және трансценденция (сананың жоғары, құдайлық құндылықтарға – ақиқатқа, сұлулыққа, ізгілікке бағытталуы). Персоналистер тұлғалық қарым-қатынасты адам өмірінің басты мақсаты деп санап, басты назарды соған аударды.</p>
9	Постмодернизм	<p>Постмодернизм – дәл мағынасында модерннен кейінгі, қазіргі заман дегенді білдіреді. «Қазіргі заман» ұғымының нақты анықтамасы жоқ. Жаңа дәуір рационализмі, Ағартушылық дәуірінің ағымы, сондай-ақ 19 ғ. екінші жартысы әдебиет, 20 ғ. басындағы авангард та қазіргі заман ретінде қарастырылуы мүмкін. Сол себепті осы дәуірден кейінгінің бәрін П. деп атайды. П. термині 1917 ж. бастап қолданысқа енгенмен, оның кең таралуы мен терең түсінілуі 1960 ж. басталды. 20 ғ. архитектурадағы стиль атауы ретінде пайда болып, ол кейін әдебиет пен өнердегі өзгерістерді, сол сияқты әлеуметтік-экономикалық, технологиялық және саяси аймақтағы өзгерістерді сипаттау мақсатында қолданылды. Француз философы Ж.Лиотардың «Постмодернизм тағдыры» еңбегінің негізінде П. термин-ұғым статусына ие болды. Ол П. туралы пікірталасты философия мен мәдениет аймағына да таратты. Ол белгілі бір парадигманың үстемдігін жоққа шығарып, орталықсыздандыру ұстанымын орнықтырды. Философияда П. онтология мүмкіндіктерінің сарқылғандығын түсіну ретінде қалыптасады. П.-тік эстетиканың ұстанымдары лабиринт пен ризома болып табылады. П. Батыста индустриалдық қоғамның орнына келген жаңа постиндустриалдық қоғамның серігіне айналды. Енді құнды тауар ақша да емес, билік те емес, ақпарат болып табылады. П. үшін нақты шындық жоқ, тек виртуалды шындық қана бар (П. компьютерлер, видео мен интернеттің гүлденген кезінде пайда болуы да тегін емес). Сондықтан П. мәтіндердің нақтылығы мен олардың плюрализмін бекітеді. Лабиринт ұстанымы бойынша құрылып, БАҚ гипершындығын тудыратын «гипермәтін» ұғымы пайда болады. Ақпарат ағымы адамды виртуалды шындық жағдайына әкеледі.</p>

1 Кестенің жалғасы

1	2	3
10	<p>Философиялық антропология (Н.А.Бердяев, А.Гелен, М.Шенер, Х.Плеснор, Э.Ротхаке, М.Ландманн, Л.Лотц және т.б.)</p>	<p>Философиялық антропология – адамның мәні, оның өзіне, басқаға, табиғатқа, өзінің шығуы, қоғамдық болмысының ерекшелігі туралы философиялық пән. Философиялық антропологияның негізін салушы ойшылдар адам өзіне өзі мәселе ретінде туындағанын ескеріп отырды. Ол көзқарастар:</p> <p>XX ғасырда адамның Құдай жаратушылық мәні туралы діни идея (діни философияның антропологиялық ілімдерге жалғасын тапты);</p> <p>есті адам туралы идея;</p> <p>еңбек құралдарын жасаушы адам идеясы (марксизм ілімі бұл идеяны басшылыққа алды);</p> <p>психоанализ бағытындағылар адамда ұяттың пайда болуы идеясын ұсынды (З.Фрейдтің «Төтем және табу» кітабы);</p> <p>адамды символ түріндегі жануар деп тану «табиғаттың еркіне жіберілген баласы» идеясы) және тарих аясындағы туындаған тірі адам идеясы, ол табиғат туындысы.</p> <p>Философиялық антропологияға қызығушылық танытқан педагогикада 60-70 жылдары педагогикалық білімнің саласы ретінде педагогикалық антропологияны өмірге әкелді. Бұл бағыт білім беруді антропология тұрғысынан негіздеді. Педагогикалық антропология білім алушы және тәрбиеленуші адамға өз назарын аударды, өзінің ғылыми және қолданбалы бағыттарын нығайтты. Отандық педагогикалық антропология қалыптасуда [3, с.42].</p>

Философия ғылымы ғылыми әдіснамамен толығып отырады. Диалектикалық әдіснама (қысқаша, диалектика):

1) дамудың жеке өз алдына табиғатпен, адаммен өзара бірлікте дамудың объективті шындық бейнесін көрсетеді;

2) адамның ойлауы және тануы субъективті шындығының философиялық бөлімі ретінде көрсетіледі;

3) адам мен табиғаттың, адам мен қоғамның объективті-субъективті, материалды-рухани, практикалық өзара қарым-қатынасының ақиқатын бейнелейді.

Ғалымдар әдіс пен әдіснаманың өзара байланысын қарастырып, әдістердің классификациясын береді, әдіснамалық білімнің көпдеңгейлік тұжырымдамасын ұсынады: философиялық әдістер, жалпығылыми бағыттар мен әдістер, жалпығылыми әдістер, зерттеудің пәнаралық әдістері.

Терминдердің этимологиялық мағынасына сәйкес әдіснаманы әдіс жайындағы ілім, кеңінен ашқанда, теориялық және практикалық іс-әрекетті ұйымдастыру, реттесу, құру бойынша ұстанымдар жүйесі жайындағы ілім деп қарастыруға болады.

Қоғамдық практиканың кеңеюі мен баюы таным әдістерін қайта қарастыруды, жетілдіруді талап етеді. Ғылыми танымның дамуы барысында ойлау әдіс-тәсілдері жетіліп, әдіснаманың қайта құрылуына әкелінеді. Сондықтан әдіснама философия білімінің жеке бөлігі ретінде қарастырылады. Қазіргі кезеңдегі ғылымның дамуы оның әдіснамалық негізін жете зерттеумен сипатталады. Бұл бір жағынан, ғылымның алдында тұрған жаңа міндеттермен, сондай-ақ ғылымға қазіргі кезеңде белгілі білім мен әдістер көмегімен шешуге болмайтындығымен, ал екінші жағынан – ғылымның эвристикалық әлеуеті бойынша түсіндіріледі. Қазіргі кезеңде әлемдегі болып жатқан құбылыстарды және пәнді тану сол үрдістің «өзіндік танымымен», оның өзіндік дамуының шарттары және заңдылықтарымен анықталады. Бұдан шығатын қорытынды: білім беру саласындағы ғалым-теоретиктер мен ғалым-практиктердің барлық күш-жігерін ғылымның тиімді жақтарын зерттеуін, ғылымның әрі әдіснамалық таным, әрі жеке ғылымдардың әдіснамалық мәселелерімен бірлікте қарастыруын қажет етеді.

Әдебиеттер

1 Краевский В.В. Методология педагогики: новый этап: учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений. – М.: Издательский центр «Академия», 2006. – 400 с.

2 Педагогика: Педагогикалық жоғары оқу орындары мен педагогикалық колледждер студенттеріне арналған оқулық /Ред.басқ. П.И. Пидкасистый; Ауд.: Г.К. Ахметова, Ш.Т. Таубаева. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – С. 49-51.

3 Лукацкий М.А. Методологические ориентиры педагогической науки: учебное пособие. – Тула: Гриф и К, 2011. – 448 с.

Таубаева Ш.Т.

Философские основы методологии педагогики

В статье раскрываются взаимосвязь педагогики и философии, философские основы педагогики и методологии педагогики. Дана характеристика неомарксизма, экзистенциализма, феноменологии, структурализма, прагматизма, герменевтики, аналитической философии, персонализма, постмодернизма, философской антропологии с современных позиций.

Taubaeva Sh.T.

Philosophical Foundations of the methodology of pedagogy

The article describes the relationship of pedagogy and philosophy, philosophical foundations of pedagogy and methodology of pedagogy. The characteristic of neo-Marxism, existentialism, phenomenology, structuralism, pragmatism, hermeneutics, analytical philosophical, personalise, postmodern philosophical anthropology.

**Жолдасбекова С.А., д.п.н., профессор,
Конакбаева У.Ж. PhD докторант, Бектурганов Н.Б., магистрант**
Южно-Казахстанский государственный университет имени М. Ауэзова

ОСНОВНЫЕ КОНТУРЫ МОДЕРНИЗАЦИИ СИСТЕМЫ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ПОДГОТОВКИ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ КАДРОВ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Статья отражает результаты научно-педагогического исследования по вопросам модернизации системы профессиональной подготовки педагогических кадров в Республике Казахстан в условиях перехода на 12-летнее образование. В ней обоснованы приоритетные направления совершенствования системы профессиональной подготовки педагогических кадров; представлена авторская точка зрения на подготовку конкурентоспособных специалистов:

Ключевые слова: профессиональная подготовка педагогов, профессиональная компетентность, профессиональное образование, модернизация системы, переход на 12-летнее обучение, 12-летнее образование

Включение Казахстана в Болонский процесс как важного фактора создания единого европейского образовательного пространства, переход на 12-летнее среднее образование и другие изменения в этой области ставят перед обществом насущные задачи обновления его содержания и структуры и требуют переосмысления ее новой гуманистической парадигмы.

Согласно декларации Совета Европы в мировом образовательном пространстве 12-летнее среднее образование реализуется в 136 странах, в том числе в таких развитых странах, как США, Великобритания, Япония, Германия, Франция и другие [1].

В Казахстане осуществляется переход на 12 летнее образование, за последние годы был принят ряд законодательных и программных документов, где намечены стратегические задачи [2 - 6]. Среди них особое значение имеют решение задач развития системы высшего профессионального образования как важнейшей предпосылки к осуществлению радикальных перемен в жизни страны. В названных документах намечено дальнейшее развитие системы профессионального образования на основе преемственности уровней, непрерывности профессиональной подготовки с созданием условий для снижения уровня безработицы в стране [2 - 6]. Однако пока в этом направлении не разработана четкая научно-обоснованная модель системы профессиональной подготовки педагогических кадров в условиях перехода на 12-летнее обучение.

Актуальность предлагаемой тематики, помимо разработки научных основ модернизации системы профессиональной подготовки педагогических кадров,

определяется необходимостью созданием системы научно-методического обеспечения в условиях 12-летнего обучения.

Противоречие состоит в том, что появляется необходимость на практике осуществлять педагогическое влияние на модернизацию системы профессиональной подготовки педагогических кадров в условиях перехода на 12-летнее обучение, вместе с тем, недостаточно разработаны теоретические положения об инновационной деятельности как факторе роста профессиональной компетентности педагогов.

На наш взгляд, обновление структуры профессиональной подготовки и создание механизма её эффективного и динамичного функционирования должны осуществляться в направлениях, способствующих формированию конкурентоспособного специалиста - носителя идей обновления на основе сохранения и приумножения лучших традиций отечественного образования и мирового опыта и отвечать требованиям, предъявляемым обществом к педагогическим кадрам.

Несмотря на то, что студент или даже выпускник вуза не может рассматриваться как специалист, достигший высшего уровня профессионального мастерства, он должен обладать соответствующими средствами, инструментарием, которые позволили бы ему совершенствоваться в профессиональном плане.

На этом основании сегодня цель формирования предметных знаний, умений и навыков не может рассматриваться как приоритетная в профессиональной подготовке будущего учителя. Она должна включаться в решение наиболее общих и актуальных задач, постановка которых исходит из ведущей идеи совершенствования системы профессиональной подготовки в вузе – актуализации и реализации субъектной сущности личности будущего учителя, создания условий для перехода управления в самоуправление профессиональным становлением и развитием [7 - 8].

Отсюда приоритетной целью высшего профессионального педагогического образования сегодня становится подготовка квалифицированных педагогических кадров соответствующего уровня и профиля, конкурентоспособных на рынке труда, компетентных, ответственных, свободно владеющих своей профессией и ориентирующихся в смежных областях деятельности. Кадров, способных к эффективной работе по специальности на уровне мировых стандартов. Кадров, готовых к постоянному профессиональному росту, социальной и профессиональной мобильности.

Обновление педагогической системы в условиях глобализации и культурной интеграции общечеловеческих ценностей с учетом исторического опыта казахского народа, его многовековых традиций и обычаев выдвигает новые требования к процессу подготовки будущего учителя технологии, поскольку эффективность организации педагогического процесса во многом зависит от личности самого учителя, его общей и профессиональной готовности. Отсюда цель воспитания и образования нами рассматривается как единый процесс в ракурсе поставленных перед вузом профессиональных и

воспитательно-образовательных задач. При этом исходными составляющими вышеназванных образовательных и воспитательных задач педагогического вуза, на наш взгляд, являются формирование компетентности и профессионализма, нравственной и мировоззренческой культуры, гражданской позиции, национальных и межнациональных ориентиров студента как представителя нации [8].

Мы полагаем, при реализации воспитательного потенциала содержания учебных дисциплин в студенческой среде необходимо исходить из объективных процессов, которые сегодня составляют сердцевину национальных отношений, как на мировой арене, так и внутри многонациональных обществ. Из этого обстоятельства вытекает конкретная педагогическая задача – воспитание у молодежи общечеловеческих, гражданско-патриотических и национальных чувств в сознании и поведении.

Важно, чтобы молодежь осознала приоритет общечеловеческих интересов и потребностей. Каждому педагогу необходимо знание социально-культурных особенностей окружающей среды, этнопедагогических и этнопсихологических черт культуры, под воздействием которой складывается процесс воспитания. Важно искать точки соприкосновения интересов в культуре, используя для этого особенности учебно-воспитательного процесса при опоре на общечеловеческие ценности. Залогом эффективной деятельности педагога является понимание им того, что каждая национальная культура представляет собой закономерную ступень в развитии мировой культуры, внося вклад в общечеловеческую цивилизацию. Выбор форм, методов и содержания воспитательной работы опирался, прежде всего, на принцип учета возрастных и национальных особенностей студентов [9].

Последовательность подготовки будущего учителя к работе в 12 – летней школе мы определили как ряд последовательных этапов:

Первый этап – формирование у будущих учителей способности выявлять, анализировать и решать творческие педагогические задачи, развивать общую технологию инновационного поиска учителя к работе в 12 – летней школе: осуществлять самостоятельный перенос ранее усвоенных знаний и умений в новую ситуацию, определять структуры объекта, видеть альтернативы решения или его способа, развивать критичность мышления, комбинировать ранее усвоенные способы деятельности применительно к новой проблеме обучения. Все это способствует *развитию творческой индивидуальности будущего учителя.*

Второй этап – ознакомление студентов с социальными и научными предпосылками возникновения инновационной педагогики, ее основными понятиями, различными типами инновационных учебных заведений, изучение творческой интерпретации альтернативных подходов к организации работ в 12 – летней школе и основных источников развития альтернативной школы. Все это приводит к усвоению основ методологии научного познания, педагогического исследования, *введения в инновационную педагогику.*

Третий этап – изучение этапов экспериментальной работы в школе, ознакомление с методикой составления авторской программы и участие в её создании, анализ и прогнозирование дальнейшего развития нововведений и трудностей внедрения 12 – летнего обучения. Все это, в конечном итоге, способствует овладению *технологией инновационной деятельности*.

Четвертый этап - практическая работа на экспериментальной площадке по внедрению нововведений в учебно-воспитательный процесс, осуществление коррекции, отслеживание результатов эксперимента, самоанализ педагогической деятельности педагогов экспериментальных школ 12 летнего обучения. То есть на данном этапе *формируется инновационная позиция будущего учителя*, включающая систему его взглядов и установок в отношении нововведений [10 - 11].

Фундаментальное значение при проектировании образовательного процесса в вузе с учетом цели и задач процесса формирования инновационной готовности будущих учителей имеет комплекс педагогических условий, на основании которых мы определили основные направления экспериментальной работы. В этой связи, процесс подготовки будущего учителя к инновационной деятельности в условиях перехода на 12- летнее обучение в вузе станет в определенной степени управляемым, если будет удовлетворять ряду специальных требований:

1. Опора на теоретико-методологические основы процесса формирования готовности к инновационной деятельности;

2. Учет концептуальной модели выпускника педагогического вуза с четким определением компонентов в части инновационной деятельности;

3. Наличие образовательной среды, побуждающей студентов к личностно-профессиональному росту в освоении инновационной деятельности;

4. Отражение инновационных тенденций совершенствования образовательной системы в целях, содержании, методах и организационных формах подготовки будущего учителя в вузе.

Таким образом, возможности повышения конкурентоспособности выпускника вуза в условиях перехода на 12-летнее обучение неисчерпаемы. Формирование готовности педагога к инновационной деятельности в условиях перехода к 12-летнему обучению, проведение научно-педагогического эксперимента обусловило потребность в нестандартных решениях рядовых педагогических ситуаций, в приобретении навыков разрешения конфликтов и поиска компромиссов. Основное назначение профессиональной подготовки – научить учителя 12-летней школы решать творческие педагогические задачи. Процесс профессионального становления учителя должен, по возможности, моделировать заданную структуру инновационной деятельности.

Список литературы

- 1 Концепция 12-летнего среднего образования Республики Казахстан. - Астана, 2010 – 20 с.
- 2 Профессиональные компетентности педагога 12-летней школы. - Астана, 2007.
- 3 Государственная программа развития образования в Республике Казахстан на 2005–2010 годы /Утв. Указом Президента РК от 11 октября 2004 года №1459. - Астана, 2004.
- 4 Государственная программа развития образования в Республике Казахстан на 2011–2020 годы /Утверждена Указом Президента РК от 7 декабря 2010 года №1118. - Астана, 2010.
- 5 Послание Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева народу Казахстана «Социально-экономическая модернизация – главный вектор развития Казахстана» // Каз. правда. -2012. -27.01. –С. 1 – 3.
- 6 Образование в Республике Казахстан. Сборник законодательных актов РК по вопросам образования /Под ред. М.М.Кузембаева. - Алматы, 2003. -312с.
- 7 Исаева Т.Е. Классификация профессионально-личностных компетенций вузовского преподавателя // Педагогика. - 2006. - № 9.– С.55-60.
- 8 Скачкова Н.В. Формирование профессиональной компетентности будущего учителя технологии к реализации профильного обучения в общеобразовательной школе: /дисс. канд.пед.наук. – Томск, 2007. – 206 с.
- 9 Исаев И.Ф. Профессионально-педагогическая культура преподавателя: Уч. пособие для студ. высш. учеб.заведений. – 2-е изд., стер. – М.: Издательский центр «Академия», 2004. – 208 с.
- 10 Жолдасбеков СА., Жолдасбекова А.А., Райымкулова А.Д. Сущностные характеристики профессиональной компетентности педагога 12-летней школы в контексте приоритетной цели совершенствования системы профессиональной подготовки в вузе // Поиск. - Алматы. - С.25-26.
- 11 Жолдасбекова С.А, Махмутова Г.И. Некоторые подходы к определению механизмов, содержания и структуры учебно-проектной деятельности студентов // Халық тағалими. – 2010. - №4. - С.9-12.

Жолдасбекова С.А., Қонақбаева У.Ж., Бектурғанов Н. Б.

Қазақстан Республикасында педагог кадрлары кәсіби даярлау жүйесін жанартудың негізгі нұсқалары

Мақалада 12 жылдық білім беруге көшу жағдайындағы Қазақстан Республикасында педагог кадрларды кәсіби даярлау жүйесін модернизациялау сұрақтары бойынша ғылыми-педагогикалық зерттеудің нәтижелері көрініс алады. Мұнда сонымен бірге педагог кадрлардың кәсіби даярлық жүйесінің маңызды бағыттары негізделеді; бәсекеге қабілетті мамандар даярлауға авторлық көзқарас беріледі.

The basic contours of the modernization of the professional training of teachers in the Republic of Kazakhstan

The article reflects the results of scientific and pedagogical research of the modernization of professional training system of pedagogical personnel in Republic of Kazakhstan during the transition to 12-years of education. It justified the priority areas to improve the system of professional training of pedagogical personnel; the author's point of view is presented for the preparation of competitive specialists;

УДК 37.036.025

Калиева А.Ж., к.п.н., директор

*Музыкальный колледж имени П.И. Чайковского,
Алматы, Казахстан*

ЛИЧНОСТНО-ПСИХОЛОГИЧЕСКАЯ МОДЕЛЬ МУЗЫКАЛЬНОГО ОБРАЗОВАТЕЛЬНОГО ПРОЦЕССА

Тірек сөздер: педагогикалық технология «Үш өлшемді әдістемелік жүйесі», функционалдық сауаттылықты дамыту, квалиметриялық тәсіл, критериялды бағалау жүйесі, оқу үдерісінің мақсаты, мазмұн, әдістер мен тәсілдер, оқуыдың формасы мен құралдары, ынталандыру, басқару іс-әрекетінің функциялары, действия танымдық іс-әрекет, нәтиже, мониторинг

Білім берудің дәстүрлі парадигмасы жағдайында (*білім парадигмасы – стандартты түрдегі бірыңғай білім беру мәселелерін шешуде қалыптасқан тұрақты көзқарас*) педагогикалық жүйенің әдіснамалық негізін диалектикалық материализм ілімі құрғандықтан, білім беру мақсаты «Коммунизм құруға лайықты жан-жақты дамыған адамды қалыптастыру» болып табылды [1]. «Қалыптастыру» ұғымы аясында оқушы «объект» ретінде қарастырылып, мектепте әкімшілік, үстемдік басқару саясаты жүргізілді. «Мұғалім дайын ақиқат, түйін, ой қорытындысын балалардың «миына құйғанмен», ойлау мен сөйлеу негіздеріне жақындауға да мүмкіндік бермей, шығармашылық, арман, қиял қанатын байлап қояды. Көптеген жағдайда бала өзінің ой еңбегін әлі ойлап та үлгермеген, санасына ерекше әсер етпеген түрінде, жаттап алуына тура келеді. Соның нәтижесінде құбылыстың мәнін ойлау және бақылау қабілеті дамымай, жаттауға негізделген есте сақтау дамиды. Бұл – баланы топастыққа әкелетін, ақырында оқуға деген ынтасын жоятын үлкен кемістік болып табылады. Баланы білім, ақиқат, ереже мен формулалар қоймасына айналдырмау үшін, оны ойлауға үйрету керек» (В.А. Сухомлинский).



1 Сурет - Педагогикалық технологияның құрылымы

Мұнда:

Мақсат – өздігінен білім алу мақсаты (жаңаша пайымдалған мақсат).

К – Қызығушық, ынталандыру;

Тқ – Оқушының танымдық қызметі; Ол төмендегі іс- әрекеттерден тұрады:

Әбн – әрекетті бағдарлау негіздері (*әр тақырыпты меңгеру басында*

1-кезеңнің в)-пунктісінде берілетін «Көпір» тапсырмалары (олар жана тақырыпқа қажетті өткеннен қайталау және жаңа тақырып бойынша проблеманы қою тапсырмалары (төмендегі «Тақырыптық жоспар» кестесінен қара);

Оә – тапсырмаларды орындау әрекеттері (I-III – кезеңдерде);

Текс., түз.ә – тексеру, түзету әрекеті (III – кезеңде олқылықтарды анықтап, жою жұмыстары – ішкі бақылау);

Бақ., бағ.ә – III – кезеңде бақылау, бағалау жұмыстары (сыртқы бақылау);

Басқ. – Басқару *функциялары*. Олар ілгеріде (жоғарғы 3,4-деңгейде) Мұғалімнің сырттан басқару функцияларынан оқушылардың өз бетімен білім алып, дамуын рефлексивті амал негізінде (саналы түрде) өзі басқару *функцияларына* ауысады (1. Өз жұмысын **өзі жоспарлайды**; 2. Орындаушылық әрекетті **өзі ұйымдастырып, өзі жүзеге** асырады; 3. Өз жұмысын өзі тексеріп, өзі түзетеді (ішкі бақылау); 4. Өз жұмысын өзі бақылайды, бағалайды (сыртқы бақылау). Сөйтіп, бір-екі пәннен болса да, үнемі 4-деңгейге жетіп отыратын оқушы осы бағытта өмір бойы өз бетімен білім ала алатын тұлғаға айналады. Оның функционалдық сауаттылық деңгей көрсеткіштері ең жоғарғы шығармашылық деңгей критерийлеріне сәйкес келеді.

Төмендегі суретте педагогикалық технология құрылымының екінші нұсқасы берілген.

Сабақта, жалпы мектепте, оқушыға жайлы және ыңғайлы жағдай жасалу керек. Сонда ғана оқудан жақсы нәтиже шығады, ол тұлға ретінде *жан-жақты дамиды* болады. Қазіргі заманғы мектеп бала үшін қызмет ету керек, ол білімді өмірде қолдана білетін, көпшілікпен араласа алатын, ішкі мәдениеті, ойлау және сезіну қабілеті бар адам *тәрбиелеу* керек. **Мақсаты** – мектеп бітірушінің барынша көп білуі емес, *оның өзіне қажетті білімді өзі біліп, іздеп табуға үйренуі, оқу, кәсіптік, тұрмыс мәселесін кез келген жағдайда шешіп, іс-әрекет жасай алатын болу керек.*

Қазіргі уақытта мұндай мақсатты жүзеге асыру тетігі ретінде дайындалған инновациялық педагогикалық технологиялар саны жетерліктей. Технология деген: *«Тәжірибеде жүзеге асып, нәтиже беретін педагогикалық жүйенің жобасы»* (2-сызба, 2 сурет) [2].

Оларды пайдалану барысында адам, оның өмірі, құқығы мен бостандығын – ең жоғарғы құндылық ретінде анықтайтын Қазақстан Республикасының негізгі заңы – Қазақстан Республикасы Конституциясын басшылыққа алу керек. Бұл – білім беруді жаңартудың негізгі ұстанымдарын: білім берудің **«ізгілік парадигмасын»** іске асыруға бағытталған білімді **демократияландыру** мен **ізгілендіру** (гуманизациялау) ұстанымдарын анықтайды. Ол **«білгір адам»** парадигмасын ауыстыратын **«өмірге дайындалған адам»**, **«өмір бойы білім ала алатын іскер адам»** парадигмасы болып табылады. Парадигмалардың осылай ауысуы – білім берудің барлық мазмұнын терең ойластыруға ықпал етті.

Отандық технологиялардың бірі – Оқытудың **«Үшөлшемді әдістемелік жүйесі (ҮӘЖ)»** педагогикалық технологиясы. Оның *базистік* элементін, яғни *әдіснамалық негізін*: а) білім беру реформасын жүзеге асырудағы негізгі бес ұстаным – білім беруді: 1) *демократияландыру*, 2) *гуманизациялау*,

3) гуманитарландыру, 4) оқушылардың жас ерекшеліктерін, аймақтық және ұлттық ерекшеліктерді ескеру, 5) жаһандану ұстанымдары; б) белгілі психолог-педагогтардың ғылыми-тұжырымдамалары [3-6].

ҮӘЖ педагогикалық технологиясын құруға қажетті негізгі тұжырымдамаларға тоқталатын болсақ, олардың бірі *В.П.Беспальконың* «Слагаемые педагогической технологии» атты еңбегінен алынған. Мұнда белгілі ғалым кез келген тақырып мазмұнын күрделілік критерийлеріне сәйкес төрт мегеру деңгейлеріне іріктеу қажеттілігін негіздейді: бірінші деңгей – “міндетті, оқушылық”, екінші – алгоритмдік, үшінші – эвристикалық және төртінші–шығармашылық деңгейлер.

Өнімсіз 1-деңгейдегі (тек жаттап алуға лайықты ақпараттық сипаттағы) қарапайым тапсырмалардан келесі өнімді іс-әрекетті қажет ететін жоғарғы деңгейлерге ауысу негізіндегі іс-әрекеттердің реті зерттеушілік әдіс тәсілдерінің ретіне сәйкес келеді екен. Өз кезегінде, зерттеушілік әдіс тәсілдерінің реті адамның ойлау қызметі тәсілдерінің ретіне сәйкес келеді.

Бұл тәсілдердің реті П.Я.Гальпериннің [5] еңбектерінде психологиялық тұрғыдан ғылыми негізделгендей: 1. *Кіріспе*: алғашқы жинақтау(синтез1) – 2. *Негізгі бөлім*: анализ (талдау), яғни салыстыру; айырмашылығын және ұқсастығын табу; тақырыптың басты идеясын бөліп шығару – 3. *Қорытынды*: соңғы жинақтау (синтез 2) сияқты қадамдар (тәсілдер) ретіне сәйкес келеді.


Л.С.Выготскийдің: “Оқу үдерісінде оқушының ақыл-ойының дамуы (1-өнімсіз деңгейден келесі өнімді деңгейлердегі «қарапайымнан күрделіге», «саннан санаға» ауысып отыратын тапсырмаларды біртіндеп орындау арқылы) оның “актуалды даму” аймағынан “жақын арадағы даму” аймағына ауысады”, -деген тұжырымдамасы [3]. Мұндай даму барысында С.Л.Рубинштейннің еңбектерінде: “Оқушының ойлау объектісі (тақырып мазмұны) жаңа байланыстарға түседі. Олар оқушыны өнертапқыштыққа, жаңалық ашуға жетелеп әкеледі», делінген.

Осындай жеке тұлғаға бағытталған оқытудағы іс-әрекет деңгейлері арқылы оқушылар оқу материалдарын бойындағы табиғи қабілетіне сәйкес әр түрлі деңгейде меңгереді. Нәтижесі оның функционалдық сауаттылық деңгейін көрсетеді және критериалды бағалау жүйесі арқылы әділ өлшенеді.

ҮӘЖ технологиясының жоғарыда талданған әдіснамалық негіздерін тәжірибеде жүзеге асару механизмі ретінде Б.Блумның «Толық меңгерту теориясынан» алынған мақсаттар таксономиясы қарастырылады.

Технологиялардың қондырмалық (надстроечный) элементі болып оқытудың педагогикалық жүйесі саналады. Педагогикалық жүйе деген – әдістемелік жүйе(Әж) мен дидактикалық процестің (үрдістің) (Дпр) бірлігі. Әдістемелік жүйе бес компоненттен тұрады: Әж = мақсат, мазмұн, әдіс-тәсіл, түрі, құралы. Әж арқылы оқушы мен оқытушының арасындағы үш элементтен (қызығушылық, танымдық қызмет, басқару) тұратын, нәтижеге жетелеуші оқыту (дидактикалық) процесі (Дпр) жүзеге асады. Яғни, педагогикалық жүйенің сегіз элементтен құрылатыны айқындалды [2].

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ ДЕГЕНІМІЗ ТӘЖІРИБЕДЕ ІСКЕ АСЫП,
НӘТИЖЕ БЕРЕТІН ПЕАГОГИКАЛЫҚ ЖҮЙЕНІҢ ЖОБАСЫ**



Бұл жерде айта кететін басты мәселе: егер жергілікті білім департаменті мен мектеп әкімшіліктері технология талаптарын терең түсініп, оқу ісіне пайдалану үшін қолайлы жағдай жасамаса, онда ешқандай тиімді нәтиже туралы армандаудың қажеті жоқ.

2 Сурет - Педагогикалық жүйенің жобасы

Оқу үдерісінде оқытудың педагогикалық жүйесі педагогикалық технологияға ауысу үшін әр тақырыпты мегеру соңында барлық оқушы баға алу керек, яғни оның функционалды сауаттылық деңгейі (оқу жетістігінің нәтижесі) өлшену қажет. Ал дәстүрлі оқытуда бұл мүмкін емес, себебі педагогикалық жүйенің жоғарыда аталған сегіз элементтері мұндай талапты

қанағаттандыра алмайды. Сондықтан, технологияның әдіснамалық негізінің құрайтын жоғарыда аталған бес ұстаным мен ғылыми-тұжырымдамаларды ескере отырып, педагогикалық жүйенің барлық элементтерін жетілдіріп өзгерту қажет, яғни: алдымен *«кері міндетті шешіп алу керек»*.

Егер жңартылған педагогикалық жүйені жоспарлап сабаққа қолдансақ, сонда әр оқушының барлық тақырып бойынша оқу нәтижесі өлшеніп, бағалана алады. Бұл жағдайда педагогикалық жүйе (ПЖ) «педтехнологияға (ПТ)» ауысады: ПТ(*сегіз элемент*) + *нәтиже* = ПТ(*тоғыз элемент*). ***Осылай ұйымдастырылып жүзеге асырылған оқу үдерісі ғана технологияландырылған үдеріс болып саналады.***

Енді педтехнологияның сегіз элементтерін жетілдіру, модернизациялау жолдарын қарастырайық:

1. ***Мақсат:*** *бірінші ұстаным – демократия* – халықтың билігіне, оның өзін-өзі басқаруына жол беретін болса, онда мектепте халықтың рөлін оқушы атқаратындықтан, білім беруді демократияландыру деген – білім алушыны (оқушыны) өзін-өзі басқаруға үйрету қажеттілігін білдіреді. Ал, *екінші – гуманистік ұстаным* оқушыны «объект» емес, «субъект», «*тұлға*» ретінде қабылдауды қарастырады. Бұл екі ұстаным *әдістемелік жүйенің* бірінші (басты) компоненті – оқыту *мақсатын* жетілдіріп, жаңаша пайымдауды талап етеді: *«Тұлғаның өз бетімен білім алу арқылы өзінің өмір бойы дамуын өзі басқаруға үйрету, қолайлы жадай жасау»*. Мұндай өзгертілген мақсат оқытудың *әдістемелік жүйесінің* қалған бөліктерін (*2.мазмұн, 3.әдіс-тәсіл, 4.оқыту формасы мен 5.құралдарын*) өзара гармониялық байланыста *жетілдіруді* талап етеді.

2. ***Мазмұн:*** оқулықтың мазмұны, жаңаша пайымдалған оқу *мақсатын жүзеге асыруға* бейімделіп, жай апарат көзінен тұлғаның өздігінен білім алып, дами алатын құралға (*«дамытушы оқулықтарға*) айналу керек.

ҮӘЖ технологиясында анықталған талаптар бойынша «Дамытушы оқулықтың» құрылымы мен мазмұнына, кем дегенде, төмендегідей бес шарт қойылады:

– орта білім беру мектебінің мазмұн (бағдарлама) құрылымы; әр пән бойынша тарау мен тақырыптардың мазмұн құрылымы: алғашқы синтез (кіріспе) – анализ (талдау) – соңғы синтез (қорытынды) *ретіне* сәйкес келу керек;

- барлық пәндер мазмұнында оқушының *тілін, оның рухани-мәдениеттік, адами дамуын* ескеретін, өз-ара *коммуникативтік қарым-қатынасты* қалыптастыратын, *әлеуметтендіру* мәселелерін және күнделікті өмірде кездесетейін *проблемалық жағдаяттарды* шешуге бағытталған тапсырмалар болу керек (олар арқылы ҮӘЖ әдіснамалық негізінің *3-ұстанымы* жүзеге асырылады). Мұдай тапсырмалар қызықты түрде мазмұндалса, оқушылардың оқуға деген ынтасы, қызығушылығы оянады, белсенділігі артады.

- ұлттық және аймақтық ерекшеліктерді (4-ұстаным жүзеге асырылады) ескеру мен қатар ғылымның әлем деңгейіндегі жетістіктерін де қамту керек (5-ұстаным жүзеге асырылады);

- компьютердің оқытушылық (дидактикалық) мүмкіндіктерін ескеру (компьютер арқылы орындауға болатын тапсырмаларды ұйымдастыру);

- тақырыптың мазмұны деңгейлік тапсырмалар арқылы – «қарапайымнан күрделіге», «саннан сапаға» ауысу ұстанымы бойынша – деңгейленіп берілу керек.

3. Жаңаша пайымдалған мақсат оқушылардың өздігінен танып-білу, іздену қызметінің интербелсенді әдістерін және зерттеушілік әдісті меңгерулерін талап етеді. Бұл жағдайда бірінші орында оқушы тұрады және оның өз бетімен білім алудағы белсенділігіне аса назар аударылады. Мұндай әдістердің мұғалімдердің дәстүрлі оқытудағы күнделікті жұмысында пайдаланып жүрген «түсіндіру-қайта сұрау» сияқты *репродуктивті* (өнімсіз) оқыту әдістерінен айырмашылығы зор. Әр мұғалімнің меңгеріп, өз тәжірибесінде қолданып жүрген белгілі бір әдіс-тәсілдер жиынтығы оның «әдістемесі», - деп аталады.

4. Жаңаша оқытудың негізгі формасы болып, оқытудың топтық, жұптық (технологияның алғашқы екі кезеңінен тұратын синектикалық бөлімінде) және жеке (үшінші кері байланыс кезеңінде, немесе ол нәтижеге бағытталған бөлім деп те аталады) формалары ұйымдастырылады. Оқытудың бұл формаларының ерекшелігі – оқушыға сенім арту, оның өз ісіне жауаптылығын тәрбиелеу, өз беделіне деген қадір-қасиет сезімін дамыту.

Оқытудың фронталды түрдегі формасы, көбінесе, бағыт беру, талқылау және түзету енгізуде ғана пайдаланылады.

5. Жаңаша қойылған мақсат оқыту құралдарына деген көзқарасты да өзгертуді талап етеді. Оқу құралдары оқушылардың өздігінен танымдақ іс-әрекет жүргізе алатындай болу керек. Оларға құралдарының жетілдірілген түрі ретінде «дамытушы оқулықтарды» және ақпаратты коммуникациялық технологияларды (АКТ), соның ішінде электронды оқулықтарды жатқызуға болады. Себебі, АКТ оқушыға ізденіс және зерттеу жұмыстарын жүргізе алатындай оқу ортасын құруға мүмкіндік береді.

6. Жоғарыда талданған бес элементтен тұратын әдістемелік жүйе «мұғалім-оқушы» қарым-қатынасы арқылы жүзеге асады. Мұндай оқу үдерісі (дидактикалық процесс) үш элементтен тұрады (2-сурет): 1) екі жақтың да қызығушылығы (Қ) болу керек;

7. Оқу үдерісінің 2-элементі: оқушының танымдық қызметі (Т). Оны тиімді түрде ұйымдастырылу үшін оқушының төмендегідей іс-әрекеттерін жоспарлап жүзеге асару өажет:

Әбн – әрекетті бағдарлау негіздері (әр тақырыпты меңгеру басында 1-кезеңнің в)-пунктісінде берілетін «Көпір» тапсырмалары (олар жаңа тақырыпқа қажетті өткеннен қайталау және жаңа тақырып бойынша проблеманы қою тапсырмалары (3-кесте «Тақырыптық жоспар» және осы кітаптың

қосымшасында берілген әр түрлі пән бойынша құрылған тапсырмалар жүйесін қараңыз);

- **Оә** – тапсырмаларды орындау әрекеттері (I-III – кезеңдерде);

- **Текс., түз.ә** – тексеру, түзету әрекеті (III – кезеңде олқылықтарды анықтап, жою жұмыстары – ішкі бақылау);

- **Бақ.,бағ.ә** – III – кезеңде бақылау, бағалау жұмыстары (сыртқы бақылау);

8) Оқу үдерісінің үшінші элементі – *басқару қызметі* (Басқ.). Оның (1.жоспарлау; 2.ұйымдастыру мен жүзеге асыру; 3.түзету мен коррекция (ішкі бақылау), 4.бақылау мен бағалау (сыртқы бақылау) сияқты функциялары ілгеріде (жоғарғы 3,4-деңгейлерде) мұғалімнің сырттан басқару функцияларынан оқушылардың өз бетімен білім алып, дамуын *рефлексивті* амал негізінде (*саналы* түрде) өзі басқару функцияларына ауысады: 1) өз жұмысын *өзі жоспарлайды*; 2)орындаушылық әрекетті *өзі ұйымдастырып, өзі жүзеге асырады*; 3. *Өз жұмысын өзі тексеріп, өзі түзетеді* (ішкі бақылау); 4.Өз жұмысын *өзі бақылайды, бағалайды* (сыртқы бақылау).

9. *Нәтижесінде*: бір-екі пәннен болса да, үнемі 4-деңгейге жетіп отыратын оқушы осы пәндер бағытында *өмір бойы өз бетімен* білім ала алатын тұлғаға айналады. *Оның функционалдық сауаттылық деңгей көрсеткіштері* ең жоғарғы *шығармашылық деңгей критерийлерін қанағаттандыратын* болады.

Қорытынды: ҮӘЖ педагогикалық технологиясын оқу-тәрбие үдерісінде оқытудың жетілдірілген педагогикалық жүйесінің жобасы (2-сызба, 2 сурет) ретінде қолданатын болсақ, онда:

- оқу мақсатын иерархиялық түрде дәл анықтауға;

- әр шағын мақсатқа (критерийге) сәйкес мазмұнды айқындауға;

- оқыту үдерісін ұйымдастырудың жаңа әдіс-тәсілдері мен формаларын және компьютердің дидактикалық мүмкіндіктерін оқу үдерісінде тиімді пайдалануға;

- оқушыны танымдық іс-әрекетке ынталандыруға, оның белсенділігін арттыруға;

- баланың жеке басының қабілетіне, даму темпіне сәйкес өз бетімен тиісті білім деңгейіне жетуіне;

- білім сапасын көтеруге;

- мұғалімнің басқарушылық қызметінің *функциялары*: оқушының өзін-өзі рефлексивті тұрғыдан басқару *функцияларына* айналуына;

- жеке тұлғаның өз бетімен дамуын қадағалайтын мониторингін құруына;

- педагогикалық технологияларды меңгеріп, өз жұмысына пайдалану үшін мұғалімдерді ғылыми-әдістемелік, ғылыми-ізденіс жұмыстарына ынталандырып, шығармашылыққа тартуға болатындығы мектептерде өтіп жатқан тәжірибе жұмыстарында анықталды.

Әдебиеттер

1 Караев Ж.А., Кобдикова Ж.У. Актуальные проблемы модернизации педагогической системы на основе технологического подхода. – Алматы, 2005. – 136 с.

2 Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологии. – М.: Педагогика, 1989. – 192 с.

3 Выготский Л.С. Развитие высших психических функций. – М.: Изд-во АПН РСФСР, 1960. – 500 с.

4 Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии. – Т.2. – М.: Педагогика, 1989.

5 Гальперин П.Я. Формирование умственных действий. Хрестоматия по общей психологии: Психология мышления / под ред. Ю.Б.Гиппенрейтер, В.В.Петухова. – М., 1981. – С. 78-86.

6 Кобдикова Ж.У. Оқытудың «Үшөлшемді әдістемелік жүйесі» педагогикалық технологиясы негізінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту. – Алматы, 2013. – 150 б.

Кобдикова Ж.У.

Методологические основы педагогической технологии «Методические системы трехмерного измерения»

В статье обосновывается невозможность выполнения современными учебниками своих главных трех функций: а) поисково-информационные; б) развивающие; в) направленные на активные поисковые действия ученика. Содержание общеобразовательной средней школы не позволяет самостоятельное добывание знаний в интерактивной форме. С помощью такого содержания невозможно развитие функциональной грамотности личности и внедрение критериальной системы оценивания. Поэтому для разработки нового государственного стандарта образования необходимо определить новые принципы отбора содержания учебного материала с учетом передового мирового опыта.

Kobdikova Zh.U.

Methodological bases pedagogical technologies in training on "methodical system of three-dimensional measurement"

In the article it is proved that modern textbooks can't carry out the main three functions: a) the searchable and informative; b) the developing; c) directed on pupil's active search actions. The content of comprehensive high school doesn't allow independent knowledge obtaining in an interactive form. Using such content doesn't give us possibility to develop functional literacy of the pupil and implement criterial system of estimation. Therefore to develop new state standard of education it is necessary to define the new principles of content selection on the basis of the best world practices.

ШЕТЕЛ ТІЛІН ОҚЫТУДА ПАЙДАЛАНАТЫН ТЕЛЕКОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ БЕТАЛЫСЫ МЕН ТҮРЛЕРІ

Шетел тілін оқытуда пайдаланылатын телекоммуникациялық технологиялардың түрлері, сонымен қатар болашақ шетел тілі мұғаліміне телекоммуникациялық технологияларды пайдаланатын шет тілдік білім беруде мәдениаралық-коммуникативтік құзырлылықты қалыптастыру аспектілері қарастырылады. ХХІ ғасырдың телекоммуникациялық технологиялары: Skype, Chat, podcast, ICQ, E-mail, телеконференциялар, вебкамералық және технологияның басқа да түрлері студенттердің ақпаратпен алмасу және ақпараттық қызметтің маңызды біліктерін игеру қабілетін арттырады.

Тірек сөздер: Телекоммуникациялық технологиялар, Skype, чат, электронды телеконференциялар, ICQ бағдарламасы, E-mail, телеконференциялар, вебкамералық, подкаст


Ағылшын тілін оқытуда телекоммуникациялық технологиялардың әдістемелік мүмкіндіктерін сипаттап өтсек. Телекоммуникациялық технологиялардың шексіз үлкен саны бар. Телекоммуникациялық технологиялардың келесі түрлері өте кең тараған: Skype, ICQ, чат, телеконференциялар және вебкамералық. Ең алдымен Skype технологиясына тоқтап кетсек.

Skype дегеніміз келесі мүмкіншіліктерді біріктіретін сервис. Нақтырақ айтқанда, чаттың жай түрі, яғни, бірнеше қолданушылар бір уақытта файлдарды бір-біріне жіберіп, хат жазыса алады, көп қолданушыларға арналған дауысты байланыс, видеокөрсету (камера қажет). Skype – ты білім беруде қолдану оқу үрдісін ұйымдастырудың өзгертуін, оқушылардың өзіндік жұмыс көлемін, оның ішінде электронды білім беру ресурстарын қолдануды үлкейтеді. Сонымен қатар, сабақ барысында заманауи білім беру және ақпараттық технологиялардың қолданатын мұғалім рөлін өзгертуді ұйғарады. Skype – технология оқу субъектісінің шынайы қарым – қатынасын іске асырады. Skype қашықтықтағы видео қарым – қатынасты ұйымдастыруға көмекші құрал. Skype оқу үрдісінде телекоммуникациялық технологиялардың бірі. Шетел тілі сабағы барысында Skype төмендегідей дидактикалық міндеттерді тиімді түрде шешуге септігін тигізеді, яғни олар:

- сөз әрекетінің, (оқу, жазу, айту, тыңдап түсіну) дағдыларын қалыптастыру және жетілдіру;
- диалог сөзінің дағдыларын қалыптастыру және жетілдіру;

- шетел тілінің қазіргі лексикасымен белсенді және сылбыр сөздік қорын толтыру;
- оқып жатқан тілдің әлеуметтік мәдени реалияларымен (оқып жатқан тіл елінің салт – дәстүрі, мәдениеті ерекшеліктері, сөз тәртібінің ерекшеліктері және сөз әдебімен) таныстыру;
- оқушыларда шеттілдік әрекеттің тиянақты мотивациясын қалыптастыру [1, с. 65].

Телекоммуникациялық технологияның келесі түрі **чат**. Чат шетел тілін оқытудың мотивациясын көтеру құралдарының бірі. Е.С. Полаттың айтуы бойынша чат шынайы уақыт көлеміндегі келіссөз құралы ретіндегі ақпаратты оқыту түрінің бірі. Шеттілдік оқу чаты деп шынайы уақыттағы сұхбатты түсінуіміз қажет. Оның міндеті болып оқып жатқан тілдегі белгілі бір тақырыпты талқылау табылады.




1 Сурет - Торунова Н.И. мен Полаттың Е.С. пайымдауынша, шеттілдік оқу чаттың келесідей артықшылықтары бар

Өз достар тізімін жасап, оларды чатқа шақыруға, конференция, атап айтқанда, топты чат құруға болады. Киберкеңістіктегі қарым-қатынас үшін достарды мысалы, іздеп отырған сұхбаттасушылардың параметрілерін беріп (жасы, жынысы, мекен жайы, ана тілі, қызығушылықтары және т.б. бойынша) табуға болады. Педагогикалық мақсатта қолданылатын мұндай чат платформасы шетел тілінің жаңа мүмкіндіктерін ашады. Чат пен дауысты байланысты қолдана отырып,

- жұмыстың ұжымдық түрлеріне қатысуға және жеке онлайн жұмысын өткізуге;
- басқа елдің оқушыларымен жоба сабақтарын жүргізуге;
- белгілі бір білімнің ғылыми саласында компетентті басқа елдің қонақ – өкілімен тақырыпты талқылауға;

• мүлдем жаңа және стандартты емес тапсырмаларды ұсынуға болады. Мысалы, бағдарламаны қолдана отырып, (оқып жатқан тіл мен мұғалімнің қойған мақсаты мен талабына сай) белгілі бір елден өзіне сәйкес сұхбаттасушыны табуға, сұхбаттасушы аты-жөнін, қызығушылықтарын және т.б. білу;

• чат мәтінін архивациялау қызметі қарым-қатынас біткен кезде чатлогты талдауға, яғни, грамматика, лексика, тыныс белгілері, стилистика, сөз қателіктері және т.б. және соның негізінде тапсырмалардың жаңа түрін құрастыруға жағдай туғызады.



2 Сурет - Педагогикалық чаттың бес түрі бар

Студенттің қатысымдық дағдыларын қалыптастыру құралы ретінде тілдік құбылыстарды тереңірек оқып түсінуге арналған Интернет чатты қолдану студентке мәдениетаралық қатысымға енуге көмектеседі, атап айтқанда, шетелдегі болып жатқан оқиғалармен хабардар болу, жаңа қатынастар орнату, қажетті ақпаратты алудың жаңа құралдарын табу, кәсіби білім мен жалпы білім деңгейін сапалы түрде көтеруге себепші [2, с. 3].

Телеконференциялар телекоммуникация құралдары (телефон, теледидар, видеотелефон, компьютерлі телекоммуникациялар) арқылы тақырыптарға сай электрондық хаттар көмегімен пікір алмасуды жүзеге асыратын телекоммуникациялы технологиялардың бірі. Пайдаланушылардың әрқайсысының өзін қызықтыратын телеконференцияға (барлығы ондаған мың) жазылуға мүмкіндігі бар.

Интернеттегі электронды конференциялардың екі негізгі түрі бар, олар:

- шынайы конференциялар, пайдаланушылар бір бірімен тікелей қарым – қатынас жасай алу мүмкіндігі;
- көбіне электронды конференциялар немесе телеконференциялар деп аталатын, уақыты бйыншасозылған талқылау .

Электронды телеконференциялар – хабарландырулардың электронды тақта түрі, белгілі бір тақырыппен қызыққандардың барлығы басқа қолданушылар жіберген хабарды оқып, жауап жазуы мүмкін. Әр конференцияның көбіне бірнеше сюжетті бағытқа ие, бір тақырыппен біріккен. Конференциялар – желінің кез – келген қолданушысына қол жетімді ашық немесе конференцияны жүргізушінің (модератор) қатал бақылауымен іске асатын және шақырылған қатысушылар санының таңдаулы көлеміне арналған жабық болуы мүмкін және электронды конференциялар келесі мақсаттар үшін қоданылуы мүмкін:

- сұрақтар қою;
- басқалардың сұрақтарына жауап;
- талқылауға қатысу (конференциялардың көбісі әркім өз ойын білдіріп, сөз сөйлей алатын пікірталасқа ұқсас);
- конференцияға келген хабарды оқу;
- қызыққан қолданушылардың көздерін түсетін ақпаратты хабарды тарату;
- оқу мақсатында (өзін – өзі жетілдіру мен оқушылармен жұмысқа арналған);
- паблик рилейшнз мақсатында (қоғамдық байланыс үшін), конференция жұмысына белсенді қатыса отырып, өзі, өзінің зерттемелері, ойлары, ашылулары туралы айтып беруге болады [3, с. 209].

ICQ бағдарламасы (ай – си – кью деп оқылатын аббревиатура және ағылшын фразасынан жарық көрген I seek you – Мен сені іздеймін) 1996 жылы пайда болған. Бүгінде ICQ бағдарламасының аудиториясы әлем бойынша 100 миллионнан аса адам. Бағдарлама достарды іздеу мен табуға, берілген параметрлердің арқасында әлем бойынша серіктестер табуға мүмкіндік туғызады. Шынайы уақыт режимінде қарым – қатынас жасауға болады, мәтінді хабарлармен алмасып, немесе чат режимінде, яғни серіктес басқа серіктестің пернетақтада басып отырғанын лезде көруі. Қатысушылардың әрқайсысы біресе хабарды жіберуші, я алушы болуы, серіктестің репликаларына жауап беруі, түсініктемелер беруі, сұрақтар қоюы және т.б. ICQ қарым – қатынасы жай диалог түріне өте ұқсас, тек қатысушылар қашықтықпен бөлінген. ICQда қарым – қатынастың оң эмоционалды ахуалы диалогқа жеке қатыстылығымен іске асады, сұхбаттасушыны көрмей – ақ, диалог қатысушылары бір –бірін бағалауға, дәлірек айтқанда, қызықты / қызықты емес сұхбаттасушылар ретінде бағалауға мүмкіндіктері бар. Бұл жайт нәсіл, жыныс, сұхбаттасушының түр-әлпетіне қатысты предрассудки құтылуға себін тигізеді. Қарым – қатынасқа қатысушылар аудитория алдында сөйлеу қажеттілігі немесе айту мәнерін бақылау, интонация және т.б. сияқты қобалжуларға жол бермейді. Қарым – қатынас барысында оқушыларда қабылдау мен естің бірнеше түрі белсенді түрде жұмыс істейтіні бағалы болып саналады. Өзіндік мәтінді құрастыра отырып, оқушылар түрлі режимдерде жұмыс істейді: алдымен не айтатындарын ойша қалыптастырады, содан кейін оны пернетақтада баса отыра, ішінен қайталайды.

Сонымен, ICQ хабарды жіберудің алдында қайта оқып, монитор экранында пайда болған кезінде, диалог мәнмәтінінде тағы бір оқиды. Әр айтылатын ойды бірнеше рет қайталау мен «көпканалды» қабылдау есте қалар сөздер санын көбейте отырып, оларды қолдану салаларын нығайтады [4, с. 49].

Электронды хат, E – mail шетел тілін оқытуда Интернетті қолданудың кең тараған түрі, атап айтқанда, телекоммуникациялық желілер арқылы ұйымдастырылған қатынас: жеке оқушылар арасындағы немесе тұтас топтар арасындағы хат жазысу, оқу жоспарлауға, жолдаманы қысқаша конспектілеуге немесе жауап құрастыруға үйретеді. E – mail арқылы қатынас – бұл қатысымдық өзара әрекеттің үрдісі, оның барысында белгілі бір нәтижеге жету, белгілі бір мәселені шешу немесе белгілі бір мақсатты іске асыру, ақпарат және тәжірибемен алмасу жүзеге асады. Электронды пошта телекоммуникацияның бір түрі ретінде әлем бойынша тез және сенімді байланыс ретінде бағаланып, адамдарға үлкен қашықтықта сапалы мәдениетаралық қатынасуға мүмкіндік беріп отыр. Қазіргі таңда, E – mailмен жұмыс істей алмайтын заманауи адамды елестету мүмкін емес. Аталған қатысым түрінің техникалық артықшылықтары оны болашақ мұғалімдер үшін шетел тілін оқыту барысында өте пайдалы етеді, себебі шетел тілінде мәдениетаралық қатынастың аутенттілігі қазіргі дидактикалық тұжырымның іске асуымен қамтамасыз етіледі. Бәріне мәлім, Интернетте жазба қатысымның екі түрі бар:

- Синхронды қатысым (Chat);
- Асинхронды қатысым (E – mail).

Синхронды қатысым – бұл ауызша мен жазбашаның ортасы. Қатысушылар жазбаша мәліметпен шынайы уақыт режимінде және ауызша қатынастың тілінде алмасады. Сол себептен, Chat көбіне шетел тілін жекеше оқуға қолайлы, сабақ барысында аудиторияда оны ұйымдастыру қиындық туғызады және тілді меңгеру деңгейі де өте жоғары болуы тиіс. Асинхронды қатысым мәтінмен толыққанды жұмыс істеуге, сұрақтарға жауап беруге, мәтінде даярлап, қателерді түзетуге мүмкіндік туғызады [5, с. 100].

Айтылымды оқытуда подкасттарды қолданудың төрт адымды әдістемесінің сипаттамасын келесі сызбадан көруге болады:

1 Кесте - Айтылымды оқытуда подкасттарды қолданудың төрт адымды әдістемесінің сипаттамасы

Адымдар	Сипаттамасы
1	2
<p>1 адым Мұғалімнің оқушыларға белгілі бір тақырып бойынша подкаст беттерін құруы</p>	<p>pod Omatic (www.podomatic.com) әлеуметтік сервисін қолдана отырып, мұғалім өзінің оқушылар тобына жеке бет құра алады. Осы бетте сайтқа келушілерге орналастырылған подкасттардың (тақырыптары) не үшін арналғаны түсінікті болу қажет және олардың құрушылары кім екендігін анықтау мақсатында тапсырманың немесе жобаның сипаттамасы беріледі. Мұғалімнің жоба қатысушыларын – өзінің оқушыларын шетел тілінде тыныстырып, тапсырманы түсіндіретін</p>

	ұзақтығы 1-2минутқа созылған жалпы бір подкаст құрастырғаны жөн.
2 адым Подкаст мәтінін құру	Оқушыларға сөз сөйлеу мәтінін даярлау ұсынылады. Мәтіннің басында әр оқушы өзін таныстырып, өзінің жасын, оқу орны мен мекен - жайын көрсетуі қажет. Әрі қарай подкаст тақырыпқа сәйкес болуы тиіс. Аталған адымды орындау барысында оқушылар сонымен қатар, жазу іскерліктерін де дамытады, яғни мақсатына байланысты сипаттау, дәлелді, қарама – қайшы салыстырмалы сипаттағы мәтіндер құрады. Мұғалім оқушыларға грамматикалық және лексикалық тұрғыдан сауатты мәтінді құрастыруға көмектесуі керек.
3 адым Подкастты жазып алу	podOmatic сервисінде қол жетімді желілі бағдарламалы қамтамасыз етуді қолдана отырып, оқушылардың өздері сөйлеген сөздерін жазып алуға мүмкіншіліктері бар. Бағдарлама оқушылардың сөйлеген сөздер сапасына қанағаттанғанына дейін қажетінше жазып алуға мүмкіншілік туғызады. Тек осыдан кейін ғана подкаст желіде сақталып, Интернет желісінің барлық қолданушыларына қол жетімді бола алады.
4 адым Оқушылардың подкасттарды тыңдап түсінуі (көруі)	Аталған адым уақыт пен аса ерекше назарды қажет ететін адым. Оқушылардың құрған әр подкасты мұғалім мен топтастары арасында зейінмен тыңдалып түсінілуі қажет. Тыңдап түсіну барысында оқушылар подкасттың тақырыбы мен мәселесіне байланысты сәйкес тапсырмаларды орындай алады. Подкастты тыңдап түсінгеннен кейін оқушылар мен мұғалім подкаст мазмұнын талқылауға қажет уақытты анықтау керек.
5 адым Сөз әрекетінің басқа түрлерін дамытуға арналған басқа тапсырмаға көшу	Оқушылар құрған подкасттар топтамасын тыңдап түсінгеннен кейін, оқушыларға подкаст мәселесіне және тақырыптарына негізделген диалогтарды ойнату немесе жазбаша жұмысты жазу ұсынылуы мүмкін.

Подкаст (podcast) - бүкілдүниежүзілік Интернет желісінде аудио және видеобағдарламаларды тыңдап түсіну, көру, құрастыру және таратуға мүмкіндік беретін әлеуметтік сервис түрі. Кәдімгі теледидар мен радиодан подкасттың айырмашылығы, студент керекті аудио файлдарды тікелей эфирде емес, өзіне ыңғайлы кезде онлайн тыңдап түсінуге мүмкіндік береді. Тек қана студент өзіне керекті файлды өз компьютеріне сақтап алу керек. Сонымен қатар, студенттер аудио файлдарды тыңдап қана қоймай, әртүрлі тақырыпқа өз подкасттарын құрастыруына да болады. Уақыт ұзақтығына байланысты подкасттар бірнеше минуттан бірнеше сағатқа созылуы мүмкін. Интернет ресурстарында шетел тілі өкілдеріне арналып құрастырылған аутентті подкасттармен бірге (мысалы BBC жаналықтары) оқу мақсатына құрастырылған подкасттарды да кезіктіруге болады. Студент – өзіне қажетті

подкасты табу үшін ең тиімді жолдардың бірі – ол подкасттар директориясына хабарласып, қызықтыратын категорияны таңдап және сақтап алуға болатын подкасттар тізімін қарастыру керек. Мысалы, ағылшын тілін үйренуші студенттерге подкаст директориясы мына сайтта орналасқан www.bbc.co.uk, ал неміс үйренушілерге www.podcast.de, француз тілін үйренушілерге www.worldlanguagespodcasting.com/wlang/french/php. Әлеуметтік сервис - подкаст - тыңдап түсіну мен айтылым әрекеттерін дамытуға қолданылады [6, с. 8]. Оқушылардың подкасты құруы мен Интернет желісінде орналастыруы арнайы компьютерлі іскерліктерді қажет етпейтін өте оңай іс. Подкаст сайттарының біріне кіріп, нұсқауларға еру жеткілікті (www.podomatic.com).

Сөзімізді қорыта келе, шетел тілін оқытуда телекоммуникациялық технологиялар оқушылардың ақпаратпен алмасу және өзге ел мәдениетін тану сияқты дағдыларды қалыптастыру, олардың ақпараттық қызметтің маңызды біліктерін игеру қабілетін арттырады. Қарым - қатынас барысында оқушылардың диалог сөзін дұрыс құра білуі және сұхбаттасушымен белгілі бір тақырып аясында сөйлесе алуы мұғалімнің аталған технологиялар арқылы оқыту үрдісін дұрыс ұйымдастыруына байланысты.

Әдебиеттер

1 Фролов И.Н. Технология Skype и Методика ее применения в обучении // Инновации в образовании. – 2011. - № 1 – С. 65.

2 Старшинова Е.И. Интернет-чат в обучении иностранному языку как средство формирования коммуникативных навыков 3 С: [электронный ресурс] – Режим доступа URL: http://conference.osu.ru/assets/files/conf_info/conf4/15.pdf - (дата обращения 12.10.2013 г.)

3 Коджаспирова Г.М., Петров К.В. Технические средства обучения и методика их использования: учебное пособие для студентов высших педагогических учебных заведений. – М.: Академия, 2001. – 256 с.

4 Чупина О.В. Использование программы ICQ в диалоге культур // Иностр. языки в школе. – 2009. - № 2. – С. 49-52.

5 Кузнецова Т.Д. E-mail как способ обучения профессиональному общению. КазУМОиМЯ им. Абылай хана // Вестник КазУМОиМЯ. Сер. «Педагогические науки». – Алматы, 2005. - № 4 (11) – С.100.

6 Сысоев П.В., Евстигнеев М.Н. Технологии Веб 2.0: Социальный Сервис Подкастов в обучении иностранному языку // Иностр. языки в школе. - 2009. - № 6. - С.8-11.

Ержанова А.Е.

Применение видов и направлений телекоммуникационных технологий в обучении иностранному языку

Рассматриваются использование некоторых видов телекоммуникационных технологий в обучении иностранному языку, также некоторые аспекты

формирования межкультурно-коммуникативной компетенции в иноязычном образовании с использованием телекоммуникационных технологий у будущих учителей иностранного языка. В XXI веке телекоммуникационные технологии, такие как: Skype, Chat, podcast, ICQ, E-mail, телеконференции, электронные телеконференции и другие виды технологий открывают новые возможности в организации учебного процесса иностранного языка и дают возможность обеспечить широкий доступ к с использованием современных технологий.

Yerzhanova A.E.

Use of types and directions of telecommunicational technology in teaching foreign language

This article discusses the usage of some types of telecommunication technologies in learning foreign language, and some aspects of the formation of intercultural communicative competence in foreign language education with the use of telecommunication technologies of the future teachers of foreign languages. In the XXI century , telecommunication technologies, such as: Skype, Chat, podcast, ICQ, E-mail, teleconferencing, electronic teleconferencing and other technologies offer new opportunities in the educational process of a foreign language and make it possible to provide access to interpersonal communication with modern technologies.

УДК 81`271

Imanzhusupova S.U.

*Kazakh Ablai Khan University
of International Relations and World Languages*

SOCIALIZATION OF INDIVIDUAL THROUGH LINGUISTIC RESOURCES OF KAZAKH GOODWISHES

Position paper examines pragmatic discourse good wishes expressed through linguistic means of the genre, and aimed at the socialization of the individual in society. Hierarchical distribution of human needs expressed in the pyramid of Maslow , fully present in Kazakh good wishes " bata ". Discourse of good wishes, appearing in this unique folk genre, individual aims to implement all of the requirements for becoming Maslounasuschnyh whole, mature personality, which is the key to successful development and progress of society as a whole. Along with the above, the article tries to apply the functional approach to language from the standpoint K.Byulera R.Yakobsona and good wishes to the samples of Kazakh.

Keywords: discourse good wishes, Maslow pyramid, physiological needs, the needs of belonging and love, the need for respect and recognition, the need for self-actualization and personal self-improvement, functional approach

Socially oriented Discourse of GW-s functions as mediator between a society and an individual. It contains all important valuable information directed to achieve general goals put. Such kind of discourse is a unique institution thanks to pragmatic elements, terminology, use of key words and codes preserving moral values and realization of social tasks. And among many others the *main task* of socially- oriented discourse is an education of an individual and as a result: a whole society belonging to one specific group with one culture and one common language [1, p. 288].

The whole set of relationships between a society and an individual is expressed by this type of a discourse and thus, functionally oriented to forming a person`s picture of the world. It is aimed to provide Addressee with the right tools of surviving in this world. Presence of spiritual settings and characteristics, moral values, good and bad etc. – all these are peculiarities of a social discourse.

Discourse of GW-s of Kazakh people called “bata” gives not only a naïve folk world view, but realizes intentions of the folk as a great unique author of a socially oriented one. The aim of it is not just to describe and praise human dreams and wishes, but, mainly to encourage, persuade, convince Addressee, awakening inner hidden power to act [2, p. 245].

The unique feature of GW Discourse is that at the same time it acts equally, at least, as a social, rhetoric, ritual one. When it is realized as a rhetoric event it predicts, foresees better future, dreams coming true. Surely the ritual with elements of play, theatre, performance ennobles human spirit, develops patriotic feelings, unites nation and provides progress. Rich content, various thematic use, influence function characterize socially oriented type of discourse [3, p.118].

Though positive and good intended among discursive practices, there is used a tactic of linguistic *manipulation by conscience*. This is “a kind of linguistic influence used for hidden introduction into Addressee`s mind aims, wishes, intentions, attitudes...” [4, p. 87].

The realization of tactics focused on Maslow`s *hierarchy of needs* – a theory of psychological health predicated on fulfilling innate human needs in priority, culminating in self-actualization. According to his theory satisfaction of one need leads to the birth of another one. Maslow offers five points which he determines as basic. They are: physiological needs, needs in safety and security, love and belongingness, desire for self – esteem [5, p. 66-67].

All needs important for an individual are put into GW patterns to maximize impact to Addressee.

Physiological needs.

(Hunger, thirst, shelter, warm, sleep etc.)

There is no need to say the most essential of all people`s needs is physiological need. A hungry person cannot think of nothing except food. His only dream is food, he strives to get it. Love, freedom and other feelings are neglected by a man when in

hunger or lack of food. So, physiological needs come first in the person`s search for satisfaction.

*“Жеріңе тыныштық орнасын!
Өсек аяанның құрбаны болма!”;
“Айың жарық, күндерің ашықболсын,
Пәлі-құла Қырықкез қашық болсын!”*

Safety and Security.

(family safety, health, stability, employment etc.).

First comes a wish and need in safety, for only feeling protected a person can feel comfortable. And in only social conditions when surrounded with relatives and friends a human being can be satisfied and calmed. This goal is only reached within culture. As Maslow supposes then a sheltered man starts worrying of love and belongingness to a community of those alike, and the whole cycle is repeated again and again.

*“Аман-есен жетейік,
Тойларына келесі”;
“Аспаның ашық болсын!
Ниетің қабыл болсын!”.*

Love and Belongingness.

It is natural for an individual to feel thirst for friends, relatives, wife and children. He or she always tries to occupy a certain place in a community or, at least, in a small group of people and strives to reach the goal put. Often he wants it more than anything in the world quite forgetting the moments of hunger when just a thought of love could make him smile. All these values take their place in the patterns of Kazakh GW-s. No a wish not mention them.

*“Құтты болсын!
Қайырлық адам болсын!
Жұлдызың жансын!
Талабыңа нұр жаусын!”;
“Өмірдегі жақсылықты
Дәл осы үйг енәсіпет!”*

Self-Esteem.

(Need for respect)

It is natural for a person to be respected by others and have a sense of dignity. Respectful attitude towards a person raises self- respect and helps to develop a sense of confidence and to feel usefulness and necessity of you.

*“Барған жерде құшақ жая қарсы алсын,
Жақсы адамдар, жайса ңжандар зиялы.”;
“Атың-атың ату бол, туыстармен тату бол!
Айдағысыз малды бол, ағайынның алды бол!”;
“Арың түлектей болсын!
Өнерің өрлей берсін,
Өмірің төрлей берсін!”*

Self-Actualization.

The last and the highest point in the hierarchy by Maslow is self – realization, self- actualization. When all mentioned above needs are properly realized there comes a desire to fulfill to what a person is driven to by nature. It is a wish to become the one you are born to be, to realize talents given. The importance of this is proclaimed in almost every pattern of Kazakh GW-s.

“Мақтанышы бола біл,
Атаңменен анаңның.
Тілегіңе жете бер,
Оңыңнан есіп самалың!”

From the aspect of functional approach to discourse of good wishes we are going to look through two of them: by Karl Buhler – Austrian – German psychologist (1879-1963) and by Roman Jakobson- Russian and American linguist (1896-1982).

Language Functions by *Karl Bühler*:

1. Communication (‘Speech act’): message from addresser → addressee
addresser message addressee

2. 3 functions of language:
expressive informative conative

Emphasis on:

(1) message = *representational/informative/referential function* – referring to objects in the real world (data, information, details, times);

(2) addresser = *expressive function*, emotions, description (private letters; diary entries etc.)

(3) addressee = *conative/persuasive/vocative/per-locutionary* [6, с.37].

One of the functions can dominate.

Roman Jakobson developed Buhler’s model and offered six functions of language:

- Addressor(emotive);
- Context (referential)
- Addressee (conative);
- Contact (phatic);
- Message (poetic);
- Code (metalinguistic) [7, p.25].

The speech event, an act of verbal communication, brings into play 6 features, closely interdependent. An utterance does not necessarily/usually have only one function, there may be more.

Whole meaning, total act of communication is also supplied by:

Context*

Contact**

Code***

* co-text, other signs in same message, or wider context of communication

** establishing / prolonging contact: ‘Я, Тәңірім, жарылқа’, ‘Уа, Жаратқан, жарылқа’, ‘Уа, ЖаратқанИем!’, ‘Досым’.

*** checking same code is used: ‘Уа, халқымбауырыңбүтінболсын!’.

Each element in communication has its distinct role, so message is influenced (or determined) by dominant element.

Functional roles :

(CONTEXT-orientated) = referential

(ADDRESSER-orientated) = emotive

(ADDRESSEE-orientated) = conative, imperative, vocative

(CONTACT-orientated) = phatic

(CODE-orientated) = meta-lingual

(MESSAGE-orientated), = poetic, aesthetic

message for own sake

6 elements rarely or never are balanced. Communication can be orientated towards one or more of the six.

The speech event- an act of verbal communication, brings into play 6 features, closely interdependent. An utterance does not necessarily/usually have only one function.

In conclusion it is worth to add that all these linguistic means serve to fulfill pragmatic tasks closely connected to socialization matters. To bring up an educated mature individual as an integral part of social development and progress.

References

1 Бурдые П. Социология социального пространства. – М.: Институт экспериментальной социологии - СПб.: Алетейя, 2007. – 288 с.

2 Шейгал Е.И. Семиотика политического дискурса. – М.: ИТДГК «Гнозис», 2004. – С. 245.

3 Чикилева Л.С. Риторический дискурс: когнитивно-прагматический и структурно- стилистический аспекты. – М.: Флинта: Наука, 2005. – С.118.

4 Быкова О.Н. Языковое манипулирование: Матер. к энциклопедическому словарю «Культура русской речи». Теоретические и прикладные аспекты речевого общения // Вести Российской риторической ассоциации. – 1999. - Вып. 1 (8). — С.87.

5 Макклелланд Д. Мотивация человека / Пер с англ. ООО "Питер Пресс"; научн. ред. проф. Е. П. Ильина. – СПб.: Питер, 2007. – С. 66-67.

6 Бюлер К. Теория языка. Репрезентативная функция языка. – М., 2000. – С. 36-39.

7 Jakobson, Roman. Linguistics and Poetics. – Mouton: The Hague, 1981. – P.19-51.

Иманжусупова С.У.

Социализация личности через языковые средства казахских благопожеланий

Статья рассматривает прагматические установки дискурса благопожеланий, выраженные через языковые средства данного жанра, и направленные на социализацию индивидуума в обществе. Иерархическое распределение общечеловеческих потребностей, выраженных в пирамиде Маслоу, в полной мере присутствуют в казахских благопожеланиях «бата». Дискурс благопожеланий, проявляясь в этом уникальном народном жанре, нацеливает индивидуума на реализацию всех перечисленных Маслоу насущных потребностей для становления цельной и зрелой личности, которая является залогом успешного развития и прогресса общества в целом. Наряду с вышеуказанным, в статье производится попытка применить функциональный подход к языку с позиций К.Бюлера и Р.Якобсона к образцам казахских благопожеланий.

Иманжусупова С.У.

Тұлғаны қазақ бата – тілектерінің тілдік құрылғылары арқылы әлеуметтендіру

Мақала игі-тілектер дискурсының прагматикалық қондырғыларын айтылмыш жанрдың тілдік құрылғылары арқылы және тұлғаның қоғамда әлеуметтенуі арқылы қарастырады. Маслоу ұсынған адамгершілік қажеттіліктердің иерархиялық үйлестіру пирамидасындағы қазақ халқының игі-тілектері батада толығымен кездеседі. Игі-тілектер дискурсы, осы бірегей халықтың жанрында көрсете отырып, Маслоу айтқан тұлғаны толғақты қажеттіліктің барлығын жүзеге асырып, тұтас есейген тұлға болып табысты дамудың және қоғамның озықтығына кепіл етеді.

Жоғарыда көрсетілгендей, мақалада К.Бюлер және Р.Якобсон айқындамаларының көзқарасынан қазақ игі-тілектер үлгілеріне функциялық тіл амалдарын қолдану мүмкіндігі беріледі.

РАЗДЕЛ 3 ЭТНОПЕДАГОГИКА И ПЕДАГОГИКА ШКОЛЫ

УДК 37.014.3

Иманбаева С.Т., п.ғ.д., профессор

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан

ҰЛТТЫҢ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ӘЛЕУЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ – МЕМЛЕКЕТТІҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН САҚТАУДЫҢ КЕПІЛІ

Мақалада «Интеллектуалды ұлт – 2020» ұлттық жобаның тарихи мәні, қоғамдағы әлеуметтік белсенді мәселе – халықтың интеллектуалды потенциалын және интеллектуалды тұлғаны қалыптастыру қарастырылады. Сонымен қатар жаңа тұрпатты қазақстандықтарды тәрбиелеу және Қазақстанды бәсекеге қабілетті адам капиталы бар елге айналдыру, ұлттың интеллектуалдық әлеуетін дамыту және ол жобаның мемлекетті стратегиялық тұрғыдан дамыту бағытының бөліктері талданады.

Тірек сөздер: интеллектуалды ұлт, интеллектуалды орта, интеллектуалды ұлтты қалыптастыру, баске қабілеті, интеллектуалды әлеует, инновация, білім беруіні дамыту, рухы күшті тұлға, тұлғаның рухани-адамгершілігі

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың "Қазақстан-2050" стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыт-бағдары" тақырыпта кезекті халыққа жолдауында – 2050 жылы әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарына кіру мәселесін алға тарта отырып, «оған қажеттінің бәрі – ресурстарымыз, білімді адамдар, ұйысқан ұлт, бәрі бар», - деді атап көрсете келе негізгі бағыттарды инновациялық дамуға жағдай жасау, білімнің маңыздылығын жоғарылату, Қазақстанды өндірісін дамытудың жаңа кезеңінің жоспарын жасау, индустриалды-инновациялық даму, Еуразия экономикалық одағын құру, мемлекеттік активтерді басқару жүйесін модернизациялау [1].

Қазақстан азаматтарының құқықтарын сақтауға, этникалық және тілдік белгілері бойынша азаматтардың дискриминацияға ұшырамауы, қазақ тілінің мәртебесін көтеру және тілдердің үштұғырлығын дамыту, жаңа қазақстандық патриотизм – біздің көпұлтты және көпконфессиялы қоғамымыз табысының негізі елімізді қуатты да табысты мемлекетке айналдыру, - деп атап көрсетеді.

Аталған жолдауда қарастырылған бағыттар, негізгі идеялар «Интеллектуалды ұлт -2020» ұлттық жобасында қамтылған қағидалармен, инновациялық тұрғыда дамыту, жалпы қоғамды ақпараттандыру, болашақ ұрпақтың ұлттық мәдени құндылықтарын қалыптастыруға негізделген рухани-

адамгершілік тәрбие беру стратегиялық бағыттарымен ұштасып, сабақтасып жатыр [2, 8 б.].

«Интеллектуалды ұлт-2020» жобасында елбасының бүкіл халықтың алдына қойған негізгі идеясы экономиканы дамыту, халықтың әлеуметтік жағдайын көтеру, рухы жоғары білімді тұлғаны қалыптастыру арқылы қоғамды дамытуды көздейді. Бүгінгі қоғамның алдында рухы күшті тұлға, халық, қуатты мемлекетті қалыптастыру мәселесі тұр. Осы тұрғыда тұлғаны қалыптастыруда үздіксіз білім беру жүйесінің, бәсекеге қабілетті зияткер тұлға қалыптастыруда ұстаздың орны ерекше. Бүгінгі егемен еліміздің елдігі мен бірлігі ұстаз тәрбиелеген жас ұрпақтың рухының биіктігінде, біліктілігі мен білімінде екені әлемдегі жаһандану үдерісі көрсетіп отыр.

«Интеллектуалды ұлт – 2020» ұлттық жобасының мақсаты жаңа тұрпатты қазақстандықтарды тәрбиелеу және Қазақстанды бәсекеге қабілетті адам капиталы бар елге айналдыру, ұлттың интеллектуалдық әлеуетін дамыту және ол жобаның мемлекетті стратегиялық тұрғыдан дамыту бағыты үш құрамдас бөліктен тұрады: білім беру жүйесін инновациялық даму жолына түсіру; қуатты ақпараттық революция, яғни ақпараттық технологиялар паркін қалыптастыру; жастарға рухани тәлім-тәрбие беру. Сонымен бірге ұлттық жобаның негізгі идеясы жаңа тұрпатты азаматты тәрбиелеумен және Қазақстанды бәсекеге қабілетті адами капиталы қалыптасқан мемлекет деңгейіне жеткізумен байланысты. Қазақстан Республикасы Президентінің интеллектуалды ұлтты қалыптастыру міндеті өте маңызды және тереңірек ұғынуды қажет етеді, себебі ол Қазақстанның бәсекеге қабілетті экономикасын құру, әлемнің бәсекеге қабілетті дамыған 30 елінің қатарына Қазақстанның енуі үшін негізгі бағдар болып саналады.

Елбасының бағдарламалық еңбектерінде көрсетілгендей, білім жүйесін инновациялық технологиялармен жабдықтау, білімнің халықаралық стандартын меңгеру, сапалы білім беруге қол жеткізу, қоғам сұранысына жауап беретін білікті маман, интеллектуалды дамыған, шығармашылықпен жұмыс істейтін Қазақстан Республикасының кәсіпкер азаматтарын даярлау отандық білім саясатының негізгі ұстанымын айқындайды.

Қазақстанның экономикалық өркендеуінің, саяси және индустриалды-инновациялық дамуының маңызды ресурсы адам капиталы құндылығымен өзектелінеді. Ұлттың интеллектуалды әлеуеті мемлекеттің әлемдік экономикалық және әлеуметтік кеңістікте бәсекеге қабілеттілігінің анықтаушы факторы болып табылады. Оның мәні еліміздің тиімді әлеуметтік-экономикалық дамуына қажетті жаңа білімдерді игеруге негіз болатын тұлғаның шығармашылық қабілеттері және кәсіби-мамандық, біліктілік деңгейлері арқылы ашылады.

Интеллектуалды әлеует – интеллектуалды іс-әрекеттің барлық түрлерін, оның субъектілерін, ғылымды, білімді, жаңашылдықты біріктіретін интегративті ұғым және бұл феномен, ең алдымен, қоғамның интеллектуалдық ресурсының базасы болып табылатын үздіксіз білім беру жүйесінде (мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш білім, негізгі орта білім, жалпы орта білім,

техникалық және кәсіби білім, арнайы білім, жоғары білім, жоғары оқу орнынан кейінгі білім) қалыптасады.

Қазақстанның бәсекеге қабілетті мемлекет, ұлт, ел болуында адам капиталы сапасының артуы ұлттық интеллектінің белсенуінен, шоғырлануынан бастау алмақ. Елдің интеллектуалдық капиталы мен қоғамның инновациялық әлеуеті тек қана білім арқылы келетіндігі мәлім.

Қазіргі жағдайда қоғамның білім деңгейі мен интеллектуалды әлеуеті ұлттық байлықтың маңызды құрамы ретіндегі сипатқа ие, ал адамның білімділігі, кәсіби икемділігі, шығармашылыққа талпынысы және қалыптан тыс жағдайларда әрекет ете білуі еліміздің өрлеуіне негіз, тұрақты дамуы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге шарт бола алады.

Ұлттың интеллектуалды әлеуеті – қоғамның жан-жақты экономикалық және әлеуметтік қабілетін дамыта отырып, әлеуметтік өміршеңдік жолымен интеллектуалды өнімді пайдалану және құру болып табылады. Қоғамның интеллектуалды әлеуетіне ғылыми-технологиялық, білімділік, ақпараттық-коммуникативтік, мәдени, басқару, мемлекеттік-институциональді және жеке әлеуетінен құралады.

«Интеллектуалды ұлт-2020» ұлттық бағдарламасы қазақ елін бәсекеге қабілетті ұлттар қатарына кіріктіруге ұмтылыс жасайтын бірден бір тарихи құжат. Интеллектуалды ұлт – интеллектуалды тұрғыдан адамгершілік, мәдени қасиеттерді меңгерген өзінің ғылыми, мәдени, білімі мен білігін еркін тарату әлеуетіне ие бәсекеге қабілетті ұлт. Жалпы жеке тұлғаның интеллектуалды әлеуеті – жеке тұлғаның «туа біткен» немесе «жүре қалыптасқан» мүмкіндіктері мен шығармашылық-әлеуметтік интеллектуалды іс-әрекетінің өзін-өзі дамыту мен өз іс-әрекетін іске асыра білу қабілеті, жеке тұлғаның өз ресурстары (адамның қабілеті, білімі, біліктілігі, бағыт-бағдары) және жеке психологиялық (ең бірінші ақыл ресурстары) жүйесі.

Интеллектуалды тұлғаны қалыптастырудың ғылыми-теориялық негіздері ұлттың интеллектуалды әлеуетін қалыптастыру – мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін сақтаудың және практикалық негіздерін іске асырудың бастапқы ұстанымы педагогикалық үдеріс және оған қатысушылардың өзара әрекеттестік жүйесі, жаңа іс-әрекеттің субъектісі ретінде білім алушылардың интеллектуалды тұлғасын қалыптастыру идеясы болып табылады.

Сондықтан оның әдіснамалық базасын тұлға, іс-әрекет, таным, басқару теорияларының философиялық және психологиялық заңдылықтары; жүйелілік, интегративтілік, кешенділік, субъектілі-іс-әрекеттік, құзыреттілік, аксиологиялық, жас және дара ерекшелік тұрғылары құрайды. Сондай-ақ ақыл-ойды дамытудың теориялық-практикалық мәселелерін шешуге бағытталған ішкі және сыртқы факторларының бірлігін көрсететін тұрғылар, үздіксіз педагогикалық білім беру тұжырымдамасы; біртұтас педагогикалық үдеріс теориясы; педагогикалық жүйе теориясы; әлеуметтік жүйені өздігінен ұйымдастыру теориясы; денсаулық сақтау ортасын құру теориялары бағдар болып танылады.

Адамның ақыл-ой дамуы таным іс-әрекетін меңгерумен тікелей тығыз байланысты болғандықтан, философиялық және психологиялық таным теориясы, дидактикалық теориялар (дамыта оқыту мен проблемалы оқыту), сонымен қатар психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету теориясы ерекше маңызға ие. Педагогикалық қолдау көрсету әдіснамасының мәні жеке тұлғаның ақыл-ой қабілетін дамыту, өзін-өзі дамыту мен өзінің қабілеттерін жүзеге асыруда жатыр.

Құзыреттілік тәсіліне сәйкес білім беру жүйесіндегі негізгі нәтижелері түйінді құзіреттіліктер болып табылады. Мұнда жоғары деңгейдегі қарым-қатынасты игере алуға, талдау жасауға, түсінік қалыптастыруға баса мән беріледі. Бұл тәсіл өмірдің әр түрлі саласында стандарттан тыс тапсырмаларды шешуге деген қабілеттілікті және қоғамда (социумда) табысты түрде әлеуметтенуге бейімделудің жолдарын игеруге мүмкіндік береді.

Интеллектуалды ұлт болып қалыптасудың негізгі индикаторлары – тұлғаның, жалпы ұлттың тұрмыс жағдайы, білім алуға және ғылыммен айналысуға қолжетерлігі (әрбір тұлға алған білімін ертеңгі кәсібіне жаратуы тиіс), жұмыспен қамтылуы, денсаулығы, еңбек табысы, медицинамен қамтамасыз етілуі, т.б. Интеллектуалды ұлт – адамгершілік, мәдениет, интеллектуалдық тұрғыдан өзінің ғылыми, мәдени, білімдік ақпараттарын еркін тарату әлеуетіне ие бәсекеге қабілетті ұлт.

Интеллектуалды тұлғаны, интеллектуалды ұлтты қалыптастыру – қоғамдағы ең көкейтесті мәселелердің бірі. Интеллектуалды әлеует – интеллектуалды іс-әрекеттің барлық түрлерін, оның субъектілерін, ғылымды, білімді, жаңашылдықты біріктіретін интегративті ұғым, ең алдымен, қоғамның интеллектуалдық ресурсы болып табылатын үздіксіз білім беру жүйесінде (мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш білім, негізгі орта білім, жалпы орта білім, техникалық және кәсіби білім, арнайы білім, жоғары білім, жоғары оқу орнынан кейінгі білім) қалыптасады.

Мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін сақтау ұлттың интеллектуалды әлеуетін қалыптастыруда 2004 жылғы «Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін» жолдауында әлемдік білім кеңістігіне толығымен кірігу білім беру жүйесін халықаралық деңгейге көтеру, оқушыларды жоғары сатыда бейінді оқытуды көздейтін он екі жылдық білім беруге көшу, білім беру жүйесінің материалдық-техникалық базасын елеулі түрде нығайту, біріншіден, бала бақшалар жүйесін қалпына келтіруге және толыққанды мектепке дейінгі білім беруді қалыптастыруға кірісу, екіншіден, реформалаудың нәтижелерінің бірі жаңа сатыдағы педагогтың өмірге келуі, көптілді білімі бар педагогтар үшін қызмет орындарына ерекше назар аудару, мұғалімдердің біліктілігін неғұрлым сапалы деңгейге көтеру, білім беру жүйесінің қызметкерлерін қайта даярлау жөніндегі республикалық және аймақтық институттардың материалдық-техникалық базасын нығайту, келешекте мұғалім мамандығы ең беделді әрі жоғары ақы төленетін мамандықтардың бірі болуы, т.б. қамтылған бағыттар іске асырылды. Ұлттық бәсекелестік қабілеті бірінші кезекте оның білімділік деңгейімен

айқындалады. Мемлекеттің бәсекелестік қабілеті елдің халықаралық аренадағы рөлі мен беделінің артуынан, мемлекеттің өз азаматтарының өзекті проблемаларын шешу қабілетінен, мемлекет ұсынатын қызметтер сапасының артуынан көрінеді.

Ұлттық бәсекеге қабілеттілік – қоғамдық қызметтің барлық салалары бойынша бір елдердің екіншілерінен артықшылықта болуына мүмкіндік беретін факторлардың жиынтығы.

Президенттің Қазақстан халқына жолдауларында Қазақстан мемлекеті бәсекеге қабілетті мемлекет болуына байланысты мәселелерді қамтиды.

“Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін!” (2004), “Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елу елдің қатарына кіру стратегиясы” (2006) жолдауларының мазмұны халықтың бәсекеге қабілетті индикаторларына жан-жақты ашып көрсетіп беріп отыр.

Тұлғаның, ұлттың, мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігі бүгінгі жоғары оқу орындарында оқып жатқан болашақ мамандардың білімді меңгеріп, кәсіби шеберлігіне, біліктілігіне байланысты. Ұлттық білім мен ғылымды меңгере отырып, әлемдік деңгейдегі тәжіриблермен кіріктіре отырып бәсекеге қабілетті маман қалыптастыру мүмкіндіктері толықтай бар деп айтуға болады.

Бүгінгі таңда болашақ маманды даярлау жоғары мектеп жағдайында ұлттың интеллектуалды әлеуетін қалыптастыру бойынша, көбінесе әр түрлі кезеңдерде бұл құбылысты қалыптастырудың ғылыми-теориялық негіздерін арнайы зерттеуді талап етеді. Интеллектуалды ұлтты табысты қалыптастыру үздіксіз білім беру барлық деңгейлерінде ғылыми негізделген әдістемесіз мүмкін емес екені айқын. Сондықтан үздіксіз білім беру жүйесінде мәселе бойынша тұжырымдама, бағдарлама дайындау және әдістемелік қамтамасыздандыру қажет. Қазақстан Республикасы Президентінің «Интеллектуалды ұлт-2020» мемлекеттік жобасында қамтылған басымды бағыттарды іске асыру мақсатында Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті п.ғ.д., профессор С.Ж.Пірәлиевтің басшылығымен «Қазақстан Республикасы жоғары мектебі жағдайында ұлттың зияткерлік әлеуетін қалыптастыру» ғылыми мега жобасы дайындады.

Жоба аясында Қазақстан Республикасында ұлттың интеллектуалды әлеуетін қалыптастырудың ғылыми-теориялық және практикалық негіздерін анықтай отырып, ұлттың интеллектуалды әлеуетін қалыптастырудың негізгі бағыттары мен шарттарын анықталады. «Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесінде ұлттың интеллектуалды әлеуетін қалыптастыру» тұжырымдамасы дайындалды [3, 12 б.]. Тұжырымдама Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесіндегі ұлттың зияткерлік әлеуетін дамытудың мақсаты мен міндеттерін, ұстанымдары мен іске асыру шарттарын айқындайтын негізгі құжат болып табылады. Тұжырымдамада ұлттың интеллектуалды әлеуетін дамытудың тиімділігін қамтамасыз ететін әлеуметтік-педагогикалық ынтымақтастығын күшейту негізінде ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды дамыту мен қалыптастырудың стратегиялық

бағыттары анықталған. Ұлттың интеллектуалды әлеуетін қалыптастыру бәсекеге қабілетті ұлтты қалыптастырудың және қазақстан қоғамының тұрақты дамуына ықпал етуді жетілдірудің басты мүмкіндіктері қамтылады [3, 14 б.].

2013 жылы 23 апрельде «Жоғары оқу орындарында болашақ маман тұлғасының интеллектуалды әлеуетін дамыту: мәселелер, ізденістер, болашағы» атты республикалық ғылыми-практикалық семинар өткізілді. Семинарда республика ғалымдарының жоғары мектеп жағдайында педагог мамандардың интеллектуалды әлеуетін қалыптастыруға байланысты ой-тұжырымдары, ұлттық және халықаралық тәжірибелер, ұлттық зиялы қауым өкілдерінің бүгінгі ұрпақ тәрбиесіне ықпалы қамтылды [4, 57 б.].

Қазіргі таңда Қазақстан саяси тұрақтылық пен жаңа экономикалық даму бағытын ұстанып отырған жағдайда, ұлттық құндылықтардың нығаюына ықпал ететін басты мәселе үздіксіз білім беру жүйесін модернизациялау мен ақпараттандыру, білім беруді жетілдіру, қоғамның рухани құндылығын арттыру маңызды болып табылады. Әлемдік деңгейдегі жаңа технологиялардың дамуы барысында білім беруге деген көзқарас тың арнада қалыптасып отыр. Қазіргі білім беру парадигмасына жаңаша қарау мәселесі негізгі орында. Білім беру жүйесі тек педагогикалық категория емес, бұл адами капиталдың дамуына орасан зор ықпал ететін қоғамдық құбылыс ретінде қарастырылады.

Тұлғаның интеллектуалды әлеуетін қалыптастырып, дамытуда ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан тарихи құндылықтарды негізге ала отырып, ХХ ғасырдың басында ұлттық білім мен тәрбие жүйесінің негізін салған, зиялы қоғамды құруға бар ғұмырларын арнаған А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, Ә. Бөкейханов, М. Шоқай т.б. тұлғалардың тарихи болмыстарын бүгінгі ұрпаққа мұрат ете отырып, зиялы қоғамның ұлттық болмысын қалыптастыру көзделеді.

Абайдың «Толық адамы» туралы тұжырымының негізгі қағидасы болған – арлылық, ақыл, рахым, парасат, әділеттілік пен қайрымдылық қасиеттердің интеллектуалды тұлғаны қалыптастырудың негізгі көзі болып табылады. Тұлғалардың өмірі зиялы қоғамды құруға бағытталған негізгі күш деп бағалауға болады. «Интеллектуалды ұлт – 2020» жобасында қамтылған қағидаларды ұлы Абайдың «Толық адам» идеясымен сабақтастыра отырып «Абайтану» атты оқу құралы оқу-тәрбие үдерісіне енгізілді. Сонымен қатар, университет студенттерінің зияткерлік әлеуетін қалыптастыруға негізделген «Ұлттық тәрбие», «Әдептану», «Отантану», «Дінтану», «Өлкетану», «Арттәрбие», «Акмеология» т.б. пәндері оқу-тәрбие үдерісіне енгізілді. «Информатика» және «Ағылшын тілі» пәндеріне қосымша кредиттер бөлініп отыр. Бірқатар мамандықтарда пәндер ағылшын тілінде жүргізіледі.

«Интеллектуалды ұлт-2020» жобасы тұлғаның, болашақ ұрпақтың ұлттық мәдени құндылықтарын қалыптастыруға негізділген рухани-адамгершілік тәрбие беру басты стратегиялық бағытты қамтып отыр. Жаһандану заманында рухани құндылықтардан материалдық құндылықтардан басым болып тұрған тұсында аталған мәселенің басты стратегиялық бағыт болуы да дау туғызбайды. Яғни, зиялы қоғамды құруда білім беру жүйесінің инновациялық дамуы, білім

беруді және қоғамды ақпараттандыру, қоғам мүшелерінің бойында рухани құндылығын қалыптастыру.

Біздің алдымызға қойылған негізгі мақсат бәсекеге қабілетті зияткер ұрпақты қалыптастыру. Осы мақсатқа сай тұжырымдамада берілген негізгі қағидаларды іске асыру барысында жоғары оқу орындарының 2 курс студенттеріне 2 кредит көлемінде «Болашақ маманның интеллектуалды әлеуетін қалыптастыру негіздері» атты пәнді енгізуді көздеп отырмыз.

"Қазақстан-2050" стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыт-бағдары" атты жолдауында және «Интеллектуалды ұлт-2020» жобасында қарастырылған бағыттардың іске асырылуы – қоғамның әлеуметтік даму жағдайына әлеуметтенген, ұлттық және өркениеттік мәдениетті менгерген, бәсекеге қабілетті, зияткерлік әлеуеті қалыптасқан, халық бірлігі, мемлекетіміздің тұтастығы мен дербестігін қорғай алатын патриот – азаматты қалыптастыру болып табылады.

Әдебиеттер

1 Қазақстан Республикасы Н.Ә.Назарбаевтың «Интеллектуалды ұлт-2020» Ұлттық бағдарламасы // Айқын. – 2008. – 35 б.

2 «Қазақстан – 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы // Ақиқат. - №1. – 2013. – 5-27 бб.

3 Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесінде ұлттың интеллектуалды әлеуетін дамыту тұжырымдамасы (Қазақ және орыс тілдерінде). – Алматы: Ұлағат, 2013. – 36 б.

4 Жоғары оқу орындарында болашақ маман тұлғасының интеллектуалды әлеуетін дамыту: мәселелер, ізденістер, болашағы // Респ. ғыл.-прак. семинар матер. – Алматы: Ұлағат, 2013. – 116 б.

Иманбаева С.Т.

Формирование интеллектуального потенциала нации – залог сохранения конкурентноспособности государства

В статье рассматриваются историческая значимость национального проекта «Интеллектуальная нация-2020», вопросы формирования интеллектуальной личности и интеллектуального потенциала нации как актуальных социальных проблем в обществе. А также анализируются основные индикаторы формирования интеллектуальной нации, проблемы конкурентоспособности, особенности развития Казахстана как конкурентоспособного государства, формирование интеллектуального потенциала нации как способ сохранения конкурентоспособности государства.

Formation of intellectual potential of the nation - pledge of preserving the competitiveness of the state

This article discusses the historical significance of the national project "Intelligent Nation 2020", forming an intellectual personality and intellectual potential of the nation as a pressing social problems in society. And also analyzes the main indicators of intellectual formation of the nation, competitiveness issues, especially the development of Kazakhstan as a competitive state, the formation of the intellectual potential of the nation as a way to maintain the competitiveness of the state.

УДК 37.018.11

Жалғасова Ш.Ә., п.ғ.к., профессор,

Бейсембаева А.Ә., п.ғ.к., доцент

*Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар
және әлем тілдері университеті, Қазақстан*

Махметова Б.Т. п.ғ.к., профессор

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан

ОТБАСЫ ТӘРБИЕСІ – ҰЛТ БОЛАШАҒЫ

Мақалада жанұяның адамзат үшін тәрбие ортасы болып табылатынын айта келіп, бүгінгі таңда жанұялық тәлім-тәрбиенің маңызды әлеуметтік мәселелердің бірі екендігі көрсетілген. Отбасылық тәрбиенің этикалық, эстетикалық, интеллектуалды, адамгершілік түрлеріне сипаттама берілген. Педагог-ғалымдардың еңбектеріндегі отбасылық тәрбие ұғымы, мәні қарастырылған. Отбасының мемлекетке тигізер пайдасы, отбасы тәрбиесінің – ұлт болашағы екендігі ашылып көрсетілген.

Тірек сөздер: отбасы, тәрбие, отбасылық тәрбие, этикалық, эстетикалық, интеллектуалды, адамгершілік тәрбие

Шығыс халықтарында» Бала қымбат болса, баланың тәрбиесі одан да қымбат» деген нақыл сөз бар. Мұның мәні өте тереңде жатыр. Егер ата-ана ұлт болашағын ойлайтын текті, саналы ұрпақ өсіре алмаса оның келешегі бұлыңғыр. Баланың тар ойлы, жетесіз болып өсуіне М.Жұмабаевтың тәрбиешіні кінәлауы тегін болмаса керек. “Бала істеген жауыздықтың жазасын тәрбиеші көтерсін” деген [1, 38 б.] Иран елінің мәтелі де осыдан туындаған. Халқымыздың бүкіл салт-санасы, әдет-ғұрпы, ертегі, аңыздары, мақал-мәтелдері, жыр-термелері, ойын-сауығы, жұмбақтары мен жаңылтпаштары тәрбиеге бағытталған. Өкініштісі ,бүгінгі қоғамдағы ұлттық тәрбиенің негізгі құралы болып отырған ақпарат құралдарының тәрбиелік ырғағының бұзылуы.

Баланы адамгершілікке баулу үшін бүкіл қоғам мәдениетін жетілдіру керек, себебі бала тәрбиесі қоғамның барлық тетіктеріне тікелей байланысты. Осының барлығы қадағаланып, игі мақсатта жұмылғанда ғана тәрбие жақсы нәтижеге ие болмақ.

Біз тұрмысымыздың, әдет-ғұрпымыздың заман талабына сай болуын жиі ойлаймыз. Жақсы әдет-ғұрып біздің байлығымыз, рухани күшіміз. Өйткені, ол еңбегімізді жеңілдетіп шығармашылық қиялымызды шарықтатып байыта түседі. Демек, бала жас кезінен-ақ адамдар арасында тек қуаныш әкелетін іске, жақсы әдетке бейімді тәрбиеленуі тиіс.

Адам бойындағы ашылмай жатқан тума талант пен қабылет бала кезінен-ақ байқалатындығы белгілі. Мұндай кезде бала қиялына қанат бітіп, ойына алған қандай да бір істі тындыруға ерекше құлшына кіріседі. Жігеріне жігер қосылып, ерекше бір әсер алады.

Егеменді еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуын жеделдетуге бағытталған бетбұрыс кезеңде қоғамның мұраттарымен идеяларын жүзеге асыруда жастарда өнегелі бастама, моральдық жоғары қасиет, шынайы достық қарым-қатынасты қажет етеді. Түркі ғұламаларының мұраларындағы отбасы тәрбиесін ұйымдастырудың тұжырымдамалық идеялары, тәрбие қағидаларымен әдіс-тәсілдері отбасы тәрбиесінің ерекшеліктерін қамтамасыз етеді. Яғни, тәрбиенің тұлғалық – бағыттылығы, халықтық сипаты, ізгіліктілігі, табиғатпен тікелей байланыстылығы, дінмен байланыстылығы, тәрбиенің жеке даралығы-ұл балалармен қыз балалар үшін тәрбиенің тұтастығы мен кешенділігі Мұқағали ақынның

Қызым болсаң-қырымда құралайсың,

Ұлым болсаң-ұлы бір мұрадайсың

Естисің бе, есі жоқ, ей дүние,

Менен неге сүйінші сұрамайсың? – деген өлең жолдарында көрініс береді [2, 182 б.].

Шындығында, баланың шыр етіп өмірге келуі-зор қуаныш.

Қазақстан Республикасының Конституциясында «балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу – ата-ананың табиғи құқығы әрі парызы» деп, отбасының міндеті анық көрсетілген. Сонымен бірге, отбасы туралы заң жоғары және орта білім тұжырымдамасында әрбір отбасына өзінің ұрпағын тәрбиелеп, қатарға қосу міндеті жүктелген.

Отбасын қоғамнан бөліп қарауға болмайды, қоғамда болып жатқан оқиғалар ешкімді айналып өтпейді. Отбасы қоғамның бастапқы негізі, берік – жартасы. Бүгінде адам бақыты өз отанына пайдалы азамат болуда екені баршаға аян. Осы тұста бала тәрбиесінде отбасының, ата-ананың атқаратын ролі зор. Бала ата-ана арасындағы қарым-қатынасты тез қабылдайды. Егер, әке мен шеше бір-біріне көмектесіп, ынымақтасып өмір сүретін болса, бала да адал, шыншыл, қайырымды болып өседі. Ата-аналардың балаларды ренжітпей, ұрыспай, жылы шыраймен тәрбиелеуі қажет-ақ. Кейде оның сәтсіз болып шығуы да ықтимал. «Мен егер закон қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзетіп болмайды деген кісінің тілін кесер едім», - деп ұлы ағартушы

Абай айтқандай, санасы бар адамның түзелетініне сену керек [3]. Біз көп жылғы педагогтық тәжірибемізде мектеп ұжымының қажымай еңбектенуінің арқасында «шәлкес» мінезді талай ұл-қыздардың дұрыс тәрбие жолына түскенінің куәсі болдық. Баланың жақсы қылықты болып өсуіне тек әке-шеше тәрбиесі ғана емес өскен ортасының, бірге жүрген құрбы-құрдас, дос-жарандарының да әсері күшті. Қазақтың «Ұлың өссе, ұлы жақсымен ауылдас бол, қызың өссе, қызы жақсымен ауылдас бол», - дейтін данышпандық сөзі өмір тәжірибесінен алынған. Баланың бірге жүрген жолдасының кім екенін, тіпті олардың үй-ішінде, айналысатын кәсібін де білгеннің оғаштығы жоқ. Балалардың бірін-бірі танығаны, білгені жақсы. Ата-ана балаларының әрбір қимылын, мінезіндегі өзгерісті сезімталдықпен үнемі байқап, әр кез ақылын айтып отырғаны орынды. Осыған орай, ата-ана балаларына өмірлік тәжірибесімен және күнделікті іс-әрекетімен үлгі болуы тиіс. Балалар көп жағдайда өзінің төңірегіндегі адамдарға, өзінен жасы үлкен балаларға еліктегіш келеді. Себебі, оның өмірден тәжірибесі жоқ болғандықтан өз бетінше жақсы мен жаманды айыра алмайды, сондықтан да өзінің әке-шешесіне, ағасына, әпкесіне еліктеп соларша сөйлеуге, солардың жүріс-тұрысын қайталауға тырысады. Кейбір жағдайда ата-ана өздерінің балаға қандай өнеге көрсетіп отырғандығын байқамай қалады. Ал, бала олардың жүріс-тұрысынан, сөйлеу мәнерінен, мінез-құлқынан үлгі алуға ниеттенеді. Балалардың алғашқы әсерін бүкіл өміріне жетердей тәрбиелеу үшін ұрпақтарды тек сөзбен ғана емес, шынайы іспен, қоғамдық еңбекпен байланыстыру қажет. «Әкеге қарап ұл өседі, шешеге қарап қыз өседі», - деп халық даналығы айтқандай, тәрбие мәселесінде ата-ана жастарға әр кез үлгі екенін естен шығармағаны жөн. Балалардың еңбекке белсене араласуы оларда ұжымшылдықтың, мінез-құлқтың қалыптасуына көмектеседі.

Адам баласы тарихындағы отбасының ролі айырықша. Мемлекеттің пайда болуын отбасы шығуымен байланыстыру жай емес. Отбасы қоғамдық өмірдің тірі жасушасы. Отбасындағы ынтымақ, сыйластық негізінен ондағы адамдардың бір-біріне деген сүйспеншілігінен, қарым-қатынасынан басталады. Сондықтан да балаларды отбасылық өмірге әзірлеу барысында кішкене кезінен-ақ сүйіспеншілік сезімдерді бойына сіңіру керек. Бүгінде еліміздің әлеуметтік – экономикалық дамуын жеделдетуге бағытталған бетбұрыс кезеңде тәуелсіздік мұраттары мен идеяларын адамдардың өнегелі бастамасынан, моральдық жоғары қасиетінен, шынайы достық қарым-қатынасынан да айқын көруге болады.

Дүниеде ақын да, батыр да, ғалым да күннің нұрынан, ананың ақ сүтінен жаралған. Сондықтан да дүние жүзінің барлық елдерінде Отанға опасыздық пен Ана сүтін ақтамау ең зор қылмыс саналады. Ананың ақ сүтін, әкенің адал күшін ақтау – өз болашағыңды сақтау.

Бала жақсы адам болуы үшін ол күн сайын отбасы мүшелері арасындағы ең жарасты, ең әділетті қарым-қатынастардың куәсі болу керек. Осындай дәстүрді сақтау бүгінгі күрделі заманда баланың алдындағы борышы тек олардың қарындарын ашырмай, киімдерін бүтіндеумен шектелу деп түсінбей,

оларға жан азығын, рухани байлығын толықтыру, жетілдіру мақсатын естен шығармаған абзал.

Көптеген отбасында үй кітапханасын жинақтау дәстүрге айналды. Ендігі әңгіме осы кітаптарды отбасы мүшелері қалай пайдаланады. Міне, осы мәселеге де көңіл аудару керек сияқты. Кітап мүлік емес, рухани азық ретінде жиналып, осы тұрғыда қызмет етсе және оқыған нәрсесін әркім өзінің тәжірибелік өмірінде пайдаланса, онда айтылған ақыл, ой-пікірлермен сусындаумен қатар оларды игеріп, онымен қарулануға ынталанса, онда үйде жиналған кітапхана сол отбасының рухани азығының бір көзіне айналады. Сондықтан үйге кітап жинауда осындай мақсат-мүдде көзделуі тиіс.

Халық даналығындағы «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны ілер», - деген мақалдар тегін айтылмаған. Отбасы мүшелерінің арасындағы қарым-қатынасты реттеу арқылы жағымды психологиялық ахуал орнықтыру қажет. Ол үшін ата-аналардың жалпы педагогикалық білімі оның ішінде отбасы мүшелерінің арасындағы қарым-қатынас арқылы тәрбиелік шаралар түзуге байланысты педагогикалық-психологиялық білім деңгейлерін көтеру қажет, ол «Ата-аналардың педагогикалық университеті» аясында іске асырылуы тиіс. Мұнда отбасында ата-ананың өзара қарым-қатынасы мен ондағы мүшелерінің қарым-қатынасы, балалардың өзара қатынастарының тәрбиелік ықпалын түсіндіру мақсатында болуы шарт яғни, ата-аналар арасында педагогикалық білім жетілдіру жұмыстарын ұйымдастыру қажет.

Белгілі педагог В.А.Сухомлинскийдің еңбектерінде «мемелекеттік-отбасылық тәрбие» ұғымы кең қолданылады [4]. Оның пікірінше тәрбиені мектептік немесе отбасылық деп қарастыруға болмайды, өйткені бала тұлғасы біртұтас және оны қалыптастыру үдерісі де біртұтас сипат алады. Осындай біртұтас тәрбие үдерісінде мектеп жетекші рөл атқарады. Мектеп отбасының тәрбиелік мүмкіндіктерін кеңітеді және дамытады, осы бағытта педагогикалық ағарту жұмыстарын жүргізеді, қоғамдық және мектептен тыс ұйымдардың мектеп пен отбасына белсенді түрде көмек көрсетуін ұйымдастырады және бағыттайды, олардың әрекеттерін үйлестіреді.

Баланың бойындағы кейбір жағымсыз қасиеттер жаратылысынан емес, өскен орта, көрген үлгі, өнеге білетіндігінен. Баланы адамшылыққа тәрбиелеу үшін, жас буынды ұлттық салт дәстүр негізінде тәрбиелеу қажет.

Бүгінгі таңда «Жастар тәрбиесі-баршаның ісі», - деген ұранмен үндестік тауып, жас ұрпаққа қамқорлық барлық жерде кең өріс алуда.

Отбасында баланың басты тәлімгері анасы мен әкесі және әжесі мен атасы, туған-туыстары. Оны қоғамдық тәрбиенің қандай саласы болса да алмастыра алмайды. Қазіргі заманда отбасының құрылымы өзгеріп, ондағы мүшелер саны азайып, бала саны кеми түсті. Қоғамдағы әлеуметтік, мәдени, экономикалық жаңғырулар, әртүрлі сипаттағы әлемдік деңгейдегі ақпарат алмасу отбасы мүшелерінің арасындағы қарым-қатынас сипатына өз әсерін тигізіп отырғаны даусыз.

Қазақстан Республикасы Ата Заңының 27-бабының 2-тармағында «Балаларға қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу ата-ананың табиғи құқығы, әрі парызы» деп көрсетілген болатын.

Абай баланың дүниеге көзқарасын дамытып, мінезін орнықтыруда отбасының ықпалы жоғары екендігін және балаларды тәрбиелеу үшін ата-аналардың өздері жақсы тәрбиеленген болуы керектігін, баланың өсіп-жетілуінің бәрі отбасы мен өскен ортасына байланысты болатынын, көргендері мен байқағандарының салдары екенін, сол себепті бала жақсы тәрбие алу үшін оның әлеуметтік ортасын, оған әсер етуші ықпалдардың жағымды болуын дәріптейді.

Отбасындағы тәрбие ата-ананың жеке басының ықпалымен жүзеге асатыны белгілі, тіпті баланың мінез-құлқы да отбасындағы психологиялық ахуалға байланысты бейімделеді [5].

1994 жылы БҰҰ Халықаралық отбасы жылы деп белгілеп әлемдік қауымдастықтың бұл мәселеге мән беруін көздеген еді. Осы шараның нәтижесі ретінде бүгінгі күні елімізде «Отбасы» күні атап өтілуде.

Егемен елімізде ұлттық тәрбиені жандандырып, салт-дәстүрімізді сақтап, өмірдің озығын пайдаланып жастарымызды отан сүйгіштікке, ұлтжандылыққа, салауатты өмірге, табиғатымызды аялауға тәрбиелеуіміз қажет.

Бұл міндетті отбасы, мектеп және барлық қоғамдық ұйымдар өз күштерін біріктіргенде ғана ойдағыдай іс жүзіне асыраы анық.

Өнер – өмірді тану құралы, ол өмір шындығын көркем образдармен бейнелейді, баланың ой-сезімін тәрбиелей және қалыптастыра отырып, өміріне ықпал етеді, көркем туындыда эстетикалық негіз болса, яғни туындыдан бала эстетикалық ләззат алса, ол ізгі әрекеттер жасауға құлшындыра алатын жағдайда ғана өз міндетін орындайды. Өзін-өзі тәрбиелеумен айналысуға ешқашанда кеш болмайды, тек ниет болуы қажет.

Отбасы тәрбиесіне ата-аналарды арнайы даярлаудың қажеттілігі, әсіресе, ауылды жерде ерекше өзекті мәселе екендігі және оны мектеппен бірлікте ұйымдастырғанда нәтижелі болатыны анық.

Ата-ананың ақылы-

Сайрап жатқан жолмен тең.

Ұстаздардың ақылы

Сарқылмайтын көлмен тең.-

деген мақалдың әке-шешеге де, ұстаз, тәрбиешілерге де арнайы айтылғаны көрініп тұр. Сондықтан үйдегі өнегелі тәрбиемен мектептегі ұстаздық үлгілі тәрбие ұштасқанда ғана тәрбие жемісті болмақ.

«Біз адамды тәрбиелеуші жалғыз ғана мұғалім емес екендігін түсінеміз. Адамның мұғалімдей, тіпті онан да күштірек байқаусыз тәрбиешісі бар. Олар. Табиғат, отбасы, қоғам, халық, оның тілі», деген – К.Д. Ушинский [6, с. 25].

Отбасын құруға дайындалу кезінде халықтың тегін сақтайтын дәстүр салт пен ұрпақ тазалығын қамтамасыз етумен қоса, бір ескерілетін басты мәселе ата-ана мен бала арасындағы сыйластық болып табылады.

Қазақ халқы «баланы жастан» деп тәрбиеге үлкен мән берген. Жас кезінен балаға үлкенге жол бер, үлкендермен жарыса сөйлеспе, сәлем бер, өзіңнен кішіні жәбірлеме, өсек тасыма, малды теппе, көк шөпті жүлма, қыз баланы сыйла т.б. көптеген тәлімді сөз айтып, инабаттылыққа, ізеттілікке, адамгершілікке, әдептілікке тәрбиелеп отырған. Осылайша жаман әдеттерден сақтандырған.

«Ата-ана тәрбиесінің даналығы болмаған жерде ана мен әкенің балаларға деген сүйіспеншілігінің өзі оларды жарымжан етеді», - деген В.А. Сухомлинский.

«Ақылды бала – кілең ақымақтардың ортасында тәрбиеленсе, ол да ақымақ болады. Бірақ, адам баласының түзелуге де ... бұзылуға да қабілеті әбден жетеді ...» - деген Г. Лихтенберг [7].

Адам тәрбиесі оңалмай, мемлекеті гүлденген елдің болуы мүмкін емес. Болашақ ұрпағымыздың тәрбиесін халық педагогикасының құндағымен өсіруіміз қажет.

Қазақстанның дамуына үлес қосатын, әлемдік өркениетке көтерілетін білімді де мәдениетті, парасатты, денсаулығы мықты азамат тәрбиелеп шығару – қоғам, мектептегі ұстаздар мен ата-аналар қауымының бүгінгі таңдағы баға жетпес міндеті.

Жоғарыда айтылған пікірлерімізді жинақтай келіп, отбасы тәрбиесі қазіргі әлеуметтік мәселенің көкейкесті проблемасының бірі болып отырғандығын және оның жан-жақты қырлары мен сырларын тәрбиелік, психологиялық, этикалық, эстетикалық тұрғыдан әлі де болса зерттей түсудің қажеттігін атап көрсетеміз.

Әдебиеттер

- 1 Жұмабаев М. Шығармалары. – Алматы, 1989. – 38 б.
- 2 Мақатаев М. Жыр жинағы. – Алматы, 2009. – 182 б.
- 3 Абай. Қара сөздер. – Алматы: Жазушы, 2005. – 210 б.
- 4 Сухомлинский В.А. Ата-ана педагогикасы. – Алматы, 1983. – 320 б.
- 5 Қазақстан Республикасының Конституциясы (Ата Заңы). – Астана, 2006. – 40 б.
- 6 Ушинский К.Д. Родное слово. – М., 1982. – С. 190.
- 7 Лихтенберг Г.К. Афоризмы. 2-е изд. – М., 1965. – 196 с. - (Литературные памятники)

Жалгасова Ш.А., Бейсембаева А.А., Махметова Б.Т.

Семейное воспитание – будущее нации

Семья для человека является одновременно и средой обитания, и воспитательной средой. Сегодня вопросы семейного воспитания остаются одной из глобальных социальных проблем. Они затрагивают все грани современного воспитания: нравственные, этические, эстетические, интеллектуальные и др., которые и сегодня остаются актуальными, последнее

место здесь отводится психологической стороне проблемы. Польза семьи, семейного воспитания раскрывается как национальное будущее государства.

Zhalgasova Sh.A., Makhmetova BT, Beisembaeva A.A.

Family upbringing – the future of the nation

Families are a habitat and at the same time an educational environment for human. Today, the issue of family education remains one of the global social problems. It affects all facets of modern education: moral, ethical, aesthetic, intellectual and etc., which are still relevant today, not last place here is given to the psychological side of the problem. Family use, family education is revealed as the future of the national state.

УДК 37.017.92

**Әбенбаев С.Ш., к.п.н., профессор,
Баракбаева К.Ә., аға оқытушы**

*Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар
және әлем тілдері университеті, Қазақстан*

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРІНІҢ СТУДЕНТТЕРДІҢ ЭСТЕТИКАЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ МҮМКІНДІКТЕРІ

Мақалада студенттердің эстетикалық мәдениетін қалыптастыруға әсер ететін қазақ халқының салт-дәстүрлері қарастырылады. Қазақ халқы өзінің сан ғасырлық тіршілігінде балалар мен жастарға эстетикалық тәрбие беру арқылы эстетикалық мәдениетін қалыптастырудың өзіндік тәжірибесін, салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын жинақтады. Оларда халықтың озық тәжірибесі, әлеуметтік-экономикалық, тарихи-географиялық жағдайларының, тұрмыс-салтының өзіндік ерекшелігіне сәйкес балалар мен жастардың эстетикалық мәдениетін қалыптастыруға деген талаптары қалыптасты. Педагогтарға қазақтың салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптары ұлттық мұратымызға сай студенттердің эстетикалық мәдениетін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Тірек сөздер: ететін қазақ халқының салт-дәстүрлері, эстетикалық мәдениет, халықтың озық тәжірибесі, ұлттық мұрат, жазба мұралар, өзіндік тәжірибе

Бүгінде Қазақстан Республикасы тәуелсіз мемлекетке айналып, әлеуметтік және экономикалық қалыпты дамуы жолына түсікен кезде қазақ халқының жалпы мәдени мұраларын нақты ашып көрсетуге негіз қаланды. Соған орай,

елдің өткен дәуірден бастап ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан әдебиеті мен мәдениеті, салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары, ұрпақ тәрбиесінде философиялық, психологиялық, педагогикалық тұрғыдан қалыптасқан ой-пікірлері мен жазба мұраларының болғанын дәлелденді. Ендігі жерде сол рухани құндылықтарды білім, ғылым, мәдениет саласында пайдаланып, студенттердің эстетикалық мәдениетін қалыптастыруға негіз қаланды. Ол үшін, ұлтық мәдени мұра құндылықтарын саралау, талдау, оны бүгінгі ұрпақтың рухани жемісіне, қажеттілігіне айналдыру – біз көтерген мәселемен сабақтас келеді және оны теориялық-практикалық тұрғыдан негіздеу қазіргі уақыттың талабы болып табылады.

Қазақ халқы өзінің сан ғасырлық тіршілігінде балалар мен жастарға эстетикалық тәрбие беру арқылы эстетикалық мәдениетін қалыптастырудың өзіндік тәжірибесін, салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын жинақтады. Оларда халықтың озық тәжірибесі, орнықты қағидалары мен принциптері, мінез-құлық нормалары көрініс алған, әлеуметтік-экономикалық, тарихи-географиялық жағдайларының, тұрмыс-салтының өзіндік ерекшелігіне сәйкес балалар мен жастардың эстетикалық мәдениетін қалыптастыруға деген талаптары қалыптасты.

Біздің мақсатымыз қазақ халқының мәдени мұрасындағы эстетикалық мәдениетке қатысты прогресшіл салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптары студенттердің эстетикалық мәдениетін қалыптастыруда алатын орнын және маңыздылығын негіздеу. Бұл мәселені талдаудың әдіснамалық негізі нақты тарихи-мәдени ұстаным болады. Өйткені бұнда тек зерттеудің нәтижесі ғана емес, сондай-ақ оған апаратын жол да ақиқат болуы тиіс.

Нақты тарихи-мәдени ұстаным диалектиканың логикалық және тарихи бірлігіне сүйенеді. Бұл бірлік қандай да бір дамудың ақиқатын былай ашады: мысалы, қандай да бір нақтылықтың шынайы тарихын ашуда осыған дейін болған барлық құбылыстарды талдамайды, тек өзінің мазмұнына жақын, демек «табиғи» мәнін ашатындай құбылыстарды ғана талдауды талап етеді. Шынайы болмысты сипаттауда логикалық ұстаным біздің зерттеу мәселемізде қазақ халқының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарының сабақтастығын тарихи фазалардың бірізділік негізінде қарастырады. Әңгіме тарихи және логикалық ұстанымдардың мәнінің өзара тек хронологиялық сәйкестігінде ғана емес, сонымен бірге тарихи шынайы генезис ретінде болмақ.

Демек, қазақтың дәстүрлі әдет-ғұрыптары мен салттары өзінің ұзақ тарихи дамуымен адамзат мәдениетінде маңызды орын алады. Сол секілді қазақтың эстетикалық мәдениеті де тарихи дамуында әртүрлі сатыларымен, кезеңдерімен, көптеген көркемдік түрлерімен, ұлы тұлғаларымен сипатталады. Бұл мәдени мұраны зерттеу барысында біз оны әртүрлі байланыстарда, бағыттарда, өзара қарым-қатынастарда қарастырамыз.

Осыған орай біз мынандай бірізділікті ұстанамыз:

- қазақ халқының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарының дамуында қол жеткізген ең шынайы маңызы бар кезеңдерді алу;

- салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың тарихи маңызыдылығын ашуда оның өміршендігінің мәніне тоқталу;

- зертеу нысанасын (салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар) кемелденген кезеңде қарастыру;

- салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарының құрылымындағы атрибуттық формаларды нақтылау.

Бұл, студенттердің қазақ халқының ежелден келе жатқан салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын, өнеріне байланысты кемелденген кезеңдегі тарихи құбылыстарын, соның ішінде осы мәселеге қатысты ұлы тұлғалардың ой-пікірлері мен тәлімгерлік қағидаларын жан-жақты меңгеруіне септігін тигізеді.

Бүгінгі таңда философиялық энциклопедиялық сөздікте «дәстүр» және «салт» ұғымдарына бірқатар анықтамалар берілген. Солардың біреуінде «*дәстүр*» (лат. *traditio* - беру) - ұрпақтан ұрпаққа берілетін және белгілі бір қоғамда, тапта, әлеуметтік топтарда ұзақ мерзімде сақталатын *мәдени* және әлеуметтік мұраның элементтері. Дәстүр заттық және рухани құндылықтар, әлеуметтік мұрагерлік үрдіс, оның тәсілдері секілді әлеуметтік мұраның нысаналарын өзінде қамтиды. Дәстүр белгіленген белгілі бір қоғамдық мінез-құлық өлшемдері, құндылықтары, идеялары, салттары, әдет-ғұрыптары т.с.с. ретінде қарастырылады. Сондай-ақ, дәстүрді әлеуметтік құбылыс саласында кең түрде таратады. Дәстүрге тән қасиет оның қоғам өмірінің әр түрлі саласында қолданылуы: экономикада, саясатта, құқықта, ғылымда, өнерде, дінде және т.б.

Дәстүрді қоғам, тап немесе топтың қабылдауы немесе қабылдамауы мүмкін. Дәстүр жағымды немесе жағымсыз болуы мүмкін. Дәстүрдің алдында көзсіз бас ию кертартпалықты және қоғамдық өмірдің тоқырауын тудырады. Әлеуметтік мұра ретінде дәстүрге ұқыптылықпен қарамау, қоғам мен мәдениеттің дамуының бұзылуы және адамзаттың маңызды жетістігінен айырылуға әкеліп соғады [1, с. 127].

Салт – белгілі бір қоғамда немесе әлеуметтік топта пайда болатын және оның мүшелеріне әдет болатын, әрекетті әлеуметтік тұрғыдан реттеуде мұрагерлік, стереотивтік форма. «Салт» ұғымын «дәстүр» және «әдет» («ғұрып») ұғымдарымен жиі теңестіре қарастырады. Бірақта, «дәстүрге» қарағанда «салттың» ерекшелігі, қоғам өмірінің тек жекелеген саласында ғана өмір сүреді және өткендегіні ең таңдаулы үлгі ретінде қабылданғанын көрсетеді.

«Салт, дәстүр – дейді белгілі философ Гердер, - тіл мен мәдениет бастауларының анасы» [2, с. 252]. Ал салт-дәстүрлерге Ғұзыхан Ақпанбет мынандай баға береді: «олар - терең философиялық ойдың, ғасырлар бойы жинақталған тәжірибенің сұрыпталған тұжырымы, негізгі нәрі, қысқа да көркем бейнесі» [3, 11 б.].

Әдет (ғұрып) - тек салттың бір түрі, әлеуметтік қарым-қатынастың белгілі бір символы, ал салт әр түрлі нысаналарды іс жүзінде қайта жаңғырту және қолдану құралы болуы мүмкін. Салт тұрмыс, морал және азаматтық әдет саласында ең «таза» түрінде сақталады. Салттың рөлі негізінен қоғамдық

қатынастар жүйесімен анықталады. Сондықтан салт прогресшіл (үдемелі) және реакцияшыл (кертартпа), ескірген болып бөлінеді— деп түсінік берілген [1, с. 454].

Сонымен бірге, Г.М. Коджаспирова және А.Ю. Коджаспировтың «Словарь по педагогике» атты еңбегінде дәстүр туралы былай дейді: «Дәстүр тарихи қалыптасқан және ұрпақтан ұрпаққа білімдер, іс-әрекет және мінез-құлық формалары арқылы берілетін, сондай-ақ, олармен бірге ілесіп отыратын салттар, ережелер, құндылықтар, көзқарастар. Дәстүр өзінің қоғамдағы маңыздылығын және қажеттілігін бірнеше дүркін дәлелдеген әрекеттің формалары негізінде қалыптасады. Қоғам дамуының әлеуметтік жағдайының өзгеруімен дәстүрдің бүлінуі, ауысуы және жаңамен ауыстырылуы мүмкін. Дәстүр адамдардың өмірін реттеудің маңызды факторы болып қызмет етеді, тәрбиенің негізін құрайды» [4, с. 355].

Ол, сондай-ақ, әдет-ғұрыпты салттар арқылы қалыптасқан әрекеттер жиынтығы ретінде қарастырады. Онда діни түсініктері немесе тұрмыстық дәстүрлері көрініс береді дейді [4, с. 211].

Қазақта салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарға негізделген қатаң тәртіп жүйесі қалыптасқан. Осының бәрін күнделікті өмірде дұрыс пайдаланып, іске асырып отыру әркімнің, үлкеннің де кішінің де, әйел, еркектің де төл міндеті. Соған орай ежелден қалыптасқан салттары мен дәстүрлері мол болды. Олар жастар тәрбиесінде, тұрмыс-тіршілігінде, халықтық қолөнерде, киім үлгілерінде, қонақ жайлығында, мінез-құлқы мен жүріс-тұрысы, қарым-қатынасында, мәнерлі сөзінде, ұлттық мейрамдарында, сауық кештерінде, тағы басқа да жол-жоралығында халық өмірімен тығыз ұлттық сипатта ерекше көрініс тапқан.

Дәстүрлер, ауыз әдебиеті секілді қоғамдық сана элементі ретінде тәрбие жүйелері әлі өмірге келмеген тарихи кезеңге жатады. Сондықтан да олар қазақ мәдениетінің ілкі бастауының негізі болып табылады. Дәстүрлердің ерекшелігі, олардың *табиғилығы* және *өміршеңдігі*, келер ұрпақ оларды әрі қарай дамыта алуында жатыр. Соған орай өзге халықтар секілді қазақ халқы да өз жастарын ұлттық сипатта тәрбиелеуде алдыңғы қатарлы прогрессивті идеялар мен дәстүрлерді қолданудың тәжірибесіне ие.

Жоғарыда біз дәстүрге қатысты анықтамаларды талдау барысында оның негізгі түйіні ретінде бір жағдайда, дәстүр «ұрпақтан ұрпаққа берілетін әрекеттің жүйесі және белгілі бір қоғамдық қатынастардың барысында пайда болатын адамдардың ойы мен сезімдерін қалыптастырушы» деп анықталса, ал екінші бір жағдайда ол – «қоғамдық өмірдің барлық салаларында адамдардың тарихи қалыптасқан мінез-құлқтарының формалары» деп көрсетіледі.

Сондай-ақ, дәстүрге қатысты қандай да бір анықтамаларды қарастырсақ, онда оның мирасқорлығы секілді ерекше белгісі де көрсетілген. Өйткені дәстүрге қатысты табиғи ерекшелік ол – оның сабақтастығының сақталуы. Бұл заңды құбылыс. Ондай болмаған жағдайда дәстүрлер де қалыптаспақ емес. Біздің пікірмізше, дәстүрлерге тән қасиет *ұрпақтан ұрпаққа жалғасып отыратын қоғамдық маңызы бар адамзаттық құндылық ретінде үнемі өзінің мирасқорлығын жоймайтын әлеуметтік мәдени мұра*.

Сабақтастықта аға ұрпақтың өткен уақыт дәстүрлерін менгеру және жаңа дәстүрлерді тудыру – бұл күрделі әрі қарама-қайшылықты үрдіс. Осы орайда жаңа дәстүрлердің пайда болуын, ол өткен уақыт дәстүрлерінің жойылуы ретінде қарамау керек, керісінше жаңа мен өткеннің арасындағы органикалық байланыста болуын, жаңа тарихи кезеңде олардың мазмұны мен формалары байытылып, жетілгені тұрғысында, яғни, прогресшіл дәстүрлер ретінде қарастырылады.

Прогресшіл (прогресс – лат. progressus – алға жылжу, оң нәтиже) - төменнен жоғарыға, жетілмегеннен жетілгенге өтумен сипатталады; даму бағыты болып табылады; жүйеде оның элементтерін, құрылымын тұтастық ретінде қарастырады.

Халықтық дәстүрлер адамдардың шаруашылық және тағы да басқадай іс-әрекетінің барысында өмірдің қажеттілігімен және тұрмыс тіршілігіне байланысты туындап, өзінде рухани мәдениеттің элементтерін ендіріп, қайта жаңғыртып отырады. Сонымен бірге дәстүрлер мен салттарға қатысты ең негізгі бір ерекшелік, олардың қайталанып отыруы. Егерде қоғам оларды қажет етпеген жағдайда, бұл үрдіс, яғни сабақтастық өз жалғасын тоқтатады. Дегенменде олардың әрбір жаңа тарихи кезеңге сай жаңарып, толығып отыратындығы – бұл заңды құбылыс. Яғни, олар өзінің прогресшіл сипатын жоймайды, үнемі өзінің өміршендігін сақтап, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, дәстүрлік сипатқа ие болып отырады.

Қазіргі кезде халықтық салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар көптеген зерттеушілердің назарында. Атап айтсақ, философтар, мәдениеттанушылар, тарихшылар, психологтар, сондай-ақ педагогтар т.с.с. Өйткені ежелден келе жатқан халықтың өмірлік тәжірибесі салт-дәстүрлер және әдет-ғұрыптар арқылы ұрпақтан ұрпаққа *тәрбие құралы* ретінде беріліп отырды. Бұл тарихи-әлеуметтік тәжірибе, әрине, бүгінде жүйелі зерттеуді қажет етеді. Ондағы мақсат – бұрынғы салт-дәстүрлерді тек қалпына келтіріп қана қоймай, олардың бүгінгі өмірге қажетті маңыздылығын айқындап, студенттердің эстетикалық мәдениетін қалыптастырудың негізі құралы ретінде қарастыру.

Жалпы, салт дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды зерттеуге арналған ғылыми әдебиеттерде біздің осы пайдаланып отырған ұғымдарды қолдануда олардың бір-бірімен өзара ерекшеліктерін анықтауда шатастыру жиі кездеседі. Тек салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар деп айту жиі қолданылады. Сондықтан да, біз, ең алдымен, осы ұғымдардың мәнін ашуды өзіміздің зерттеу пәніміздің міндеттерінің бірі ретінде қарастыруды жөн көрдік.

Олай болса, салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар бірнеше және әр түрлі әлеуметтік қызыметтерді орындайды, ең алдымен, олар қоғамдағы қарым-қатынасты бекітудің құралы болып және жаңа ұрпақ үшін осы қарым-қатынастарды қайта жаңғырту үшін қажет.

Дәстүрлер салттарға қарағанда адамның рухани дүниесіне тікелей қатысы бар. Себебі, олар жоғарыда айтылған қарым-қатынастарды орнату үшін адамның рухани сапа қасиеттерін қалыптастыра алады.

Дәстүрдің идеялық мазмұны әр кезде мінез-құлықтың өлшемі немесе ұстанымы ретінде қарастырылады. Өлшем мен ұстаным ережеге қарағанда жағдаятқа толық талдау жасамайды. Олар мінез-құлықтың жалпы бағытын көрсетеді, ең негізгісі, мінез-құлықтың рухани сапасын сипаттайтын әділдік, қарапайымдылық, кішіпейілділік, еңбек сүйгіштік, ұқыптылық т.с.с. белгілері болып табылады. Сондай-ақ, дәстүрдің салтқа қарағанда ауқымы кең.

Салттың идеялық мазмұны нақты бір жағдаяттағы адамның мінез-құлқының ережесімен анықталады.

Дәстүр мен салт – аға ұрпақтың әлеуметтік мінез-құлық тәжірибесін жас ұрпаққа берілуі, сонымен бірге адамгершілік, саяси-сенім, нанымдармен, сезімдері, қоғамдық әрекеттің тәсілдері мен амалдары. Дәстүрлерде халқымыздың ғасырлар бойы жинақтаған әлеуметтік-мәдени бай тәжірибесі жинақталған, ұлттық рухани байлықтың қайнар көзі мен мүмкіндіктері көрініс тапқан.

Өйткені қоғамның рухани дамуында оң нәтиже беретін құбылыстың бірі – ол мәдениет. Егерде бір тарихи кезең үшін кейбір салт-дәстүрлер ескірген болып есептелсе, басқалары өзінің құндылығын ешбір жағдайда жоғалтпайды әрі олар ұрпақтан-ұрпаққа сабақтасып, өзінің прогресшіл ықпалын үнемі тигізіп отырады.

Олай болса, біздің көзқарасымызша, *дәстүрлер* – бұл ұрпақтан ұрпаққа беріліп отыратын тарихи қалыптасқан тұрақты және тәжірибеде талдап қорытылған қоғамдық қатынастардың жемісі және ондағы адамдардың мінез-құлықтарының өлшемдері болса, ал *салттар* – солардың негізінде қалыптасқан адамдардың өмір сүруі тәсілі мен мінез-құлықтарына қатысты ережелер, яғни, әдет-ғұрыптары.

Студенттердің эстетикалық мәдениетін қалыптастыруда қазақ халқының салт-дәстүрлерінің (баланы тәрбиелеу (қыз, ұл) үйлену тойы, отбасылық той-жиындар, маусымдық мерекелер, діни мерекелер, ырым-жоралғылар) алатын орны ерекше. Өйткені ұлттың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарының мәні ұлттық психологиялық құрылым және ұлттық сезімдерімен байланысты қарастырылады. Ұлттық салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар негізінде жастардың санасында туған халқына деген құрмет пен мақтаныш сезімін ұялатып, ұлттық рухты сіңіру, сондай-ақ ана-тілі мен әдебиетін, тарихы мен мәдениетін, өнерін: ұлттық ән-күйлерін, ойындарын, тағамдары мен мерекелерін қастерлеуге тәрбиелейді.

Олай болса, *ерте кезде қазақ мәдениетінде кітап, жазу-сызу болмаған жазғандайда пайда болған осындай үлгі аларлық прогресшіл салт-дәстүрлерді студенттердің эстетикалық мәдениетін қалыптастыруда өмір мектебі деп атауға болады.*

Біздің қазақтың салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарына қатысты жоғарыда келтірген дәйектемелеріміз, жалпы алғанда, ұлттық мұратымызға сай студенттердің эстетикалық мәдениетін қалыптастыруға қаншалықты маңызды екенін дәлелдеу және оларды зерттеу пәніміздің міндеттеріне сай негіздеуді мақсат еттік. Сол үшін де олардың кейбіреуне ғана тоқталғанды жөн көрдік. Оған қатысты тамаша үлгілер біздің алдыңғы қатарлы Х.Арғынбаев [5], Қ.Жарықбаев, С.Қалиев [6],

К.Қожахметова [7], С. Ұзақбаева [8] секілді ғалымдарымыздың еңбектерінде баяндалған

«Өткенді жақсы білмейінше, келешекке сапар шегу айсыз қараңғыда сүрлеу соқпақ іздеп адасумен пара-пар» - деп Абай атамыз айтқандай ұрпақ тәрбиесіндегі ежелден қалыптасқан халқымыздың жақсы дәстүрлері мен тағлымдарын оқып, үйреніп, өнеге тұтапай тұрып, жастарды ізгілік пен парасаттылыққа, әдептілік пен әсемпаздыққа баулу мүмкін емес.

Студенттердің эстетикалық мәдениетін қалыптастыру мәселесінде біздің жоғарыда қарастырған қазақ халқының мәдени мұрасына қатысты прогресшіл салт-дәстүрлері мен әдет ғұрыптарын күнделікті өмірде тек насихаттап ғана қоймай, сондай-ақ, оларды жоғары педагогикалық оқу мекемелерінің біртұтас педагогикалық үрдісінде іс-жүзінде жүйелі түрде пайдаланудың тиімді жолдарын қарастыру қажет. Ол үшін, ұлттық мәдени мұраны қазақ халқының тарихи-мәдени ерекшеліктеріне сай өркениеттілік кеңістіктегі заңдылықтар негізінде насихаттауды әрі оларды іс жүзінде тиімді пайдаланудың бар мүмкіншіліктерін қарастыру қажет.

Сонымен дәстүрлер қоғам өмірінің объективті жағдайларын бейнелей келе, оның мәнді элементтерін бекітеді, олардың сабақтастығын қамтамасыз етеді. «Адамға өткен дәуір бәрі сабақ» демекші, өткен замана тәжірибесінен сұрыпталып, «атадан балаға мирас болып келе жатқан» дәстүрлі прогресшіл ұлттық тағылымдарымыздың алғышарттары, негізі, өзегі болып табылатын ауыз әдебиетіміз, өнеріміз бен салт-дәстүрлеріміз «Ата-баба жол-жоралығы» ретінде өз мирасқорлығы, сабақтастығын сақтаумен қатар, бүгінде өз жастарымыздың сана-сезімі, ерік-жігері, нанымы мен сенімін ұлттық мұратқа сай тәрбиелеу үрдісінде, олардың эстетикалық әлеуетін толығымен пайдалану, соның негізінде еліміздің әрбір тұлғасының эстетикалық мәдениетін қалыптастырудың аса бай құнды қазынасы боларына ешкімнің күмән келтірмесі анық. Өйтені, бүгінде ата баба жолын, рухын қастерлеу салтын ұстанып отырғандар біз ғана емес. Әлем халықтарының біразы, мысалы, бүгінде көгілдір экраннан көріп жүргеніміздей Жапон, Кәрей, Түркі секілді елдерде де өздерінің байырғы дәстүрін, мәдениетін сақтап келеді.

Біз жоғарыда өткен дәуірде, адамзат дамуының көп ғасырлық тарихында, салт-дәстүрлерде мәдениеттің ірі қоры барлығын, қай халықтың мәдени мұрасы болса да, ол сол халықтың қоғамдық тарихымен, күн көріс кәсібімен тығыз байланысты болған көріп білдік. Олай болса, біздің зерттеу пәніміздің мақсатына сай осы бір аса бай ұлттық рухани-мәдени мұраларымызды студенттердің эстетикалық мәдениетін қалыптастырудың негізгі құралы ретінде тануымыз қажет.

Дегенмен, студенттердің эстетикалық мәдениетін қалыптастыру, олардың көркемдік-эстетикалық талғамын көтеру қаншалықты игі міндет болса, соншалықты қиын әрі күрделі мәселе. Сондықтан да, қазақ халқының өткендегі мәдени мұрасына сүйене отырып, олардың эстетикалық мәдениетін қалыптастыру, оған толық мүмкіндік туғызу, бүгінгі қоғамның өзекті мәселесі. Оның негізі - қазақ халқының мәдени мұрасында құндылық ретінде танылатын ата-бабаларымыздың салт-дәстүрлері мен әдет ғұрыптары, ауызекі поэтикалық шығармалары, музыка өнері және қол өнері. Осы талапты орындаудың ең бір пәрменді құралы ретінде

жоғары педагогикалық оқу мекемелерінің білім беру жүйесінде олардың педагогикалық мүмкіншіліктерін барынша пайдаланудың жолдарын қарастыру.

Әдебиеттер

- 1 Философский энциклопедический словарь / Гл. ред.: Л.Ф.Ильчиев, П.Н.Федосеев, С.М.Ковалев, В.Г.Панов. – М.: Сов. энциклопедия, 1983. – 710 с.
- 2 Гердер И.Г. Идеи к философии истории человечества. – М.: Наука, 1977. – 280 с.
- 3 Ақпанбек Г. Қазақ дүниетанымы. – Алматы, 1994. – 36 б.
- 4 Коджаспирова Г.М., Коджаспиров А.Ю. Словарь по педагогике. – М.-Ростов-на-Дону: Изд. Центр «Март», 2005. – 408 с.
- 5 Арғынбаев Х. Қазақтың отбасылық дәстүрлері. – Алматы: Қайнар, 2005. – 216 б.
- 6 Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі: Оқу құралы. – Алматы: Санат, 1995. – 352 б.
- 7 Қожахметова К.Ж. Ұлт тағдыры мен қыз бала тәрбиесі – біртұтас // Білім беру жүйесіндегі этнопедагогика. – 2012. - № 01 (01). – 48-56 бб.
- 8 Ұзақбаева С.А. Қазақтың халықтық педагогикасындағы эстетикалық тәрбие: пед.ғыл.докт....дисс. – Алматы, 1993. – 420 б.

Абенбаев С.Ш., Баракбаева К.А.

Возможности казахских народных обычаев и традиций в формировании эстетической культуры студентов

В статье раскрываются традиции и обычаи казахского народа, влияющие на формирование эстетической культуры студентов. Казахский народ в своей многолетней жизнедеятельности приобрел опыт эстетического воспитания детей и молодежи через традиции и обычаи. В них создавались требования к формированию эстетической культуры детей и молодежи в соответствии с особенностями социально-экономического и историко-географического положения, а также быт и обычаи народа. Традиции и обычаи казахского народа в своем многолетнем развитии занимали особое место в человеческой культуре. Образовательная политика Казахстана дает возможность педагогам использовать обычаи и традиции как средство формирования эстетической культуры студенческой молодежи.

Данная статья обосновывает роль и значение культурного наследия казахского народа в формировании эстетической культуры студентов.

Abenbaev S.S., Barakbaeva K.A.

Meaning of Kazakh folk customs and traditions in the formation of aesthetic culture of students

The article describes the customs and traditions of Kazakh people, influencing the formation of aesthetic culture of students. The Kazakh people in their many years

of life have gained experience aesthetic education of children and youth through its traditions and customs. They created requirements to the formation of aesthetic culture of children and young people in accordance with the characteristics of socio-economic, historical, and geographical location, as well as the life and customs of the people. Customs and traditions of the Kazakh people in the long-time development played special role in human culture. Educational policy of Kazakhstan allows teachers to use the customs and traditions as a means of formation of aesthetic culture of students.

This article substantiates the role and importance of the cultural heritage of the Kazakh people in the formation of aesthetic culture of students.

УДК 37.017.92

Жансугурова К.Т., п.ғ.к., аға оқытушы

*Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар
және әлем тілдері университеті, Қазақстан*

БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ КӘСІБИ ТАНЫМДЫҚ ҚАСИЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ҒЫЛЫМИ НЕГІЗДЕРІ

Бұл мақалада болашақ мұғалімдерді кәсібилікке дайындау мәселелері талқыланады және педагогикалық процеске қатысушылардың бірікке іс-әрекетінің өнімділігіне басты назар аударылады.

Педагогикалық процестің әрбір тарауына мақсаттар мен міндеттер қоюда мектеп оқушыларының белсенді қатысуы мұғалім мәнінің қаншалықты маңызды екенін түсіндіре білуіне және педагогикалық процестің тиімділігіне әсер ететін әрбір оқушының мүмкіндіктері мен жетістіктеріне байланысты.

Тірек сөздер: қарым-қатынас, оқушылардың тану іс әрекеті, педагогикалық үдеріс, болашақ мұғалімдер, оқу іс әрекеті, оқушылардың белсенділігі, ой-өрісі, даму

Педагогикалық процесте таным мен қарым – қатынастың басқа іс-әрекет түрлеріне карағанда, күрделілігі іс- әрекет пен қарым – қатынас арақатынасы жөніндегі мәселені шешуде елелуі айырмашылық тудырады (М.С.Каганның; Б.Г.Ананьевтің; А.А.Леонтьевтің, Н.Д.Хмельдің еңбектері). Жекелеген ғалымдар мен зертеушілер де соны көрсетеді. Талқылаулар мен пікір қарама-қайшылықтарына қарамастан олар қарым- қатынас табиғатын анықтауға ортақ пікірге келіп отыр. Қарым – қатынас мәні бұған субъект ретінде қатысатын адамдардың бірлескен іс-әрекетіне байланысты болады. Қарым- қатынас, іс-әрекет негізінде болады, сондықтан ол қарым – қатынастың аспектісі болуы мүмкін. Бұл ретте бір субъектінің екінші субъектіге бағытталған іс-әрекетінен көрінетін жалпы қарым – қатынас табиғаты тұрақты болып қалады. Іс-әрекеттің барлық түрі

сияқты, қарым – қатынаста оның мотиві, мақсаты, іс-әрекеті мен жүзеге асуы сияқты бірнеше операциядан тұрады. Бұл субъектінің өз серіктесіне ортақ міндетті шешудегі әріптесі ретінде қарайтындай қарым – қатынасқа негізделеді. Қарым – қатынас қызметін жүйелеуде әртүрлі көзқарастар бар. Мысалы, Е.Г.Злобина қарым – қатынас қызметінің көп функциялары мына төмендегі екі негізгі міндетті іске асыруға негізделетіндігін көрсетеді: 1) қоғамды дамыту факторы ретінде; 2) жеке адамды қалыптастыру және дамыту факторы ретінде.

«Адам іс-әрекетінің бастысы болып табылатын қарым – қатынас адамдар арасындағы қоғамдастықты тәжірибені тапсыруына, жеке адамның қалыптасуына, дүниені танып-білуге ықпал ететін негіз болып табылады. Нақты өмірде таным мен қарым – қатынас әртүрлі іс-әрекет түрлерімен байланысты. Іс-әрекет арасындағы әртүрлі байланыс әртүрлі деңгейде жүзеге асырылады» деген ұстанымын ғылыми мазмұндық негізінен алдық [1, с. 25].

Көптеген ғалымдар пікірі бойынша таным, қарым – қатынас, еңбек адам дамуының және мектеп оқушысының жеке басын қалыптастыру негізі болып табылады. Бұл туралы Б.Г.Ананьев: «Бұлардың әсер етуші негізгі күші осылардың өзара байланысында», -деп көрсетеді Б.Г.Ананьев [2, с.217].

Танымның әлеуметтік маңызы сананың, қоғамның табиғаттың объективті заңдарын белгілі бір мақсатты және жан – жақты ашып көрсететін әлемдік – тарихи процесс ретінде қаралады.

Әрбір индивид өзімен өмір сүріп отырған замандастарымен бірге сол қоғамның ішкі дүниесіндегі интериоризациялау жолы арқылы жасалады. Бұл процесс таным іс-әрекеті арқылы жасалады.

Адамның психологиялық дамуын зерттеулер циклі жалпы танымдық әрекеттің эволюциясы мен қызметіндегі өзгерістерге байланысты адамның сенсомоториялық дамуындағы таным мен қарым – қатынас процесінің өзара белгілі бір байланысын ашып көрсетеді.

Қоршаған ортаны индивид тек қарым-қатынас арқылы ғана барлығын біле алады. Қарым-қатынас арқылы оқытудың негізі болып табылатын, таным мен қарым-қатынас арасындағы әр түрлі байланыстар мен бағыныштылыққа қарай оқу процесі жан-жақты кеңейтіледі, ол тек еңбек барысында ғана емес таным қызметіне әсер етеді.

Мұғалім жетекшілігімен ұйымдастырылған оқушылардың танымдық іс-әрекеті арқылы олар әлемді нақты жүйелі тану, ғылыми ақиқаттарды меңгеруге көшеді. Яғни, оқу-тәрбие процесі кезінде олардың барлық таным процестері қарым-қатынаста болатындай деңгейде құралады. Бұдан шығатын қорытынды: кәсіби маңызына сәйкес мазмұны бар педагогикалық қарым-қатынас та белгілі бір дәрежеде рөл атқарады. Педагогикалық қарым-қатынастың әртүрлілігін зерттеушілер (В.А.Кан-Калик; Т.Н.Левшова, К.М.Левитан, А.Н.Леонтьев) мұғалімдер мен оқушылардың өзара бірлескен іс-әрекетіне негіздейді [3, с. 147].

Оқу-тәрбие процесіндегі таным мен қарым-қатынасқа әртүрлі көзқарастар бар. Бір ғалымдар, қарым-қатынасты оқу мен тәрбие деп қараса (Я.Якобсон), ерікті түрі деп тұжырымдайды. Ғалымдардың екінші тобы кәсіби-педагогикалық қарым-қатынасты тәрбиелеу әдісі (А.А.Петрусевич), педагогикалық ықпал ету

туралы (А.А.Бодалев, В.А.Кан-Калик және т.б.), жеке адамның шығармашылық мүмкіндігін дамыту тәсілі (А.А.Довгань), оқыту және тәрбиелеу құралы (Т.А.Ковалев, Н.Д.Хмель және т.б.) [4, с. 214] және басқа деп қарайды.

Оқу-тәрбие процесінде қарым-қатынасты іс-әрекеттік негізін зерттеу елеулі назар аудартады. (С.Н.Батраков, А.В.Мудрик, Л.И.Рувинский) [5, с.54].

Бұл мәселелерге талдау жасау оқу процесіндегі қарым-қатынас іс-әрекетінің мына элементтерін анықтауға мүмкіндік береді; 1) білім алмасуға ықпал етуге; 2) оқу барысында оған қатысушылармен байланыс орнатуға; 3) оқушылардың белсенділігін, жеке дара жұмыстануын ынталандыруға, олардың жеке көзқарастары қалыптасуына, субъектілердің өзара қарым-қатынасының қалыптасуына, оның дамуына, оқу еңбегінің нәтижесі тиімді болуына, ұжымдағы психологиялық ахуалдың жайлы болуына ықпал етеді. Танымдық іс-әрекетті жүзеге асыра отырып, қарым-қатынас жалпы оқу-танымдық процесті дамытатын ұйымдастырушылық және басқа да қызметтер атқарады. Осылайша, оқу-тәрбие процесіндегі қарым-қатынас атқаратын міндетке әртүрлі көзқарастарға қарамастан ол оқу процесін іске асыруға қажетті бірден-бір негізгі шарт болып қалатыны даусыз.

Қарым-қатынас пен оқушыларды тану іс әрекеті өзара тығыз байланысты ол жалпы оқу процесіне әсер етеді.

Білім беру ісінде дағдарыс жағдайынан шығу тәсілдерінің бірі-оның іргесін осы заманғы деңгейге сай берік ұстап тұра білу. Бұндай көзқарасты принцип идеясы іргелі ғылымдағы оқыту пәні материалды ғылыми тұрғыдан мазмұндау тәсіліне сәйкес құрылуы тиіс дегенге саяды.

Күнделікті қызметте болашақ мұғалімдер тез өзгеріп отыратын жағдайларға тап болады. Сондықтан, кәдуілгі тиімді тәсілдерге негізделген шешімдер мен қатар кейде қалыптан тыс әдістер мен тәсілдерді де талап ететін шешімдер қабылдауға тура келеді. Міне нақ осы кезде шығармашылық көзқарас керек, яғни жұмыстың жаңа тәсілдерін, жаңа ғылымды меңгеру, жалпы адамның дамуын қамтамасыз ететін нәрсенің бәрін пайдалана білу қажет болады. Осы айтылғандардан шығатын қортынды студенттердің ғылыми – теориялық ойлауын дамыту арқылы зерттеп отырған объектінің басты байланысын табуға мүмкіндік болады.

Содан кейін оның мазмұнын бірте-бірте кеңейте отырып, жаңа байланыстар ашуға, сөйтіп, зерттеліп отырған объектінің тұтас бір бейнесін жасауға болады.

Бұл мәселелердің шешімі арнайы оқу тапсырмаларын әзірлеуде деп білеміз. Осы орындау студенттерді нақты бір пәнді зерттеу барысында оқытушы баяндаған нәрсенің мазмұнын түсініп қана қоймай, белгілі бір құбылыстар мен үрдістерді өзінің пайымдауына итермелейді, яғни дербес оқу-әдістемелік қызметке белсенділігін оятады. Мұндай қызмет тұлғаны оқыту тәсілдері мен мақсатының ықпалымен дамытуға бағытталған. Бұл студенттен өзінің іс-әрекетінде бақылау жасап отыруын, жинақталған тәжірибені пайдалануын талап етеді және өзін осы қызметінің субъектісі ретінде сезінуіне мүмкіндік береді. Демек студентті материалдық объектінің негізгі құрлымдық қағидаларын бағалау мен талдауға белсенді тарту ісі оның бойында ғылыми түсінік сияқты күрделі теориялық ойлауды қалыптастыруға жол ашады. Мұғалімнің оқу-тәрбие мақсатын

іске асыруына қажетті ғылым жүйесі – болашақ мұғалімнің кәсіптік әзірлігінің елеулі буыны. Болашақ мұғалім бұдан былайғы кәсіби қызметке әзірлену мақсатында педагогикалық процестің қалай болса солай дамымайтының білуі керек.

Рубинштейн С.Л. «Оқытудың негізгі мазмұны мен аса маңызды міндеті тиісті машықтарды меңгерумен ұштасатын ғылым жүйесін игеру болып табылады», - деп көрсеткен болатын [6, с. 221]. Ол сабақ берген кезде а\сабақ алушының ой-өрісін дамыту керек, оның қабілетін қалыптастыру, оны байқай білуге, ойлай білуге, тәрбиелеу керек екенін жазды. Бұл орайда, әлбетте, ең алдымен, оқуға итермелеген себептер туралы оқушылардың оқуға деген көзқарасы туралы мәселе туындайды.

Осыған байланысты студенттердің оқу-танымдық қызметін негіздеп, дәлелді түрде қамтамасыз ету, танымдық негіздерді кәсіби дағдыға айналдырудың психологиялық механизмдері мен әдістемелік тәсілдерін анықтау қажет болады. Бұл болашақ мұғалімдердің олардың тану қызметі, маманның ұстаздық еңбегінде орны ерекше.

Мұғалімді кәсіптік даярлаудың осы заманғы жүйесі оқыту процесін мұғалім мен оқушылардың бірлескен қызметі ретінде қарастыруы керек. Мұнда мұғалімнің басты назарды оқушының қызметіне аударуы, оны жетілдірудің жолдары мен тәсілдерін іздестіруі тиіс, оқушылар жұмысқа құлшына кірісіп кетулері үшін олардың жеке мүдделілігін оята білуі керек.

Атап айтқанда, кез келген пәнді оқытқан кезде іргелі теориялар мен заңдардың негізгі қағидалары мен мән-мағанасын түсіндіре білу керек. Сондықтанда, сабақ беру барысында алға қойылған мақсат түсінікті болып қана қоймай, оны оқушылар жан-дүниесімен де қабылдай алатындай болғаны жөн.

Болашақ мұғалімді кәсіптік даярлауда оқыту барысында оқушылардың ой-өрісін дамытуға назар аударған жөн. Мұғалім даярлаған кезде бұл мәселе ғылым пәні методологиясының мәселелерімен байланыстыру керек. Мұның өзі оқушылардың шығармашылық қабілетінің дамуына, ғылыми ұғымдар жүйесінің, заңдылықтар мен ғылыми дүниетанымының қалыптасуына жәрдемдеседі. Сонымен біздің анықтауымызша болашақ ұстаздардың кәсіби маман ретінде қалыптасуына оқушыларды тану кәсіби қасиетін тәрбиелеуде мына мәселелерді назар аударуы керек:

- ойлау мәдениетін игеру, ойлау қызметінің жалпы заңдылықтарын білу, құбылыстар мен үрдістердің жекелеген ерекшеліктерін жазбаша және ауызша сауатты (қисынды) түрде жеткізе білу және өз байқауларының нәтижелерін сараптай білу, сондай-ақ оқушылардың мінез-құлқының жекелеген ерекшеліктерін білу;

- танымның осы заманғы ғылыми әдістерінің мүмкіндіктерін түсіну және оны кәсіптік міндеттерді шеше білу үшін қажетті деңгейде игеру;

- оқу мен оқудан тыс уақыттан түрлі процестер мен құбыластарды байқап, ажырата білу, пән бойынша ғылыми, оқу және оқулық-әдістемелік әдебиеттерді пайдалана білу;

- болашақ мұғалім мамандығының мән – мағанасы мен әлеуметтік маңыздылығын түсіну.

Әдебиеттер

1 Успанов К.С. Теория и практика формирования профессионально значимых качеств у будущих учителей. – Алматы: Ғылым, 1998. – 99 с.

2 Ананьев Б.Г. О проблемах современного человекознания. – Москва: Наука, 1987. – 380 с.

3 Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность. – Москва: Политиздат, 1990. – 304 с.

4 Хмель Н.Д. Теоретические основы профессиональной подготовки учителя. – Алматы: Ғылым, 1998. – 320 с.

5 Мудрик А.В. Общение как фактор воспитания школьников. – Москва: Педагогика, 1988. – 112 с.

6 Рубинштейн С.Л. Проблемы общей психологии. – Москва: Педагогика, 1976. – 416 с.

Жансугурова К.Т.

Научные основы формирования профессионально-значимых качеств будущих учителей

В данной статье раскрываются проблемы подготовки профессионально значимых качеств будущих учителей и акцентируется внимание на продуктивности этой совместной деятельности участников педагогического процесса.

Активное участие школьников в постановке цели и задач совместной деятельности на каждый отрезок педагогического процесса неразрывно связано с осознанием учителем значимости, достоинства и возможностей каждого школьника, от которого зависит эффективность педагогического процесса в целом.

Zhansugurova K.T.

Scientific bases of professional-significant qualities of future teachers

In this article is opened the inter connection of communication and cognition of learners by teacher is considered and productivity of this common activity of participates of pedagogical process is shown. Active participation of students in setting goals and objectives of joint activities for each segment of the pedagogical process is inextricably linked with the realization teacher importance, advantages and capabilities of each student, which affects the efficiency of educational process in general.

НАШИ ЮБИЛЯРЫ

КАРМЫСОВА МАРИ КАМАЛОВНА



Кармысова Мари Камаловна родилась 27 февраля 1939 года в г. Алма-Ате в семье народного артиста Казахстана Камала Кармысова и Ханши Кармысовой, где любовь к прекрасному, к искусству, к французской литературе определили её отношение к Франции, французскому языку и к будущей профессии. Окончив в 1957 году среднюю общеобразовательную школу №10 имени Некрасова, Мари Камаловна поступила в Алматинский педагогический институт иностранных языков (АПИИЯ) на факультет французского языка и начала свою трудовую деятельность в 1962 г. в качестве учителя французского языка в школе-интернате №2

г. Алма-Аты и по совместительству преподавателем кафедры иностранных языков КазПИ им. Абая.

В КазУМОиМЯ им. Абылай хана Кармысова Мари Камаловна работает после успешного окончания ВПК при АПИИЯ с 1966 г. по настоящее время. Ею пройден путь от преподавателя, старшего преподавателя, доцента, заведующего кафедрой методики преподавания французского языка, декана факультета повышения квалификации иностранных языков до проректора по учебно-методической работе и профессора кафедры методики преподавания иностранных языков. На всех занимаемых постах М.К. Кармысова проявила себя как высокообразованный специалист, умелый организатор, профессионал с высокой степенью ответственности за порученное дело, патриот своего университета и своей страны.

Пройдя научную школу у известного ученого Моисея Михайловича Копыленко, в 1989 г. она успешно защитила в Московском Университете Дружбы Народов имени Патриса Лумумбы кандидатскую диссертацию по специальности 10.02.20 – Сравнительно-историческое, сопоставительное и типологическое языкознание. Теория перевода.

За время работы в университете Мари Камаловна проявила себя как высококвалифицированный, добросовестный и высококомпетентный специалист в области теории и практики французского языка, теории межкультурной коммуникации, сопоставительной фразеологии, современного иноязычного образования и др., работая на ВПК, на 3-4 курсах педагогического факультета, в магистратуре и докторантуре. Ее занятия отличаются высоким теоретическим уровнем с учетом новейших достижений методической и филологической наук, методической и иноязычной грамотностью, четкостью

организации и высокой требовательностью к себе, студентам, магистрантам и докторантам.

Мари Камаловна проявляет большую активность в области научно-исследовательской работы: она является руководителем курсовых, дипломных работ студентов и магистерских диссертаций, под ее руководством защищена кандидатская диссертация, ею написано множество научных статей, она выступает с научными докладами на международных, республиканских и вузовских научных конференциях, осуществляет редактирование и рецензирование дипломных и других видов научных работ. Ею написана монография «Разговорные формулы русского и французского языков» (2007 г.).

Общий объем научных и учебно-методических публикаций М.К. Кармысовой составляет более 100 наименований.

С 1992 г. по 1997 г. М.К. Кармысова, возглавляя УМО по иностранным языкам, руководила организацией и проведением ежегодных региональных научно-методических совещаний - семинаров для преподавателей языковых и неязыковых вузов в Бишкеке, Караганде, Алма-Ате, Семипалатинске и др.

Мари Камаловна проводит огромную научно-методическую работу. Как Председатель Научно-методического Совета КазУМОиМЯ имени Абылай хана она является руководителем и соавтором нормативно-управляющей документации по специальностям УМО по иностранным языкам (ГОСО ряда лет, Типовых учебных программ, множества Положений по организации учебно-методической работы университета и Образовательного Стандарта по иностранным языкам для 12-летней общеобразовательной средней школы по заказу МОН РК).

На протяжении ряда лет Мари Камаловна являлась координатором казахстанской стороны по созданию школьных учебников французского языка по 3-х стороннему соглашению между Министерством Образования и Науки РК, Посольством Франции в РК и КазУМОиМЯ имени Абылай хана. Ею в соавторстве созданы УМК французского языка для 10-11 классов естественно-математического направления по издательству «Мектеп».

В течение многих лет М.К. Кармысова читала лекции по проблемам обучения иностранным языкам для учителей средних школ по линии республиканского, областного и городского институтов усовершенствования учителей.

По поручению МОН РК Мари Камаловна Кармысова не раз принимала участие в комиссиях, а также в аттестации и лицензировании вузов.

За достигнутые успехи и заслуги перед государством М.К. Кармысова была награждена знаком «Победитель соц. соревнования» (1981 г.), знаком «Отличник народного просвещения КазССР» (1991 г.), знаком «Почетный работник образования РК» (2001 г.), медалью «Ветеран труда» (1990 г.), Юбилейной медалью 10-летию Независимости РК (2001 г.), нагрудным знаком «За заслуги в развитии науки РК» (2009 г.), орденом «Академическая пальмовая ветвь» Правительство Франции (2012 г.), Нагрудным знаком 70 летие

КазУМОиМЯ имени Абылай хана (2012 г.), знаком «За заслуги в развитии науки Республики Казахстан» (2013 г.).

Мари Камыловна принимает активное участие в общественной жизни университета, в воспитании молодого поколения, молодых ученых РК. Имеет активную жизненную позицию, пользуется заслуженным авторитетом и любовью в коллективе.

Мари Камаловна вносит большой вклад в распространение французского языка в Республике Казахстан, подготовку специалистов новой формации и во внедрение новой методологии иноязычного образования (Кунанбаева С.С.).

Коллектив кафедры методики иноязычного образования КазУМОиМЯ им. Абылай хана поздравляет профессора М.К. Кармысову с юбилеем и желает ей здоровья, творческих успехов и счастья.

Кузнецова Т.Д., к.псих.н., профессор,
зав. кафедрой методики иноязычного образования

ҚҰРМЕТТІ БАЙЫНҚОЛ ҚАЛИҰЛЫ!



Сізді Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ ұжымы атынан және өз атымнан 75 жылдық мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймын.

Қазақ тіл білімінің көп салалы ғылым ретінде дамуына сіздің қосқан үлесіңіз орасан зор. Сіздің көзқарастарыңыз көптеген ғылыми еңбектерде жарық көріп, әр түрлі ғылыми орталарда орын алған пікірталастар арқылы зиялы қауым ортасына кеңінен тарап, көпшілікке танымал болды. Қазақ терминологиясын көтеруге байланысты айтылған

тың ойларыңыз ғылымда жаңа саланың қалыптасуына негіз болып, сол бағыттағы ғалымдардың жаңа шоғырын, буынын қалыптастырды. Біз сіздің бойыңыздан қарапайым белгілер мен құбылыстардан жүйелі байланысты көріп, заңдылық түрін белгілеу, ерекшелікті қалт жібермей, оның табиғаты мен болмысын тереңінен тану, іздену сияқты ғылыми байқағыштық пен еңбекқорлықты үйрендік.

Осы сезімталдық пен терең ой қазақ тіл білімінде ғылым саласының негізін салып, зерттеу бағыттарын саралауға, жас ғалымдарды ұлттық дүниетаным мен тіл арасындағы байланыстың ішкі болмысын танып білуге үйретті деп білеміз. Игілікті істеріңіз ғылым жолына түскен жас ғалымдарға әрқашанда үлгі-өнеге болмақ.

Бір бойыңызда тұлға ретінде тереңдік пен тәкаппарлық, бір сөзділік пен табандылық, мейірімділік пен сезімталдық, жылылық пен қамқорлық, ғалым ретінде ізденгіштік пен терең ой, ұстаз ретінде шыдамдылық пен сүйіспеншілік жарасымды үйлесім тапқан.

Бүгінде табиғат сыйлаған сабырлылығыңыз бен еңбекқорлығыңыздың арқасында толыққан парасаттылығыңыз Сізді алдыңғы буын аға ғалымдар мен ізіңізді басып келе жатқан жас зерттеушілердің арасын жалғайтын дәнекер тұлғаға айналдырып отыр.

Өзіңіз ардақтап келе жатқан аға-іні, үлгі болып келе жатқан шәкірттеріңіз, әкелік мейіріміңізді төгіп отырған балаларыңыз, немерелеріңіз Сізге сүйіне берсін демекпіз. Сіз елдің, қазақтың – мақтанышысыз, абыройысыз. Алдағы уақытта да жемісті еңбек ете беруіңізге тілектеспіз. Сізге зор денсаулық, шығармашылық табыстар тілейміз.

Лайым құрметіңіз артып, қуанышыңыз көбейіп, мәртебеңіз асқақтай берсін! Торқалы тойыңыз құтты болсын.

**Абылай хан атындағы
Қазақ халықаралық қатынастар
және әлем тілдері университетінің ұжымы**

Требования к статьям, представляемым в «Хабаршысы-Известия КазУМОиМЯ им. Абылай хана»

Представленные для опубликования материалы должны соответствовать следующим требованиям:

1. Содержать результаты научных исследований по актуальным проблемам в области лингвистических, филологических и педагогических наук, переводческому делу, межкультурной коммуникации, востоковедения, международных отношений, международного права и экономических отношений, регионоведения, менеджмента и международных коммуникаций, маркетинга, туризма.

2. Доминантная идея публикаций: следование принципам научности, инновационности, целостности и системности.

3. Статья предоставляется в бумажной и электронной форме.

Шрифт Times New Roman, кегль - 14, интервал - 1,5, поля: верхнее, нижнее, левое, правое - 2 см.

Абзац (отступ) – 1 см.

4. Принимаются статьи от 5 до 16 страниц (1 п.л.), включая таблицы, рисунки.

Структура статьи:

1. В левом верхнем углу – шифр УДК

2. Автор

(по центру, фамилия полностью, имя, отчество – инициалы, с указанием должности, ученой степени, места работы / жирным шрифтом)

3. Название – по центру (жирным шрифтом).

4. Аннотация на языке статьи (без написания самого слова «аннотация», 70-80 слов, 10-12 строк), на каз., рус. яз. и англ.яз. (без ключевых слов) – в конце статьи.

5. Ключевые слова (8-10 слов).

6. Текст статьи

7. Ссылки на использованную литературу (**список литературы, references**). **Обратите внимание: после слов (список литературы, references) двоеточие не ставится.** Ссылки на использованную литературу даются цифрами в прямых скобках по мере упоминания [1, с.15]. Постраничные сноски не допускаются.

8. Список литературы (не менее 5 наименований), в котором указывается литература за последние 5-7 лет (**обратите внимание: после цифры точка не ставится**):

1 Кунанбаева С.С. Реализация культурного проекта «Триединство языков в

«Хабаршысы». 2012. № 1. С. 3-5.

2 Усубалиева С.Ж. Экологический менеджмент: уч.пособие. – Алматы: Экономика, 2011. – 128 с.

3 Urbain C., Bissot H. Cuisines en partage. Le plov dans tous ses états. Constitution d'une diaspora autour d'un plat d'Asie centrale // *Diasporas.* – 005. – N 7: [электронный ресурс] – Режим доступа – URL: http://w3.framespa.univ-tlse2.fr/revue/articles_fiche.phpid=335 (дата обращения 31.07.2012).

Таблицы, схемы, графики и т.д. создаются средствами Microsoft Word, нумеруются, имеют название, которое печатается без отступа строки.

Например,

Таблица 1 - Систематизация текстов о хронологии

Таблица вставляется в текст сразу после ссылки на нее.

Графики и диаграммы создаются средствами Microsoft Excel, снабжаются заголовками, соответствующими подрисуночными подписями, расположенное по центру, и вставляются в текст сразу после ссылки на них.

Например,

Рис.1 - Портрет Бальзака

Фотографии (изображения), иллюстрации представляются в формате JPEG (jpg), разрешение не менее 300 пикселей, и предоставляются отдельными файлами. К каждому изображению обязателен заголовок (сопроводительный текст, аннотация).

Формат 60x84/16, средний объем - 12 п.л. = около 200 стр. формат А4.

Уважаемые коллеги! Вы можете присылать статьи на электронную почту pedagoginyaz@mail.ru кафедры педагогики и психологии. Обязательно сделать пометку «Известия КазУМОиМЯ».

Публикации для авторов – 3000 тенге.

Пример

УДК 39; 572.9

Н.Б. Ем, д.и.н.,

Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана, Алматы (E-mail: Natalya.Yem@ablairhan.kz)

Основные тенденции трансграничного брачного рынка в Южной Корее в 2000-е годы: факторы спроса и предложения для женщин Центральной Азии (на основе статистических данных)

В статье отмечено, что в исторически моноэтнической среде южнокорейского общества численность межнациональных браков растет ежегодно. Показано, что этническая структура женихов и невест значительно расширились; заметное место в ней занимают женщины из постсоветских стран Центральной Азии. Автором сделана попытка раскрыть основные тенденции межэтнической брачности, показать уровень эндогамности внутриэтнических брачных предпочтений, определить факторы спроса и предложения на брачном рынке страны и место в нем женщин Центральной Азии на примере Узбекистана и Казахстана.

Ключевые слова: межэтнический брак, мультикультурная семья, политика Дамунхва, Южная Корея, Узбекистан, Казахстан

Текст статьи

Список литературы

Н.Б. Ем

2000 жылғы Оңтүстік Кореядағы трансшегаралық некелесудегі негізгі ағымдар: Орталық Азия әйелдері үшін сұраныс пен ұсыныс факторлары (санақ деректерінің негізінде)

Оңтүстік Корея қоғамының тарихи моноэтникалық ортасында ұлтаралық некелесудің саны күннен күнге өсіп келеді, күйеу бала мен қалыңдықтардың этникалық құрылымы неғұрлым кеңейген. Олардың арасында бұрынғы Кеңес үкіметінен, яғни, Орталық Азия әйелдері көрнекті орында шоғырланған. Мақалада этносаралық некелесудің негізгі ағымдарын ашып көрсетуге, яғни этникалық эндогамдық некелесудің деңгейін, ел ішіндегі некелесудегі сұраныс пен ұсыныс факторларын және ондағы Орталық Азия, мысалы өзбекстандық пен қазақстандық, әйелдердің орнын анықтауға әрекеттер жасалған.

N.B. Yem

Trends of inter-ethnic marriage market in South Korea in the 2000 's: supply and demand factors for women in Central Asia (statistics)

In mono-ethnic environment, South Korean society inter-ethnic marriages are growing in the last decade. The ethnic diversity of the brides and grooms is extended. Among them are popping up, women from Central Asia, the former Soviet Union. This article reveals the main trends of inter etc.

Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӘТУ
ХАБАРШЫСЫ
«ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМДАРЫ» СЕРИЯСЫ

1 (32) 2014

СЕРИЯ «ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ НАУКИ»
ИЗВЕСТИЯ
КазУМОиМЯ имени Абылай хана

*Начальник ИПЦ Есенгалиева Б.А.
Дизайн и верстка Кынырбеков Б.С.*

Казахский университет международных отношений
и мировых языков имени Абылай хана

Подписано в печать 12.02.2014 г.
Формат 70X90 1/16 Бумага офсетная.
Печать RISO. Объем 8,4 п.л. Усл.-п.л. 10,2.
Заказ № 499. Тираж 500 экз.
Издательско-полиграфический центр
КазУМОиМЯ имени Абылай хана
г. Алматы, ул. Муратбаева, 200